

Е Қ Ы Ұ

Еуропадағы қауіпсіздік және
ынтымақтастық жөніндегі ұйымы
Астанадағы бағдарламалар офисі



ҚР ІІМ

ДАҒДАРЫС
Политэкс
ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасында тұрмыстық
зорлық-зомбылықтың алдын алу және
профилактикасы саласындағы заңнамаға
және жергілікті полиция қызметінің
құқық қолдану практикасына қоғамдық
мониторинг туралы

ЕСЕП

Астана, 2017

ӘОЖ 351/354
КБЖ 67.401.213
К 58

Корнейчук С.В., Гладырь Н.С.

К 58 «Қазақстан Республикасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және профилактикасы саласындағы заңнамаға және жергілікті полиция қызметінің құқық қолдану практикасына қоғамдық мониторинг туралы». С.В. Корнейчук, Н.С. Гладырь – Астана, 2017. – 72 бет.

Осы мониторингтің негізгі мақсаты заңнамадағы қайшылықтарды, ескірген, сыбайлас жемқорлық сипаты бар және тиімсіз іске асырылатын құқық нормаларын анықтау арқылы заңнаманы бағалау және болжау бойынша қызмет, сондай-ақ заңнаманы және жергілікті полиция қызметі бөлімшелерінің оны іске асыру тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдау болып табылады.

Бұл басылым «Қазақстан Республикасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның профилактикасы саласындағы заңнамаға және жергілікті полиция қызметінің құқық қолдану практикасына қоғамдық мониторинг жасау туралы» жобаның шеңберінде ЕҚЫҰ Астанадағы Бағдарламалар офисінің қаржылай қолдауымен жарияланды.

Авторлардың пікірлері ЕҚЫҰ Астанадағы Бағдарламалар офисінің көзқарасын білдіруі міндетті емес.

ISBN 978-601-06-4693-3

ӘОЖ 351/354
КБЖ 67.401.213

© Корнейчук С.В., Гладырь Н.С.
© Кризисный центр «Подруги» 2017.

Мазмұны

Кіріспе	4
1-тарау. ІІО ЖПК бөлімшелерінің тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасын жүргізу жүйесінің жай-күйі	6
1.1 Жергілікті полиция қызметінің тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мен оның алдын алу процесіндегі құқықтық негіздері	6
1.2 Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы және оның алдын алу процесінің ретроспективті талдауы мен ағымдағы жағдайы	9
1.3 ІІО жергілікті полиция қызметінің отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы бойынша құзыреттерін талдаудың нәтижелері	18
1.4 ІІО жергілікті полиция қызметі қызметкерлері қолданатын тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шараларын зерттеудің нәтижелері	27
2-бөлім. ҚР Ішкі істер органдары жергілікті полиция қызметінің тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын-алу саласындағы зерттеу жұмыстары	40
2.1 Қазақстан Республикасы ІІО жергілікті полиция қызметкерлерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері	40
2.2 Қазақстан Республикасы өңірлеріндегі жергілікті полиция қызметкерлерімен сұхбат қорытындылары	46
3-тарау. Мониторинг ұсынымдары	57
Пайдаланылған дереккөздер тізімі:	61
Қосымшалар	64

Кіріспе

Қоғамдық мониторинг жергілікті полиция қызметі қызметкерлерінің тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрестегі теориялық және кейбір практикалық проблемаларын зерттеуге арналған. Зерттеліп отырған қоғамдық қатынастар саласында мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың туындауы, дамуы және функцияларының жалпы заңдылықтарын назарға ала отырып, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және оның профилактикасы институтын одан әрі дамытудың тұжырымдамалық және нормативтік параметрлері ұсынылды. Есеп авторлары тұрмыстық деликтіліктің мәнімен, ерекшеліктерімен, нысанымен және құрылыммен байланысты мәселелерді шешудің өзіндік көзқарастарын ұсынған. Қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және оны қолдану практикасын жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар негізделіп, енгізілді.

Бұл мониторингтың өзектілігі бірқатар факторлармен байланысты.

«Мені отбасында әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету жайттарының көбеюі алаңдатады. Әйелді құрметтемеу деген болмау керек. Бірден айтайын, ондай зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс». [1]. Осы сөздерімен «Қазақстан-2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және профилактикасына бағытталған саяси басымдықты айқындады.

2015 жылғы мамырда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бес институционалдық реформаны іске асыруға арналған 100 нақты қадамды айқындады, негізгі құзыреті қоғамдық тәртіпті сақтау және тұрмыстық қылмысқа қарсы іс-қимыл жасау болып айқындалған жергілікті полиция қызметін құру онда 30-шы қадам болып көзделген [2].

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқықтық қатынастарды зерттеу қажеттігі мамандандырылған «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан кейін оған 7 өзгерістер мен толықтырулар енгізілгендіктен туындады. Бірақ 2015 жылғы 1 қаңтарда жаңа топтастырылған заңнаманың қабылдануына байланысты туындаған көптеген проблемалар әлі де шешілмеген қалпында қалып отыр. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің бұл бағыттағы қызметі адамдардың өміріне төнген қауіптің алдын алу немесе жоюмен және олардың материалдық игілігін сақтаумен тығыз байланысты. Қылмыстық және әкімшілік заңнама осы саладағы құқықтық тәртіпті қалпына келтіруге бағытталған құқықтық нормаларды қамтиды.

Экономикадағы қиындықтар, инфляцияның өсуі, жұмыссыздық, имандылық және жалпы адами құндылықтардың құлдырауы соңғы жылдары қылмыстың, соның ішінде тұрмыс саласындағы қылмыстың айтарлықтай өсуіне алып келді.

Аз ғана көлемдегі жалақымен және әлсіз әлеуметтік көмекпен ұштасқан жұмыссыздықтың жоғары деңгейі негізінен қаржылық капиталдың болмауынан, экономикалық проблемалардан және оларды шешудегі әлсіз стратегиялардан туындаған.

Осы мониторингтің мақсаты заңнамадағы қайшылықтарды, ескірген, сыбайлас жемқорлық сипаты бар және тиімсіз іске асырылатын құқық нормаларын анықтау арқылы заңнаманы бағалау және болжау бойынша қызмет, сондай-ақ заңнаманы және жергілікті полиция қызметі бөлімшелерінің оны іске асыру тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдау болып табылады.

Мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер іске асырылды:

– Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық түрлері, сондай-ақ олар үшін кодификацияланған (жүйеленген) заңнама бойынша заңдық жауапкершіліктің бар не жоқ екендігі қарастырылды;

– отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы заманауи ұғымдар мен жергілікті полиция қызметінің заңдық құзыретіне жататын құқық бұзушылықтардың құқықтық сипаттамасы тұжырымдалды;

– тұрмыстық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершіліктің мәні мен мазмұнына қатысты теориялық ұстанымдардың қазіргі заманғы жай-күйіне талдау жасалды;

– заңдық жауапкершілік жүйесіндегі тұрмыстық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершіліктің орны айқындалып, отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтар саласындағы заңдық жауапкершіліктің әкімшілік және өзге түрлерінің ара жігін ажыратудың критерийлері тұжырымдалды;

– тұрмыстық саладағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың қазіргі заманғы жай-күйіне объективті баға беріліп, оны дамытудың негізгі тенденциялары мен бағыттары анықталды, тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту тәртібін жетілдіру бойынша ғылыми қорытындылар, заңнамалық ұсыныстар мен практикалық ұсынымдар дәйектелді;

– жергілікті полиция қызметі қызметкерлерінің тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының басқа субъектілерімен, үкіметтік емес ұйымдармен және қоғамдық құрылымдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, әкімшілік-құқықтық амалдармен осы саладағы алдын алу және профилактикалық жұмыс жасау тетігіне талдау жасалды;

– тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемаларына немқұрайлы қарамайтын барлық елдердің құқықтық ғылымы мен қолданыстағы ұлттық заңнамасының жетістіктері негізінде жергілікті полиция қызметінің зерттелетін саладағы өзге де профилактика субъектілерімен ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасауының мәні, мақсаты, тетігі мен ерекшеліктері ашылды;

– жергілікті полиция қызметі бөлімшелерінің нормативтік базасы мен профилактикалық әсер ету шараларын қолдану практикасы талданды, оларды жетілдірудің негізгі бағыттары айқындалды;

– тұрмыс саласындағы құқық бұзушыларға алдын алу шараларын қолдану арқылы әкімшілік және қылмыстық-процестік мәжбүрлеудің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар тұжырымдалды;

– тұрмыс саласындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы бойынша жергілікті полиция қызметінің, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтық қоғамның жұмысын әкімшілік-құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша өзіндік ұсыныстар ұсынылып, негізделді және бар ұсыныстарға, жобалар мен ұсынымдарға баға берілді;

– тұрмыстық құқық бұзушылықтар үшін санкциялар зерттелді және шаралар қолдану бойынша заңдық өкілеттіктер берілген жергілікті полиция қызметі қызметкерлерінің оларды қолдануының заманауи тиімді тетігі негізделді;

– жергілікті полиция қызметінің ішкі істер бөлімшелерінде орташа есеппен 8 жыл жұмыс өтілі бар (олардың ішінде 5 жыл лауазымы болған) 3652 қызметкерін анкеталау, 403 қызметкерінен сұхбат алу жүзеге асырылды;

– мониторингтің аралық және қорытынды нәтижелерін талқылау бойынша іс-шаралар (семинар-тренингтер, дөңгелек үстелдер және т.б.) ұйымдастырылып, өткізілді;

– Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық және ведомстволық нормативтік актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның профилактикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар, қорытынды есеп дайындалды.

Мониторинг объектісі мыналар болды:

- 1) конвенциялық құжаттар, кодификацияланған және жинақталған заңнама, Қазақстан Республикасының заңдары;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары;
- 4) профилактика субъектілерінің нормативтік құқықтық актілері;
- 5) мәслихаттар мен әкімдіктердің нормативтік құқықтық шешімдері;
- 6) профилактика субъектілерінің есептері;
- 7) жергілікті полиция қызметінің тұрмыстық деликтілікпен күресудің жеткілікті практикалық тәжірибесі бар қызметкерлерін анкеталау мен сұхбаттары нәтижелерінің жинақталуы;

Мемлекеттік құпиялар және өзге де заңмен қорғалатын құпиялар қамтылған нормативтік құқықтық актілер мен ақпарат, сондай-ақ «Қызметтік пайдалану үшін», «Баспасөзде жарияланбайтын», «Басылым үшін емес» деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілер құқықтық мониторингтің объектісі болып табылмайды.

Мына кезеңдерді іске асыра отырып, Қазақстан Республикасы барлық өңірлері қоғамдық мониторингпен қамтылды:

- 1) құқықтық мониторинг объектісіне қатысты ақпаратты жинау (анкеталау және сұхбат алу), жинақтау және талдау жасау;
- 2) жергілікті полиция қызметінің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оның профилактикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге ревизия жасауы;
- 3) жергілікті полиция қызметінің қоғамдық қатынастардың зерттелетін саладағы жұмысының талдамалық нәтижелерін жинақтау;
- 4) нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстар әзірлеу;
- 5) қоғамдық мониторинг нәтижелерін ресімдеу.

Мониторинг жүргізілген кезде мыналар пайдаланылды:

- 1) отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы саясатты айқындайтын бағдарламалық құжаттардағы ақпарат;
- 2) профилактика субъектілері дайындаған нормативтік құқықтық актілерді қолдану практикасына шолулар;
- 3) нормативтік құқықтық актілерді талдаудың нәтижелері;
- 4) азаматтардың және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдарға өтініштеріне талдаулар мен жинақтаулар нәтижесі, сондай-ақ тұрмыс саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қолдану практикасына қатысты прокурорлық қадағалау, сот шешімдері;
- 5) қолданыстағы заңнама проблемалары бойынша өткізілетін ғылыми-практикалық конференциялардың, семинарлардың, кеңестердің материалдары, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар берген материалдар;
- 6) қоғамдық кеңестер, сондай-ақ қоғамдық кеңестердің тапсырмасы бойынша коммерциялық емес ұйымдар және азаматтар өткізетін заңнама нормаларын қолдану жөніндегі қоғамдық мониторингтің қорытындылары (ұсынымдар);
- 7) бұрын өткізілген мониторингтердің нәтижелері [3, 124-6; 4, 154-6];
- 8) бұқаралық ақпарат құралдарындағы және телекоммуникациялардың жалпыға қолжетімді желілеріндегі интернет-ресурстардағы, соның ішінде ғылыми жарияланымдардағы ақпарат;
- 9) құқық қолдану практикасы бойынша статистикалық деректер;
- 10) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстары мен ескертпелері.

Зерттеу барысында осы мониторингті өткізуге Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік қызмет комитетінің мүдделі қызметтері, өңірлік жергілікті полиция қызметтерінің басшылары және жергілікті атқарушы органдар көп көмек көрсеткенін атап өткен жөн.

1-тарау. ІО ЖПҚ бөлімшелерінің тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасын жүргізу жүйесінің жай-күйі

1.1 Жергілікті полиция қызметінің тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мен оның алдын алу процесіндегі құқықтық негіздері

Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқық бұзушылық профилактикасының құқықтық негіздері Қазақстан Республикасы Президентінің бағдарламалық құжаттарда айқындайтын мемлекеттің саясатымен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында «қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде 2020 жылға қарай отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында әйелдерге қатысты жасалған қылмыстардың үлес салмағы 9,7%-ға дейін және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың үлес салмағы 2,2 %-ға дейін азаяды» деп болжанады» [5].

2016 жылғы 1 қаңтарда «5 институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды. Мемлекетті, экономиканы және қоғамды дамыту үшін негізінен жаңа құқықтық орта құратын 59 заң күшіне енді. Жергілікті полиция қызметінің өкілеттілігінде қоғамдық тәртіпті қорғау мәселелері, тұрмыстық қылмысқа қарсы тұру, ... және ұсақ құқық бұзушылыққа атымен төзбеушілік анықталған [5].

Қазіргі кезеңде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу процесі ел үшін саяси басымдық мәртебесіне ие болып отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты өзінің Жолдауында «Әйелді құрметтемеу деген болмау керек. Бірден айтайын, ондай зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс» деген болатын [1]. Алайда, бұл тұрмыстық озбырларды жаппай түрмеге жабу дегенді білдірмейді. Мемлекеттің құқықтық саясатында тұрмыстық саладағы заңнаманы жетілдіруге ықпалын тигізетін негізгі екі бағыт бар:

- 1) азаматтарды қылмыстық әділет саласына тарту процесін азайту;
- 2) ел түрмелеріндегі халық санын қысқарту.

Сондықтан, ҚР Президентінің «... жолы қатаң түрде кесілуі тиіс» деген сөздерін тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың барлық субъектілеріне қатысты профилактикалық ықпалды күшейту деп түсінген жөн. Тұрмыстық озбырларды еркінен айыру үшін мәжбүрлеудің альтернативті шараларын басым қолдану мәселелері өзекті күйінде қалып отыр. Бұл тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының басым принципі болып табылады, ол «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 3-бабының 7-тармағында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы тұрмыстық

зорлық-зомбылық профилактикасының алдын алу шараларының жазалау шараларынан басымдығы принциптеріне негізделеді» деп тура ескертілген [6].

Ол шараларға мыналар жатады:

- 1) қорғау нұсқамасы;
- 2) құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу;
- 3) жақындауға тыйым салу.

Жоғарыда тізімделген шаралар жанжалдасқан тараптардың байланысын жоюға бағытталған. Біз осы есептің кейбір тарауларында аталған шараларға бірсыпыра талдау жасадық.

2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыруды аяқтау кезінде ел Президенті «ҚР 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын» әзірлеп, қол қойған [7].

Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан - 2050» стратегиясы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама, Біріккен Ұлттар Ұйымының әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция, ТДМ және басқа да ратификацияланған халықаралық шарттар мен келісімдер негізінде әзірленді [8]. Жоспарда:

- 1) ТДМ-ға және БҰҰ-ның әйелдерге қатысты кемсітуді жою жөніндегі Комитетінің қорытынды ескертпелеріне, сондай-ақ ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) елдерінің стандарттарына сәйкес келтіру үшін «Қазақстан Республикасының отбасылық-гендерлік саясат мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы жобасының Тұжырымдамасын әзірлеуге – 2017 жылғы қараша;
- 2) әкелердің баланы тәрбиелеуге қатысуына құқық теңдігін сақтау деңгейін бағалау үшін некені бұзу процесі бойынша сот шешімдеріне мониторинг жүргізуге – 2017 жылғы желтоқсан;
- 3) зорлық-зомбылықтың барлық нысанын ақпараттық-статистикалық есепке алу жүйесін жетілдіруге – 2017 жылғы желтоқсан;
- 4) осы Жоспарды іске асыру туралы Үкіметтің шоғырландырылған есептемесінің жобасын енгізуге – әр жылғы 15 ақпан қаралған.

Сонымен қатар, 2015 жылғы қыркүйекте Қазақстан БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (бұдан әрі - ТДМ) қосылды, оның 17 мақсатының 12-сі гендерлік сезімталдық болып табылады. Бұл мақсаттар ұлттық бейімделуді және мемлекеттің

барлық стратегиялық бағыттары мен міндеттері шеңберінде тіркелуді талап етеді.

Іске асыру кезеңдері:

Бірінші кезең (2017-2019 жылдар)

Екінші кезең (2020-2022 жылдар)

Үшінші кезең (2023-2030 жылдар)

Бірінші кезеңде (2017-2019 жылдар) Гендерлік және отбасылық саясаттың 2017-2019 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі Жоспарда қарастырылатын отбасылық және гендерлік саясаттағы қол жеткізілген нәтижелерді одан әрі дамыту шараларын іске асыруды қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Екінші кезеңде (2020-2022 жылдар) Қазақстанның отбасылық және гендерлік саясатындағы ұзақмерзімді міндеттер мен іс-шараларды іске асыруды бастау жоспарланып отыр.

Үшінші кезеңде (2023-2030 жылдар) тұрақты даму мақсаттарына жетуге бағытталған, яғни, өз кезегінде, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруіне ықпал ететін, Қазақстанның отбасылық және гендерлік саясатындағы ұзақ мерзімді міндеттер мен іс-шаралар іске асырылатын болады.

Тұжырымдаманың мазмұны:

1. Ағымдағы жағдайға талдау жасау. Өзекті мәселелер мен негізгі жетістіктер
2. ҚР отбасылық және гендерлік саясатты 2030 жылға дейін дамыту көрінісі
3. Тұжырымдаманың мақсаты, міндеттері, іске асыру кезеңі мен нысаналы индикаторлары
4. Қазақстанның отбасылық және гендерлік саясатын іске асыру стратегиясы
5. Сол арқылы Тұжырымдаманы іске асыруды болжайтын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қазіргі кезде тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілері, оның ішінде жергілікті полиция қызметі бөлімшелері қызметтерінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын негізгі заңнамалық акт болып табылады.

Бірақ, осы заң күшіне енген 2009 жылғы 23 желтоқсаннан бастап тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу аясындағы келеңсіз көріністермен күресудің құқықтық негіздерін қалыптастыруды санау басталды деп жорамалдауға болмайды. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР-ның мамандандырылған Заңы қабылданбай тұрғанда да 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы ҚР Кодексінде 2007 жылдан бастап «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар» ҚР ӘҚБтК-нің 9-1-тарауында қарастырылған [9].

Егер отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы қоғамдық қатынастарды сақтау мен қорғауға қатысы

бар ҚР ӘҚБтК нормаларын салыстырсақ, онда бүгінгі таңда тек қана екі маңызды айырмашылықты көруге болады:

- 1) отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы қоғамдық қатынастар түріндегі құқық бұзушылық объектісін көздейтін мамандандырылған 9-1-тарау жоқ;
- 2) балаларын, жұбайын (зайыбын), еңбекке қабілетсіз отбасы мүшелерін күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамауға байланысты экономикалық тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткені үшін енді 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған ҚР ӘҚБтК-нің 79-б-бабының орнына ҚР ҚК-нің 139-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап 2017 жылғы шілдені қоса алғанда денсаулыққа ұрып-соғу мен қасақана жеңіл зиян келтірген тұрмыстық озбырлар қылмыстық теріс қылығы үшін жеке айыпталу тәртібімен қылмыстық жауапкершілікке тартылған [10].

2017 жылғы 3 шілдеден бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының №84 заңымен енді денсаулыққа ұрып-соғу мен қасақана жеңіл зиян келтіргені үшін тұрмыстық озбырлар ӘҚБтК-нің 73-1 және 73-2-баптары бойынша жауапқа тартылады [11].

Жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері өз жұмыстарында Қазақстан Республикасының Конституциясына, жалпы танылған халықаралық құқық қағидастары мен нормаларына негізделген жоғарыда аталған құқықтық актілерді басшылыққа алады. Жергілікті полиция қызметінің лауазымды адамдары өздерінің юрисдикциялық өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде ҚР Конституциясының 4-бабына сәйкес халықаралық шарттар мен Қазақстан Республикасының басқа да міндеттемелері оның қолданыстағы құқығының құрамдас бөлігі екенін ескеруге тиісті [12].

Істерді қарау барысында жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері, егер халықаралық шарттарда басқа қағидалар белгіленбесе, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын қолдануға құқығы жоқ, Қазақстан Республикасы үшін міндеттілікке келісім беру туралы шешім ратификациялау немесе қосылу жолымен қабылданған. Мұндай жағдайларда халықаралық шарттардың қағидалары қолданылады.

Халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының Конституциядағы ел егемендігі туралы ережелерді бұзатын, Конституцияда белгіленген мемлекеттің біртұтастығын және аумақтық тұтастығын, Республиканы басқару нысанын өзгертуге болмайтын, сондай-ақ адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін («Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының нормаларын халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдерін

орындау тәртібіне қатысты қолданыста ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2009 жылғы 5 қарашадағы №6 Нормативтік қаулысының 4-тармағы) шешімдері Қазақстан үшін міндетті деп танылмайды [13].

ЖПҚ қызметкерлерінің тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы және оның алдын алу жөніндегі қызметтерінің құқықтық негізіне сонымен қатар «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» ҚР 2014 жылғы 23 сәуірдегі №199 Заңы да жатады. 9-1-баптың 4-тармағына сәйкес жергілікті полиция қызметінің жұмысы төмендегідей негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) құқық бұзушылық профилактикасы;
- 2) қоғамдық тәртіпті күзету;
- 3) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 4) қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу;
- 5) әкімшілік құқық бұзушылықтар және қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру туралы істер өндірісі [14].

Өзіміз көріп отырғандай, ЖПҚ жұмыстарының 5 негізгі бағыттарының 4-еуі тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы процесіне қатыты.

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР 2010 жылғы 29 сәуірдегі Заңынның 7-бабында профилактикалық шараларды жүзеге асыру жөнінде ІІО-ның құзыреті айқындалған. Алайда, 23-бабының 6-тармағында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға қатысты құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары ҚР тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады» делінген [15].

Ұқсас ережелер «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңында, яғни құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ІІО-ның құзыреті 10-бапта жазылған. 19-1-баптың 5-тармағында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары ҚР тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады» деп қарастырылған [16].

Жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері өз жұмыстарында сонымен қатар өмірлік қиын жағдайдағы адамдарға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну аясында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №114 Заңының негізгі ережелерін ескеруі тиіс. 6-баптың 2-тармағында «Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін ҚР Ішкі істер министрлігі халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және білім беру саласындағы уәкілетті органдармен бірлесе отырып

айқындайды» деп қарастырылған. Заңда әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың нысандарына жасалған әрекет бойынша қылмыстық іс жүргізуді қозғау фактісінің болуынан тәуелсіз тұрмыстық зорлық-зомбылықпен байланысты іс-әрекеттер жатады [17].

Жоғарыда аталған Заңның 6-бабының 2-тармағын орындау үшін Ішкі істер министрлігі Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, Білім және ғылым министрліктерімен бірлесіп, «Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы» № 630/399/240 бірлескен бұйрық әзірлеген және бекіткен, ол Әділет министрлігінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда №10013 тіркелген. Бұл бұйрық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының арнаулы әлеуметтік қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [18].

Жоғарыда аталған қызметтерді көрсету механизмі «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №1079 бұйрығымен бекітілген. Осы Стандартқа сәйкес жергілікті полиция қызметіне төмендегідей өкілеттіктер берілген:

– көрсетілетін қызметтерді алушыларды әлеуметтік оңалту, азаматтық, мүлкілік және өзге де құқықтарын қалпына келтіру мәселелерін шешу үшін жергілікті атқарушы органдармен, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, әділет органдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау; (9-т.)

– уақытша болу және тұру ұйымдарына көрсетілетін қызметтерді алушыларға бюджет қаражаты есебінен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын көрсетілетін қызметтерді алушылардың нақты тұратын орындарына жіберу; (25-т.)

– өмірлік қиын жағдайға түсіп қалған тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының жағдайын анықтау үшін жәбірленушіні сәйкестендіруді әлеуметтік қызметкер мен психологтің қатысуымен жүргізу; (29-т.)

– көрсетілетін қызметтерді алушылардың жеке деректерінің құпиялылығын ескерумен тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісі туралы көрсетілетін қызметтерді алушылардың ішкі істер органдарына өтініш беруден бас тартуы жөнінде уақытша болу ұйымынан ақпараттарды үш жұмыс күні ішінде алу [19].

«ІІО-да профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР ІІД 2014 жылғы 15 шілдедегі №432 бұйрығында ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру механизмі қарастырылған. Бұл нұсқаулықта қорғау нұсқамасын шығару және тұрмыстық озбырдың шектеулерді сақтауына бақылау жасау

тәртібі, сонымен қатар тұрмыстық бұзақыларды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру бойынша қызметтік іс жүргізу тәртібі көзделген. Бірақ, бұл ведомстволық құжатта «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 17-бабының 6-тармағындағы құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу және оның осы талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы 2-бөлігін іске асыру жөнінде ешқандай нұсқау жоқ [20].

Бұған қоса, осы Нұсқаулықтың кемшілігі ҚР ҚПК 165-бабына сәйкес соттың жақындауға тыйым салған адамдарды бақылауды жүзеге асыру тәртібі көрсетілмегендігінде болып отыр.

Жергілікті полиция қызметінің жұмысы заңға бағынатын азаматтарды профилактикалық құқық бұзушылық, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық процесіне тартусыз мүмкін емес. «Азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №590 Заңында азаматтардың тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы және оның алдын алу процесіне жеке қатысуын тікелей қарастырмайды [20].

Алайда, қоғамдық тәртіп түсінігі отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында азаматтардың амандығын қамтамасыз ету процесін өзіне қосып алады. Бұл заңды іске асыру механизмі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 19 маусымдағы №463 бұйрығында жазылған, оның атауы мен мазмұны «Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тартудың ережесін, олардың нысандары және түрлерін бекіту туралы» ҚР ІІД 2004 жылғы 27 қарашадағы №641 бұйрығымен өзгертілген.

Қоғамдық, оның ішінде тұрмыстық тәртіпті қамтамасыз ету ЖПҚ қызметкерлеріне полицияның қоғамдық көмекшілерінің төмендегі көмектерді көрсету жолымен жүзеге асырылады:

- 1) дайындалып жатқаны, жасалып жатқаны немесе жасалған құқық бұзушылықтардың өздеріне мәлім болған фактілері туралы, оларға ықпал еткен себептер мен жағдайлар туралы хабарламалар;
- 2) учаскелік полиция инспекторларының және кәметке толмағандар ісі жөніндегі бөлім-

шелердің профилактикалық есебіне алынуы тиіс адамдарды анықтауға, олармен ішкі істер органдарының аталған қызметкерлерінің тікелей қатысуымен жеке жұмыс жүргізу;

- 3) кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қараусыз және қадағалаусыз қалуын ескерту;
- 4) құқықтық білімдерді насихаттау және т.с.с. [22].

Біздің пікірімізше, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы және оның алдын алу процесінде ЖПҚ қызметкерлеріне көмек көрсететін полицияның қоғамдық көмекшілерінің өкілеттігі мен құзыреттілігін нақтырақ айқындау қажет.

«Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру бойынша ҚР ішкі істер органдары бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 30 қаңтардағы №89 бұйрығы да тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға негіз бола алады, себебі бұрын бас бостандығынан айырыуға кесілген, сотталған адамдар отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында құқық бұзушылық жасауға бейім күйінде қалып отыр [23].

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының процесіне сондай-ақ ҚР ІІМ ведомстволық бұйрықтары да тікелей қатысады, олар жергілікті полиция қызметінің, ал нақты полицияның учаскелік инспекторларының, олардың көмекшілерінің және полицияның кәметке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторларының негізгі бөлімшелерінің қызметтерін ұйымдастыру тәртібін реттейді [24, 25].

Жоғарыда аталған қағидаларда профилактикалық есепте тұратын адамдардың санаттары, сонымен бірге жергілікті полиция қызметінің алдында тұрған дәстүрлі, соның ішінде тұрмыстық-зорлық зомбылық міндеттерін орындау бөлігінде полицияның учаскелік инспекторлары қызметінің құқықтық ережелері анықталған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық тек әкімшілік емес, сонымен бірге қылмыстық әділеттің қарауына да жатады. Тіркеу тәртібі және тұрмыстық құқық бұзушылыққа жауап қайтару тек қана кодификацияланған заңнамада ғана емес, ІІО қызметкерлерінің ӘҚБтК-ні өтініштерді қабылдауда, тіркеуде және қылмыстық құқық бұзушылықтарды хабарлауда да қолдану тәртібі туралы ҚР ІІД ведомстволық бұйрықтарында айқындалған [26, 27].

1.2 Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы және оның алдын алу процесінің ретроспективті талдауы мен ағымдағы жағдайы

Отбасылық қатынастардағы теңдіктің қалыптасу тарихының қоғамда демократияның қалыптасу тарихын көрсететін ғасырлар бойғы дәстүрі бар. Теңдік жыныстық белгілері бойынша жуықта ғана (жүз жылдан сәл астам) азаматтар теңдігі принципін тегіс қамти алатын каталогке енген және қоғам дамуының, идеология мен оны іске асыру тәжірибесі қалыптасуының жалпы процесінен шығарылуы мүмкін емес.

Ғалымдардың пікірінше, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық барлық уақытта да, барлық өркениетте де және қоғамдық-экономикалық формацияларда да болған. Қоғам салт-дәстүрлер мен қағидаларға сүйене отырып, ерлер қоғамға қызмет етеді, ал әйелдердің рөлі отбасы шеңберінде шектеулі болады деп ерлер мен әйелдерді теңсіз екі топқа бөледі. Сондықтан, барлық мәдениетте әйелдер ерлеріне тәуелді болып, олардан кейін

екінші орында тұрған және ерлердің өз әйелдері мен балаларына бақылау жасауы XX ғасырға дейін сақталып келген.

XX ғасырда әйелдердің орны түбегейлі өзгерді. Әлемнің көптеген елінде ерлер мен әйелдер арасындағы тең құқықтылыққа қол жеткізілді, әйелдер білім алу мен кәсіпті игеруге ақырындап қол жеткізе бастады.

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің басым бағыттарының бірі - неке мен отбасын, ана мен әкені және баланы қорғау. Осы аталған принципті ережелер 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясында жазылған. ҚР Конституциясының 27-бабында «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» деп айтылған [12].

Сонымен қатар, біздің елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет саласында базалық халықаралық-құқықтық құжаттар ратификацияланды. Бүгінде қолданыстағы заңнамада осы саладағы әртүрлі құқық бұзушылықтар (адамның қадір-қасиетін қорлау, ұрып-соғу, жәбірлеу, денеге зақым келтіру, сексуалды алымсақтық, алимент төлеу міндеттерін орындамау және т.б.) үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік қаралған.

1990 жылдан бастап Қазақстанда әйелдер қозғалысының қалыптасуы байқалады, яғни сіздердің көзқарастарыңыз бойынша, оны шартты түрде бірнеше кезеңге бөлге болады. **Біріншісі**, немесе дайындық кезеңі, 1991-1995 жылдардағы кезең. Бұл кезең Қазақстанда әйелдер қозғалысының бастапқы институционалды қалыптасуымен, яғни ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық, бизнес пен отбасы және бала мүдделерін қорғау мәселелерін шешуге бағытталған, әйелдердің үкіметтік емес ұйымдарының фрагментті жұмысы сипатталады. Осы кезеңде әйелдерге қатысты мемлекеттік саясат кеңестік жүйедегі принциптер мен механизмдердің автоматты түрде ауысуымен ерекшеленеді, онда әйелдердің қоғамдағы рөлі әлеуметтік мәселелермен шектеледі және отбасына, ана мен балаға қатысты болған. Бұл кезеңде әйелдер қозғалысы саяси белсенділіктен айтарлықтай ерекшеленбеді және депутаттардың Жоғарғы Кеңеске және жергілікті өкілді органдарға сайлауында 1994 жылы тек қана Әйелдер ұйымының кеңесінен 6 кандидатура ұсынылды. Жалпы алғанда, осы сайлауларға 90 әйел (756 кандидаттың ішінен) қатысқан, ол сайлауға қатысушылардың жалпы санынан 12% құрайды.

Екіншісі, 1995-1998 жылдар – Қазақстанда әйелдер қозғалысының нақты дамыған уақыты, яғни үш жылдық кезеңде республикада әйелдердің ҰЕҰ алты есеге дейін артты.

Бұл кезеңнің бастауы, сіздердің көзқарастарыңыз бойынша, 1995 жылғы қыркүйекте әйелдердің орны жөнінде Пекин қаласында IV Дүниежүзілік конференцияның өтуімен байланысты болып отыр. Дәл сол уақыттан бастап Қазақстан әйелдеріне қатысты стратегиялар жасалып, мемлекеттік саясаттың басымдықтары айқындалды [28].

Сол жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Отбасы, әйелдер және

демографиялық саясат кеңесі құрылады, содан кейін ҚР Президентінің жанынан Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия болып қайта ұйымдастырылады [29].

Үшінші кезең – 1998 жылдан бастап қазірге дейін – әйелдерге қатысты мемлекеттік саясатты терең қалыптастыру және іске асыру, әйелдердің саясатқа араласуы үшін ынталандырушы жағдайлар жасау кезеңі, бұл бір жағынан, әйелдердің үкіметтік емес ұйымдарының саяси қызметтерін белсенді дамыту, екінші жағынан, әйелдердің саяси партияларын институционалды қалыптастыру деңгейіне өту.

Мемлекет деңгейінде, ең алдымен, Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат кеңесін белсенді жаңғырту үшін талқыға салынды. 1998 жылғы 22 желтоқсанда ҚР Президентінің Жарлығымен Қазақстанда ол Қазақстанның гендерлік мәселелері бойынша негізгі институционалды механизм – заң мәртебесіне сәйкес ҚР Президентінің жанындағы консультациялық-кеңестік орган болып табылатын, ҚР Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия болып реформаланды [29].

Осылайша, 1998-1999 жылдары Пекин платформасындағы іс-қимылды орындау үшін Комиссия Қазақстан Республикасындағы Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспарын әзірледі, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 шілдедегі №999 қаулысымен бекітілді [30].

Ұлттық жоспар ұсынылған ЮНИФЕМ моделіне сәйкес әзірленді. Сол жылдары Ішкі істер министрлігінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың туындауымен күрес жөнінде арнайы бөлімше құрылды [31]. Мұндай бөлімше Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдерінде жалғыз болды, тек 2014 жылы осыған ұқсас бөлімше Тәжікстан Республикасында жұмыс істей бастады.

2000 жылғы 5 мамырда «Әйелдерге қатысты қылмыстық жазаланатын әрекет жасаған адамдардың жауапкершілігін күшейтуді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданған [32].

Сол жылы ҚР Парламентінің депутаттары «Тең құқықтар мен мүмкіндіктер туралы» заң жобасын әзірлеу жөнінде бастама көтереді, ал 2000 жылғы 5 қыркүйекте ҚР Үкіметі әйелдер кәсіпкерлігінің қажетіне 4,5 млн теңге бөлуді қарастыратын «Әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға арналған шаралар туралы» Қаулы қабылданады [33].

2000 жылы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу туралы» заң жобасының бірінші нұсқасы әзірленеді, ол «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» деген жаңа атаумен 2009 жылғы 9 желтоқсанда қабылданады.

2001 жылы гендерлік теңдік мәселелері Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына енгізіледі, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Үкіметі Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдардың, ұйымдар

мен қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру бойынша 2001 жылғы 12 наурызда №346 қағиданы бекітеді [34].

Аталған нормативтік құқықтық акт күні бүгінге дейін қолданылып келеді, алайда тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің ведомствоаралық өзара іс-қимыл мәселелерін толық қамтымай отыр.

1999 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы жөнінде БҰҰ-да Қазақстанның алғашқы есебін береді [35]. БҰҰ сарапшылары Қазақстанды прогрессивті, оның ішінде әйелдер құқықтарына қатысты өзгерістердің үлгісі деп санауға болатынын атап өтті. «Баланың құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясының шеңберінде 2002 жылы Қазақстан Республикасында «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заң қабылданады [35].

Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру мақсатында 2006 жылы Елбасының Жарлығымен Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия деп қайта ұйымдастырылды [36].

Үкіметтің 2006 жылғы 28 ақпандағы №128 Қаулысымен облыстар, Астана мен Алматы қалалары әкімдерінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі комиссия туралы үлгілік ереже бекітілді. Осы Қаулыны орындау үшін барлық өңірлерде облыстар, Астана мен Алматы қалалары әкімдерінің жанынан отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі комиссиялар құрылады, комиссиялардың босатылған хатшылары тағайындалады [37].

2006 жылғы 29 маусымда «Қазақстан Республикасындағы 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру бойынша 2006-2008 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы қабылданады. 2006 жылғы 16 ақпанда Қазақстан Республикасында «Кейбір заңнамалық актілерге адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданады, ал 2006 жылғы 1 шілдеден бастап баланың және оның бір жасқа дейінгі күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақы енгізіледі [38].

2007 жылы БҰҰ-да (Нью-Йорк қ., АҚШ), Қазақстан оған 1998 жылы қосылған, Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік нысандарын жою туралы конвенцияның (СИДО конвенциясы) ережелерін іске асыру туралы Қазақстан Республикасының екінші кезеңдік баяндамасын қорғау өтеді.

БҰҰ Комитетінен алынған ұсынымдарды іске асыру мақсатында Халықаралық және гуманитарлық құқық пен адам құқықтары бойынша халықаралық шарттар жөніндегі ведомствоаралық комиссия Ұсынымдарды іске асырудың 2007-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеп, 2007 жылғы 7 қарашада №5 хаттамамен бекітті.

2014 жылы Қазақстан Республикасы, Қазақстан оған 1998 жылы қосылған, Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік нысандарын жою туралы конвенцияны (СИДО конвенциясы) іске асыру бойынша бірлескен үшінші және төртінші ұлттық баяндамасын жасады.

2001 жылғы 11 маусымда ҚР Үкіметінің №789 Қаулысымен Кәмелетке толмағандардың істері мен олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгілік ереже бекітілді [39].

2006 жылғы 1 ақпанда ҚР Президентінің Жарлығымен Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия болып қайта құрылды [40].

2008 жылғы 13 желтоқсанда Заңнама жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына гендерлік сараптама жүргізуді басқару бекітілді. 2008 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы №7 Қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасындағы Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасы әзірленді [41].

Гендерлік теңдік стратегиясы біздің елімізде 2006 жылдан бастап 2016 жылды қоса алғандағы кезеңде мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негіз қалаушы құжат, оны іске асыру және мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан мониторингін жүзеге асыру құралы, демократияның қалыптасуындағы маңызды фактор болып келді. Қазақстан Стратегияны іске асыру барысында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

Бәрінен бұрын, бұл әйелдердің әлеуетін мақсатты дамыту, ерлер мен әйелдердің еңбек қызметінде, бизнесте, саясатта, мемлекетті басқаруда тең көрінуі үшін жағдай жасау, әйелдердің сапалы білім алуы мен денсаулығын сақтауда тең қолжетімділікті қалыптастыру, ананы жан-жақты қорғау тұрғысынан көрініс тапты. Бүгінде Қазақстанда Гендерлік және отбасы-демографиялық саясаттың тұтас институционалдық жүйесі қалыптасты, маңызды құқықтық база құрылды.

Стратегия өз жұмысын аяқтағандықтан, оның орнына «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасы» әзірленді. Оны іске асыру үш кезеңге бөлінеді:

Бірінші кезең (2017-2019 жылдар)

Екінші кезең (2020-2022 жылдар)

Үшінші кезең (2023-2030 жылдар) [7].

Тұжырымдаманың мақсаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтық актілерге сәйкес әйелдер мен ерлер үшін тең құқықтар мен тең мүмкіндіктерді толық іске асыруды, олардың қоғамдағы барлық тіршілік саласына тең қатысуын, отбасылық қатынастардың үйлесімділігін, отбасы мен отбасылық өмірдің құндылықтарына қолдау көрсетуді, нығайту мен қорғауды, оның функцияларын отбасының

орындауы үшін қолайлы жағдай жасауды, әлеуметтік әріптестікті, әлеуметтік кепілдікті және жеке жауапкершілікті дамыту мен іске асыру арқылы отбасылардың әлеуметтік амандығын арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Отбасы денсаулығын қорғаудың тиімді жүйесін қалыптастыру, отбасы тәрбиесі, білім беру мен бос уақыт жүйесін жетілдіру, балалы отбасыларға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін дамыту отбасы саясатының ортамерзімді және ұзақмерзімді келешегіндегі басым бағыттар болады.

Отбасы саясатының негізгі басымдықтары:

1. Ерлер мен әйелдердің тең әріптестігіне негізделген отбасы қатынастарын қалыптастыру арқылы отбасы институтын нығайту

Отбасы мен некенің ұнамды бейнесі, отбасы тәрбиесі мәселелері мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып отыр. Отбасы құндылықтары мен дәстүрлерін ілгерілету, мәдени-ағартушылық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы ұрпақ сабақтастығын сақтау жөніндегі жұмыстар күшейтілетін болады. Отбасы институтын нығайту мақсатында отбасы қатынастары аясында ерлер мен әйелдер құқықтарының және мүмкіндіктерінің теңдігін, ана мен баланы қорғауды, ата-ананың баланы тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыруды қамтамасыз ететін ҚР заңнамасы жетілдірілетін болады. Келешегі мен даму бағыттарын айқындаумен Қазақстандағы отбасылардың жағдайына көп жоспарлы зерттеулер жүргізу мақсатында отбасы саясатының мәселелерін зерделеу бойынша институционалдық құрылымды анықтау мәселесі қарастырылады.

2. Отбасына арналған қосалқы көрсетілетін қызметтердің шоғырын кеңейту мен сапасын көтеру

Отбасына арналған қосалқы көрсетілетін қызметтерді кеңейту отбасылардағы кедейлік пен әлеуметтік қолайсыздықты одан әрі төмендетуге бағытталған шаралармен сүйемелденетін болады. Жалғыз ата-ана, көп балалы және аз қамтылған отбасылардың еңбекке қабілетті мүшелерін басымдық тәртібімен жұмыспен қамтуды қолдау және кәсіби дайындау шараларымен қамтылады. Әйелдерді жұмыспен қамтуды арттыру үшін 1 жастан 3 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтуды кеңейту жөніндегі шаралар іске асырылатын болады, ол ата-ананың баланы тәрбиелеу мен еңбек қызметін қатар алып жүруі үшін қолайлы жағдай жасайды.

3. Репродуктивті денсаулықты қорғау үшін жағдай жасау және күтілетін өмір сүру ұзақтығындағы гендерлік алшақтықты жою

Ерлер мен әйелдердің репродуктивті денсаулығын, балалар мен жастардың денсаулығын сақтау, ана мен баланы қорғау мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың қызметіндегі басымдықтар болады.

Ана мен бала өлімін азайту жөніндегі шараларды іске асыру жалғасады. Жастардың өз бетінше

(ата-анасының келісімінсіз) денсаулық сақтау мекемелеріне жүгіну жасын 18-ден 16 жасқа дейін төмендету үшін репродуктивтік және сексуалдық саулықты қорғау жөніндегі қолданыстағы заңнаманы өзгерту мәселесі қарастырылатын болады. Бедеулік мәселелерін шешу мақсатында қазіргі заманғы технологияларды қолданумен бедеулікті емдеудің жаңа әдістері енгізіледі және жетілдіріледі. Ол үшін әлемнің үздік тәжірибелерін есепке ала отырып, бедеулікті диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамалары тұрақты түрде қайта қаралады және мамандарды репродуктивті медицина саласында кәсіби дайындау деңгейін халықаралық талаптарға сәйкес көтеру бойынша шаралар қабылданады.

4. Отбасындағы және балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа жол бермеу

Зорлық-зомбылықпен күрес ҚР мемлекеттік басым міндеттердің бірі ретінде айқындалған. Тұрақты даму мақсаттарының бірі – барлық зорлық-зомбылық нысандарының таралуын едәуір қысқарту, ол мемлекеттік саясаттың осы саладағы сындарлы және айқын шараларын талап етеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы мамандандырылған заңымен дерлік бір уақытта «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы №233 Заңы қабылданды. **Аталған заң әйелдердің тек тұрмыстық қатынас аясындағы ғана емес, сондай-ақ қоғамдық қатынастардың басқа да салаларындағы құқықтарының бұзылуына қарсы әрекет етеді.** Бұл заң, сонымен бірге «гендерлік тәсілдемемен», «гендерлік сезімталдықпен» және «гендерлік бюджеттеумен» байланысты жаңа құқықтық институттарды дамытуға мүмкіндік берді [42].

Осы қоғамдық мониторинг барысында тұжырымдамалық шешімдерді талап ететін бірқатар мәселелер анықталды, олар:

1) Отбасы-тұрмыстық құқық бұзушылықтар саласындағы құқық бұзушылықтардың ерте профилактикасының жетілдірілмеген механизмдері

Құқық бұзушылықтардың ерте профилактикасы дегенде мағынасы бойынша кәмелетке толмағандардың жоғары адамгершілік және әдептілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған тәрбиелеу іс-шараларының ауқымды кешенін жүргізу деп түсінген абзал.

Қоғамдағы адамгершілік қағидаларының, қалыптасқан құндылықтар жүйесінің, рухани және өмір сүру бағдарларының төмендеуі, спиртті ішімдіктер мен темекілерді, «әдемі өмір салтын» ашық жарнамалау, қатыгездікті, күш қолдануды, есірткі мен зорлық-зомбылықты тарату, Ғаламтордағы жағымсыз ақпараттардың кері әсері *қате өмір сүру ұстанымдарын қалыптастыруға алып келеді.*

Есеп авторлары бұл саладағы негізгі рөл отбасына, мектепке, медицина өкілдеріне, ювеналды полиция мен әділетке бөлінетінін айтып отыр,

сонымен қатар жоғарыда аталған мәселелерді шешу жолдарын төмендегідей негіздейді:

– алдын алу мен профилактика ретінде *психотүзету бағдарламалар бойынша курстан өтуді ұсыну*;

– *тұрмыстық құқық бұзушылықтардың жасырындылығын азайту* (нөлдік төзушілік принципін қолданылатын ету);

– *қорғану және әділеттілікке қолжетімділік шаралары туралы халықты ақпараттандыру процесін жүйелендіру* (біржолғы шаралар нәтиже бермейді).

2) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің ведомствоаралық өзара іс-қимыл мәселесі шешілмеген. Бұл саладағы зерттеу материалдарын зерделей келе және осы саладағы сарапшылардың пікірлерін ескерумен біз тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының кез келген субъектісі басқа субъектілерден жедел көмек алмай, тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісімен бірге-бір жұмыс істейді деген қорытындыға келдік. Мысалы, егер әйел ІО-ға өз жұбайының спирттік ішімдікке жиі салынатыны немесе ерінің өзіне опасыздық жасап жүргеніне күмәнданаты туралы шағымданса, учаскелік инспектор, әдетте, ерінің опасыздық жасауына тыйым салынбаған және ҚР «құрғақ заң» жоқ деп жауап береді. Ал егер өзара іс-қимыл жөнге салынса, онда ҚАҚ әйел мен оның жұбайын психологке, наркологке, сексопатологке және т.с.с. жіберетін еді.

3) тұрмыстық саладағы қоғамдық қауіп дәрежесінің ҚР ҚК мен ӘҚБтҚРК кодификацияланған нормаларының сәйкес келмеуі. Мысалы, ұрып-соғу мен денеге жеңіл зиян келтіру 2017 жылғы шілдеге дейін жеке тәртіпте қылмыстық теріс қылық болатын, сондықтан олар сот үкімімен сирек аяқталатын. Тергеп-тексеру ретінде:

– жасырындылық артты;

– Құқықтық саясат тұжырымдамасымен қайшылық туындады, ол азаматтарды қылмыстық әділет саласына тартты;

– шұғыл жауапкершілікке тарту жойылды.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап экономикалық зорлық-зомбылық (ҚК 139-б.) қылмыс мәртебесін алды, себебі санкция 2 жылға дейін бас бостандығынан айырумен байланысты жазалауды қарастыратын болды [43]. Түсінік берілген құқық бұзушылық қылмыстық теріс қылық мәртебесін айналып өтіп, әкімшілік құқық бұзушылықтан қылмыстық іске айналғанын айта кету керек, ол қылмыстық заңнаманы ізгілендіру туралы Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасына қайшы келеді. Егер құқық бұзушы қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндірмесе және оның бас бостандығынан айыру орнында болуы еңбекке қабілетсіз және материалдық көмекке мұқтаж жұбайын (зайыбының), балаларын күтіп-бағу процесін жүргізуге мүмкіндігі болмайтын болса, мұндай санкцияның қажеті қанша?

4) тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін бостандықты шектеу немесе одан айырудың сақтандыру нормаларының жетілдірілмеуі: қорғау нұсқамасы, құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу, жақындауға тыйым салу.

БАҚ-тың, сарапшылар мен жергілікті полиция қызметі қызметкерлерінің ақпараты бойынша әкімшілік ұстау мерзімінің аздығы (3 сағатқа дейін) және тұрмыстық озбырдың қорғау нұсқамасын елемей ІО ынтасын жоққа шығарады. Құқық қолдану тәжірибесі тұрмыстық озбырдың мінез-құлқына ерекше талап қою (оны үйден қуу) кезінде ӘҚБтҚРК 54-бабындағы «бұл адамның басқа үйі бар» деген сөздер ӘҚБтҚРК нормасын жарамсыз етеді. 2014 жылдан бастап ҚР соттарына мұндай шешім шығару сирек мүмкін болды.

5) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің кәсіби әлеуетінің әлсіздігі. Өңірлердегі нүктелі семинарлар мен тренингілер профилактика субъектілерінің кәсіпқойлығын арттыруда кешенді нәтиже бермейді. Білім беретін шаралардың нәтижесі бойынша сарапшылар тұрмыстық зорлық-зомбылық субъектілері:

– тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қоғамдық қауіпінің дәрежесін дұрыс бағаламайды және мамандандырмайды;

– іс-қимылдың нақты алгоритмі жоқ;

– тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы істер бойынша материалдарды сапасыз ресімдейді;

– ведомствоаралық өзара іс-қимыл және т.с.с. механизмін қолданбайды деп қорытынды жасайды.

6) жанжалдасқан тараптарды ажырату механизмі жетілдірілмеген. Жергілікті полиция қызметі және тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері: егер ол тұрмыстық озбырмен бірге тұруды жалғастыра берсе, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанын қалай қорғау керек деген мәселені бірнеше рет көтерген. Көп өңірде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанына арналған паналау орны жоқ, тұрмыстық озбырды ұстау мерзімі жеткіліксіз, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны мен құқық бұзушының бірге тұруына тыйым салуды қарастыратын норма (ӘҚБтҚРК 54-б.) жұмыс істемейді.

7) отбасы-тұрмыстық құқық бұзушылардың құрбандарына да, тұрмыстық озбырларға да арналған психотүзету бағдарламалары жоқ. Кейде ІО мен басқа да құқық қорғау органдарының қызметкерлері тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерімен бірге-бір қалып қояды, тұрмыстық жанжалға қатысушылардың сана-сезіміне ықпал етпеген жағдайда профилактикалық жұмыс тиімсіз болады. Отбасында отбасылық құндылықтар жойылады, сондай-ақ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 3-бабының 5-тармағында көзделген отбасын сақтау және қолдау қағидаттары сақталмайды [6].

8) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың деңгейін, нысанын және әдістерін шынайы бағалау механизмі пысықталмаған. Сот статистикасы

бұрынғысынша зорлық-зомбылықтың шынайы деңгейін көрсетпейді, себебі есептілік нысандарына осы күнге дейін оның көрсеткіштері енгізілмеген. Тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейін және Заңда көзделген, қабылданатын шаралардың тиімділігін сипаттайтын қосымша көрсеткіштер әлі күнге не Құқықтық статистика комитеті қалыптастыратын статистикалық деректерге, не Бас прокуратураның ақпаратына енгізілмеген. Мысалы, ұрып-соғу немесе денеге зиян келтіру тұрмыста да, қоғамдық орындарда да орын алып жатыр, бірақ біз елдегі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың масштабын білмейміз, оның көбеюі немесе азаюі және т.с.с. динамикасын қадағалай алмай келеміз. Ұқсас жағдай тұрмыстық озбырдың бостандығын шектеуде сақтандыру шараларын қолдануда да көрініс тапқан.

Кодификацияланған жаңа заңнаманың күшіне енуіне және мазмұнында қылмыстық теріс қылық


пен қылмыс та берілген «қылмыстық құқық бұзушылық» түсінігінің пайда болуына, сонымен қатар тергеуге дейінгі тексеру жүргізуді және қылмыстық іс ашуды жойған, сотқа дейінгі іс жүргізу процесінің түбегейлі өзгеруіне байланысты аталған көрсеткішті өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстыруға келмейді. Дей тұрғанмен, тұрмыстық құқық бұзушылықтар жағдайы туралы белгілі бір қорытындыны соңғы екі жылдың (2015-2016 ж.) ұқсас кезеңімен салыстыра жасауға болады.

2016 жылғы 12 айда қылмыстың **6,5%-ға** (386718-ден 361689-ға дейін) төмендегені тіркелген.

Оның отбасы-тұрмыстық құқық бұзушылықтар саласында орын алғаны **2,8%-ға** (472-ден 485-ке дейін) өскен. Бірақ, өсім тек соңғы есептілік кезеңде ғана болған, мамандандырылған Заң қабылданған сәттен бастап тұрмыстық қылмыстар саны жыл сайын төмендеп отырған.

№ 1 диаграмма

Тұрмыстық қылмыстардың саны




Бірақ бұл диаграммаға тұрмыс саласында жасалған және соттарда жеке тәртіппен қаралған қылмыстық құқық бұзушылықтар кірмейді. Мысалы, соттарға 2016 жылы ҚР Қылмыстық кодексінің «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» 108-бабы бойынша жауапқа тарту үшін 4401 шағым келіп түсті, солай болғанымен бар болғаны 678 адам сотталды, және де бұл денсаулыққа зиян келтірудің қоғамдық орында емес, тұрмыста орын алғанын білдірмейді. Жеке және жеке-жария айыптауға арналған барлық баптар бойынша осындай жағдай байқалады.

Жалпы қылмыстылықтың төмендеуі жағдайында әйелдерге қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың **90,3%-ға** (65325-ден 124298-ға) өсуі тіркелген.

Бірақ отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында криминологиялық ахуалды тұрақты деп бағалауға болады. 2015 жылы зардап шеккен 218 әйел тіркелген, ал 2016 жылы олардың саны 215-ке дейін азайған (-1,4%). Тұрмыс саласында зардап шеккен ер адамдардың саны әйелдерге қарағанда көбірек екенін атап өту керек: 2015 және 2016 жылдарда тиісінше 278 және 227.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары



2009 жылдың желтоқсанында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының қабылдануы талданып отырған санаттың қылмыстылық жай-күйінде көрініс тапты. Отбасылық-тұрмыстық жанжалдардың аса ауыр салдарларына профилактика жасаудың пәрменді


әдістерінің бірі әкімшілік практика, сондай-ақ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңда көзделген қорғау нұсқамасы және құқық бұзушылардың мінез-құлқына ерекше талаптар және басқа шаралар қою болып табылады.



Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мағлұматтарына сәйкес, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заң қабылданғаннан кейін 01.01.2017 ж. жағдай бойынша

ішкі істер органдары 379766 қорғау нұсқамасын шығарған және соттар мінез-құлыққа байланысты 32171 ерекше талап қойған.

Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу



2010-2011 жылдарда құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу түріндегі әкімшілік-құқықтық әсер ету шарасы өте сирек қолданылатын еді. Оның себебі соттар құқық бұзушыны белгіленген талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершілікке тартудың болашағы жоқ деп санап, бұл шараны сот шешімі ретінде мойындамауы болатын.

2012 жылғы 9 сәуірде Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының № 1 Нормативтік қаулысымен әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдардың сот белгілеген әкімшілік-құқықтық әсер етудің тыйым салу шараларын орындамауы оны соттың шешімін орындамағаны үшін атап айтқанда, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің (ҚРӘҚБҚ) 669-бабы бойынша жауапкершілікке тарту үшін негіз болуы мүмкін екендігі түсіндірілді [44].

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 669-бабы бойынша құқық бұзушының мінезіне белгіленген талаптарды орындамағаны үшін қанша адамның жауапкершілікке тартылғанын нақты анықтау мүмкін емес, өйткені статистика органдары отбасылық-тұрмыстық әкімшілік құқық бұзушылықтарды бөлмей, құқық бұзушылықтардың жалпы есебін жүргізеді.

Мониторинг барысында қылмыстардың тізімдік мәліметтерден отбасылық-тұрмыстық салада 2016

жылдың 12 айында 2015 жылмен салыстырғанда 472 (485) тіркелген қылмыстардың 260-ын (292), яғни, әрбір екінші қылмысты ішімдік ішіп, мас күйдегі адамдар жасағаны анықталды.

Құрбан болған ер адамдардың жас шектері: 14-тен 80 жасқа дейін, әйелдерде - 14-тен 86 жасқа дейін, жасы 60-тан асқан адамдарға қатысты тіркелген қылмыстар: ер адамдар – 21 (18), әйелдер – 17 (13).

Қылмыстардың өліммен аяқталғандары 113 (150) немесе әрбір екіншісі, олардың ішінде 22 (24) суық қару пайдаланылып жасалған (ер адамдар – 69 (92), әйелдер – 44 (58), кәмелетке толмағандар – 7 (7)).

Дене жарақатын алғандар 211 (229) адам, немесе әрбір үшінші еркек – 109 (142), әйелдер – 102 (87), кәмелетке толмағандар – 3 (2).

Қорғалмайтындықтан және дәлелдеу процесінің күрделілігінен балаларға қатысты зорлық-зомбылықты тіркеудің бірер фактілері ғана бар.

Психологиялық зорлық-зомбылық (тұрмыстық бұзақылық) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың кең тараған түрі болып қалып отыр. Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы іс-қимылдарға қатысты соттар 2016 жылы 29718 істі қарады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда екі еседей кем (59886).

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жасалған құқыққа қарсы әрекеттер



2016 жылы қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін 2892 тұрмыстық зорлықшы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің (ҚРӘҚБК) 461-бабы

бойынша белгіленген шектеулерді орындамағаны және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталанған фактілері үшін жауапқа тартылды. [19].

№ 6 диаграмма



Осылайша, қазіргі заманғы орнықты отбасын құру жағдайларын қалыптастыру және гендерлік теңдікке қол жеткізу қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың ажырағысыз процесі болып табылатыны анық екендігіне көз жетеді. Бәсекеге қабілеттілік пен әлеуметтік даму саласындағы қазіргі қолданыстағы тұжырымдамалар арасын байланыстыратын буын

ретінде Қазақстан Республикасында кешенді Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын әзірлеу айқын және негізделген қажеттілік, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастыққа сәтті кірігуінің қағидаатты шарттарының бірі екендігі сөзсіз.

1.3 ІІО жергілікті полиция қызметінің отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы бойынша құзыреттерін талдаудың нәтижелері

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы тек жергілікті полиция қызметінің ғана емес, ІІО өзге де бөлімшелері мен қызметтерінің құзыреттерін айқындайды. Мамандандырылған Заң қабылданғалы бері 10-бапқа үш өзгеріс пен толықтыру енгізілді:

Біріншіден, 2013 жылғы 3 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесімен сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 124 ҚР Заңымен мынадай мазмұндағы 1) тармақ алынып тасталды: «өзге де мемлекеттік органдармен бірге тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы бағдарламалық құжаттарды әзірлейді және іске асырады» [45];

Екіншіден, 2014 жылғы 13 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік органдардың құзыреттерін заңнамалық және (немесе) заңға бағынысты деңгейлерде бекіту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 159 ҚР Заңымен тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы саласында криминологиялық болжамдауды жүзеге асыру бойынша құзыреті алынып тасталды [46].

Үшіншіден, 2014 жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 175 ҚР Заңымен 7-тармақ өзгертілді [47]:

18.02.2014 ж дейінгі редакция	Қолданыстағы редакция
Жәбірленушілерді көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жібереді.	Жәбірленушілердің өтініші бойынша оларды көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жібереді.

ІІО-ның тұрмыстық зорлық-зомбылық алдын алу және профилактикасы мәселелеріндегі құзыреті «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабында нақты айқындалған. Бірақ ҚР өзге заңдарымен көзделген құзыреттер де тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы процесіне ықпал ете алады. Осыған байланысты құқық бұзушылық профилактикасына тікелей қатысы бар негізгі заңдарға салыстырмалы талдау жасау қызығушылық тудырады.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында ІІО-ның құқық бұзушылық профилактикасы бойынша құзыреті айқындалған. Бұл құзырет тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасына да қолданылады. Осыған байланысты, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында және мамандандырылған заңдарда көзделген ІІО құзыреттерінің салыстырмалы талдауы полиция қызметкерлерінің зерттелетін саладағы толық құқықтық жағдайын айқындауға және талданып отырған заңнаманы жетілдіру бойынша тұжырымдарды негіздеуге мүмкіндік береді.

ІІО жергілікті полиция қызметі құзыреттерінің салыстырмалы талдауы

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы». 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271 ҚР Заңы	«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 ҚР Заңы	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы». 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214 ҚР Заңы
7-бап	19-2-бап	10-бап
3) азаматтарға құқықтық тәрбие беруге қатысады, құқық тәртібінің жай-күйі және ішкі істер органдарының құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі қызметінің тиімділігін арттыруы бойынша шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді; 4) құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асырады;	1) осы Заңның 19-бабы 1-тармағының 1) - 12) тармақшаларында аталған кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін олардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерін анықтайды, есебін жүргізеді және оларға қатысты жеке профилактикасы шаралары жүргізеді; 2) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар, қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартатын не балаларға қатысты басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және	2) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады; 3) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы». 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271 ҚР Заңы	«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 ҚР Заңы	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы». 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214 ҚР Заңы
7-бап	19-2-бап	10-бап
<p>5) профилактикалық есепке алуды жүргізеді және профилактикалық бақылауды жүзеге асырады;</p> <p>6) қоғамдық тәртіпті қорғауға және құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;</p> <p>7) күзет қызметі субъектілерімен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;</p> <p>8) өздеріне белгілі болған, өзге де құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын дайындалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылық фактілері туралы осы органдарға хабарлайды;</p> <p>9) қылмыстық қудалауды, пробацациялық бақылауды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;</p> <p>10) ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша арнаулы оқу курстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;</p> <p>11) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);</p> <p>11-1) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын және пробацация қызметінің есебінде тұрған сотталғандардың, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында профилактикалық және жедел-іздістіру іс-шараларын өткізуді қамтамасыз етеді;</p> <p>11-2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес сотталғандарға тәрбиелік ықпал етуді жүзеге асырады;</p> <p>12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.</p>	<p>(немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын, не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдерін, педагогтарды, тәрбиешілерді, оқу, тәрбие және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге де мекеменің басқа да қызметкерлерін анықтайды және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қолданады;</p> <p>3) кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды белгіленген тәртіппен қарайды және оларға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныстар енгізеді, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;</p> <p>4) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерге жіберуге немесе кәмелетке толмағандарды қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алуды ресімдеуге жәрдемдеседі;</p> <p>5) арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды дайындауға қатысады;</p> <p>6) пробацация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандардың өмір салтына және мінез-құлқына бақылау жасауды қамтамасыз етеді;</p> <p>7) балаларды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту бойынша өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына кері әсер ететін, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 74-бабының тәртібімен жазасын өтеу кейінге қалдырылған сотталған әйелдерге қатысты материалдарды дайындайды;</p> <p>8) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуы, құқық бұзушылықтары туралы және қоғамға жат іс-әрекеттері, оған итермелейтін себептер мен жағдайлар туралы мүдделі органдар мен мекемелерді хабардар етеді;</p> <p>9) кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын және басқа заңды өкілдерін құқықтық тәрбиелеуде білім беру органдарына жәрдемдеседі;</p> <p>10) он сегіз жасқа толмаған және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстайды.</p> <p>Қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмаған және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, сондай-ақ ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген қорғаншыларына, қамқоршыларына және өзге де адамдарға беріледі;</p> <p>11) кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі және ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған қадағалаусыз балалар мен жасөспірімдерді кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жеткізеді;</p> <p>12) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.</p>	<p>4) балаларын тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын, оларға қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын ата-аналарды немесе олардың орнындағы адамдарды анықтайды;</p> <p>5) профилактикалық есепке алуды жүргізеді және профилактикалық бақылауды жүзеге асырады;</p> <p>6) тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері немесе олардың жасалу қаупі туралы өтініштер мен хабарламаларды сол жерге барып қарайды және олардың жолын кесу жөніндегі шараларды қолданады;</p> <p>7) жәбірленушілердің өтініші бойынша оларды көмек көрсету жөніндегі ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жібереді;</p> <p>8) профилактикалық әңгімелесу жүргізеді;</p> <p>9) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізеді;</p> <p>10) қорғау нұсқамасын шығарады;</p> <p>11) прокурор алдында қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімін ұзартуға санкция беру туралы өтініш жасайды;</p> <p>12) әкімшілік ұстауды жүргізеді;</p> <p>13) сот алдында тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу туралы өтініш жасайды;</p> <p>14) қылмыстық ізге түсуді, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жүргізуді жүзеге асырады;</p> <p>15) қылмыстық іс жүргізудің мәжбүрлеу шараларын қолданады;</p> <p>16) жәбірленуші қауіпсіздігінің қылмыстық-құқықтық шараларын қолданады;</p> <p>17) ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мәселелері бойынша арнайы оқу курстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;</p>

«Құзыреттілік» ұғымы мағынасына қарай өкілеттік дегенді өзіне сіңіреді. Заң саласында «құзыреттілік» - бұл нақты органның немесе лауазымды тұлғаның заң түрінде белгіленген өкілеттіктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы; құзыреттілік нақты органның немесе лауазымды тұлғаның мемлекеттік органдар (жергілікті өзін өзі басқару органдары) жүйесіндегі орнын айқындайды. «Құзыреттілік» ұғымының заңдық мазмұны (өкілеттігіне қарай объектілер, құбылыстар, іс-қимылдар шеңберінің) мәні; органның не тұлғаның өкілеттіктері; жауапкершілік; алға қойылған мақсаттарға, міндеттер мен функцияларға сәйкес келуі деген элементтерді қамтиды.

1-тармақ ҚР 2013 жылғы 3 шілдедегі № 124-V Заңымен жойылған;

Қазіргі кезде тұрмыс саласында мамандандырылған бағдарламаларды дайындау мен бекітуге қатысты қызметтер міндетті емес. Алайда, бұл отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу саласындағы саясатты айқындайтын параграфтарды, бөлімдер мен тармақтарды қамтымауы тиіс дегенді білдірмейді.

Негізгі бағдарламалық құжат «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығымен қабылданған, ол «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 3 наурыздағы №106 Қаулысымен іске асырылады [7, 8].

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мәселелеріне Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығымен бекітіліген, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының үшінші бөлімінде болар-болмас көңіл бөлінген. Оның ішінде «Қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде 2020 жылға қарай отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында әйелдерге қатысты жасалған қылмыстардың үлес салмағы 9,7%-ға дейін және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың үлес салмағы 2,2%-ға дейін азаяды» деп көрсетілген [5].

2-тармақта ІІО «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы саласында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады» деп көрсетілген. Салыстырылып отырған заңдарда ІІО-ның мұндай құзыреті көзделмеген, сондықтан ІІО тұрмыстық құқық бұзушылық профилактикасы саласында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатыса алады деген ой келеді. Сонымен бірге, «Неге мұндай құзыреттілікпен тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының өзге де субъектілеріне өкілеттік берілмеген?» деген дәйекті сұрақ туындайды.

«ҚР Ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңының 11-бабының 24 және 25-тармақтарында ІІО-ның

әзірлеп қана қоймай, өз бетінше бекітуге де құқығы бар, нақты құқықтық актілердің үлкен тізбесі қарастырылған.

ІІО-ның осындай қызметі «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480 Заңында да регламенттелген, ол Қазақстан Республикасындағы құқықтық актілерді әзірлеу, ұсыну, талқылау, қабылдау, тіркеу, қолданысқа енгізу, өзгерту, толықтыру, қысқарту, қолданысын тоқтату және жариялау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді [48].

Егжей-тегжейлі механизмі «Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, олардың келісілу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы №563 Қаулысында жазылған [49].

Сонымен, талдау жүргізілген тармақтың «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында болуы принципті фактор емес. Мұндай құзыреттілік ІІО-ның ҚР заңнамасында көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыруды қарастыратын, «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңындағы 12-тармаққа қосылып кетеді. Егер «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңын жетілдіру жолымен жүрсек, онда 2-тармақты жойып, 10-бапты 18-тармақпен «ҚР заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады» деген мазмұнда толықтыруға болады. Бұл да тұрмыстық зорлық зомбылық профилактикасы және оның алдын алу саласында ІІО құзыретінің толық көлемін айқындау бойынша басқа да мәселелерді жоюға мүмкіндік береді.

3-тармақ барлық салыстырылып отырған заңдарда, сонымен қатар «ҚР ІІО туралы» ҚР Заңының 6-бабының 1-бөлімінің 4-тармағында жазылған, бірақ құзыреттілік ретінде емес, «құқық бұзушылықтың жалпы, арнайы және жеке шараларын жүзеге асыру» өкілеттілігі ретінде берілген. Осыған ұқсас анықтама «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 20-бабында жазылған, сонымен құқық бұзушылық профилактикасының шаралары жүйесіне профилактиканың жалпы, арнаулы және жеке шаралары жататынын түсіндіреді. Алайда, ҚР 2013 жылғы 3 шілдедегі №124 Заңының 22-бабындағы «Құқық бұзушылық профилактикасының арнайы шараларының» жойылғанын атап өту қажет. Яғни, профилактиканың арнайы шаралары деген түсінік жойылған, бірақ оларды қолдануға құқықтық негіздер қалдырылған.

Дәйекті сұрақ туындайды: «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңда құқық бұзушылық профилактикасының жалпы және арнайы шаралары неге қарастырылмаған?». Бұған жауап «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңның 16-бабында бар, онда «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шараларын қолдану кезінде туындайтын қатынастарды реттеу осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының құқық бұзушылық профилактикасы туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатыны» қарастырылған. Демек, ІІО тұрмыстық зорлық-зомбы-

лықпен күресуде өз қызметінде жеке профилактика шараларымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының арнайы және жеке шараларын да қолдануы тиіс. Біздің пікірімізше, жоғарыда жазылған 16-баптың мәтіні «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңында (ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы) жазылуы тиіс.

«Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ІД 2014 жылғы 15 шілдедегі №432 ведомстволық бұйрығы да профилактикалық шаралар туралы ешқандай түсіндірме бермейді [20].

Осыған байланысты, біз ҚР заңнамасында құқық бұзушылық профилактикасының арнайы шаралары тізбесінің көзделуі тиіс деп санаймыз. Бұл мәселені шешудің екінші нұсқасы құқық бұзушылық профилактикасының арнайы шараларын қолданудың құқықтық негіздерін «ҚР ІО туралы» ҚР Заңынан және «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» мамандандырылған заңынан алып тастау болуы мүмкін. Бірақ, құқық бұзушылық профилактикасы саласындағы барлық мамандандырылған заңдарда ІО-ның құқық бұзушылықтың жалпы және жеке профилактикасы шараларын қолдану құзыретін айқын қарастыру қажет.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы процесінің құқықтық негіздері «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңымен ғана шектелмейді, себебі Заңның 17-бабында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларының ғана тізбесі қарастырылады. ЖПҚ ІО кең құзыреті Қазақстан Республикасының басқа Заңдарында белгіленген:

– Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы. ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы;

– Құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы. ҰР 2010 жылғы 29 сәуірдегі №271;

– Пробация туралы. ҚР 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №38 Заңы;

– Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы. ҚР 1995 жылғы 7 сәуірдегі №2184 Заңы;

– Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы. Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі №28 Заңы.

Мамандандырылған Заңнан басқа тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының процесіне тікелей (негізгі) алғашқы екі заң ықпал етеді. Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларынан тыс ЖПҚ ІО «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 21-бабында тізбектелген, құқық бұзушылық профилактикасының жалпы шараларын жүзеге асыруы тиіс.

4-тармақта ІО-ның тұрмысы қолайсыз, нақтырақ айтқанда, «ата-анасын немесе оларды алмастыратын, балаларды тәрбиелеу міндеттемелерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын, оларға қатысты құқыққа қарсы әрекет жасайтын» отбасыларды анықтау құзыреті көзделген. Осыған ұқсас құзыреттілік «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңында жазылған, алайда ІО мұндай құзыреті «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында бекітілмеген. Бұған қарамастан, біздің пікірімізше, мұнда қайшылық жоқ, өйткені бұл заңның 7-бабының 12-тармағында ІО «ҚР заңнамасында қарастырылған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады» деп айтылады.

Осыған байланысты, аталған құзыреттіліктің «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында бар болуы негізді фактор болып табылмайды. Бар болғаны 10-бапты стандартты мазмұндағы «ҚР заңнамасында қарастырылған басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады» деген қосымша тармақпен толықтыру жеткілікті.

5-тармақта ІО-ның профилактикалық есеп жүргізу және профилактикалық бақылауды жүзеге асыру құзыреттілігі бекітілген. Әртүрлі түсіндірмелерде осыған ұқсас құзыреттіліктер құқық бұзушылық профилактикасы саласында зерделенген барлық заңдарда және «ҚР ІО туралы» ҚР Заңында айтылған. Бұл тармақ «Құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы» ҚР Заңының 7-бабының бесінші тармағының мазмұнымен толық сәйкес келеді, яғни соның екінші нұсқасы.

«Құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы» ҚР Заңының 28-бабының негізінде профилактикалық есепке:

- 1) қорғау нұсқамасы шығарылған;
- 2) мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген;
- 3) бас бостандығынан айыру орнында жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босау туралы шешім қабылданған;
- 4) әкімшілік қадағалау белгіленген;
- 5) қоғамнан оқшаулаумен байланысты жаза немесе қылмыстық-құқықтық әрекет шаралары қолданылған;
- 6) ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін жазасын өтегеннен кейін бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы шешім қабылданған немесе қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға екі не одан көп рет сотталған адамдар тұрады.

«ҚР ІО туралы» ҚР Заңының 11-бабының 25-тармағына сәйкес ҚР ІД-нің «ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарды бақылауды жүзеге асыру қағидаларын» әзірлеу және бекіту құзыреті қарастырылады. Аталған Қағидалар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №432 бұйрығымен бекітілген, бірақ олар тек профилактикадан өтетін жеті санатты ғана қарастырады:

- 1) қорғау нұсқамасы шығарылған адамдар;
- 2) бос уақытына шектеу қою және мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу туралы шешім қабылданған адамдар;
- 3) оларға қатысты қылмыстық жауапкершілік басталған, жасы жетпеуіне байланысты қылмыстық жауапкершілікке тартуға жатпайтын, қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар әрекет жасаған кәмелетке толмағандар;
- 4) оларға қатысты қамаумен байланысты емес жолын кесу шаралары таңдалған, қылмыстық құқық бұзушылық жасауда айыпталушы немесе күдікті кәмелетке толмағандар;
- 5) қылмыстық-атқарушылық жүйесі мекемелерінен босатылған кәмелетке толмағандар;
- 6) арнайы білім беретін ұйымдардың және ерекше режимде ұсталатындарға білім беретін ұйымдардың түлектері;
- 7) кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, білім беру және (немесе) күтіп-ұстау бойынша өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына кері әсер ететін, кәмелетке толмағандардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері [20].

Мұнда ИО-да профилактикалық есепте тұратын барлық адам тізімделмеген және ИО оларға қатысты профилактикалық бақылауды жүзеге асырады. ИО-да профилактикалық тіркеуде тұрмыстық озбырлар болып табылатын адамдар да бар. Мысалы, «Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1095 бұйрығында:

- 1) әкімшілік қадағалау белгіленген;
- 2) бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешім қабылданған;
- 3) ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыс жасағаны үшін жазасын өтегеннен кейін бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы шешім қабылданған немесе қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға екі немесе одан көп рет сотталған («Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу аясына шартты түрде жататын) адамдарды профилактикалық есепке алуды көздейді [24].

«Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы №511 бұйрығының негізінде пробация қызметкерлері, өздерінің дәстүрлі функцияларынан тыс, оларға қатысты сот пробациялық бақылау белгілеген адамдарға төмендегідей профилактикалық бақылауды жүзеге асыруы тиіс:

- 1) қоғамдық және түзеу жұмыстары, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айырылған;
- 2) шартты түрде және тұрғылықты жері бойынша бас бостандығын шектеу жазасына сотталған;
- 3) жазаны өтеу кейінге қалдырылған сотталған жүкті әйелдер және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларын жалғыз тәрбиелейтін ер адамдар [50].

Осыған байланысты, Қазақстан республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №432 бұйрығының атауы өзінің мазмұнына сәйкес емес деген қорытынды дәлелденді. Яғни, ол құқықтық аткіні «Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын, **жекелеген санаттағы адамдарға** профилактикалық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» деп қайта атау қажет.

Беларусь Республикасының тәжірибесі бойынша практикада толық қолдануға құқылы басқа да пікір бар. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР жаңа кешенді Заңын, сондай-ақ мамандандырылған заңдарды біріктірумен ҚР оған ілеспелі Заңын қабылдау қажет:

– Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы. ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы;

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы. ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV ҚРЗ Заңы;

– Құқық бұзушылық профилактикасы туралы. ҚР 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV ҚРЗ Заңы.

Әрине, «Құқық бұзушылық туралы» ҚР жаңа кешенді заңы қабылданған жағдайда, осы заңды және құқық бұзушылықтың жеке шараларын жүзеге асыру бойынша бірыңғай қызметтік іс жүргізуді енгізу жөніндегі қосымшаларды іске асыру туралы ҚР ІІМ мамандандырылған ведомстволық құқықтық акт әзірлеу қажет болады.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 7-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен кәмелетке толмағандарды және тұрмысы қолайсыз отбасыларды анықтайды және оларды есепке алуды жүргізеді. Аталған нормамен бір уақытта 10-баптың 5) тармақшасы бойынша ішкі істер органдары профилактикалық есепке алуды жүргізеді және профилактикалық бақылауды жүзеге асырады.

Кәмелетке толмағандар мен тұрмысы қолайсыз отбасыларды ұқсас есепке алуды басқа да: жергілікті атқарушы органдар (8-б.), білім беру органдары (12-б.), денсаулық сақтау органдары (15-б.) «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңының негізінде жүзеге асырады.

Сонымен, жоғарыда аталған органдар мен ішкі істер органдарының есепке алу жөніндегі қызметтері

үйлестірілген болуы тиіс деп есептейміз. Заңда мұндай өзара іс-қимыл механизмі көрсетілмегенін айта кету керек.

6-тармақ ІІО-ның тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы немесе оларды жасау қаупі туралы арыздар мен хабарламаларды болған жерге шығып қарау және олардың жолын кесу бойынша шараларды қабылдау құзыретін бекіткен. Мұндай құзырет «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 ҚР Заңымен бекітілген және жүйеленген заңнамамен, ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қайлыларымен және ҚР ІІМ Нұсқаулықтарымен іске асырылады.

ҚР Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 22 мамырдағы № 351 бұйрығымен ҚР Ішкі істер министрінің «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, шешу, азаматтарды ҚР ішкі істер органдарында қабылдау бойынша нұсқаулықты бекіту туралы» 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 225 бұйрығының күші жойылды. Енді әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы материалдарды шешу тәртібі ҚР ІІМ-ның 2013 жылғы 13 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер өндіріс жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» № 713 бұйрығымен реттеледі. Бірақ бұл жерде елеулі кемшілік бар: жоғарыда аталған Нұсқаулық жаңа ҚРӘҚТК қолданысқа енгізілгенге дейін қабылданған болатын, сондықтан оның мазмұны ішінара ескірген. [26].

Қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша істердің шешілуі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінен басқа ҚР Бас прокурорының «Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидасын бекіту туралы» 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен іске асырылады.

Бірақ бұл жерде арыздар мен шағымдарды шешу процесінің барлық мәселелері жоғарыда аталған құқықтық актілермен реттелмегенін атап өткен жөн. Азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдауды және ІІО бөлімшелерінің азаматтардан алынған ақпаратқа сәйкес іс-қимылын реттейтін нақты құқықтық тетік жоқ. Арыздар мен шағымдарды шешу кезіндегі қызметтік іс жүргізуді жүзеге асыру бойынша қосымшаларды: кітаптарды, журналдарды, бланк өнімдерінің үлгілері мен оларды толтыру қағидаларын бекіту қажет. Бұлардың барлығын түрлі ведомстволық құқықтық актілерден табуға болады, бірақ бұл үлгілер мен кітаптарды жүргізу (толтыру) қағидаларының әр жерде шашылып жүруі оларды іс жүзінде қолдануды қиындатып отыр. Сондықтан біз де ІІО бөлімшелерінің азаматтардың арыздары мен шағымдарын қабылдау және шешу бойынша қызметін жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар кешенін тұтастай реттейтін ҚР ІІМ-нің Кешенді нұсқаулығын әзірлеу қажет деген пікірді жөн көреміз.

7-тармақ ІІО-ның тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қиын ахуалдарға тап болған отбасылық-тұрмыстық қатынастар құрбандарын көмек көр-

сететін ұйымдарға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жіберу жөніндегі құзыретін көздейді. Азаматтарды әлеуметтік икемсіздік пен әлеуметтік депривацияға (үрей, алаңдаушылық) әкеп соқтыратын қатыгездіктер тек отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында ғана болмаса да, мұндай құзыреттер салыстырылып отырған заңдарда жоқ.

Біз ІІО мұндай әрекеттерді тек жәбірленушілердің өздерінің өтініштерімен ғана жүзеге асыра алады дегенмен келіспейміз. Біріншіден, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары мемлекеттің оларға арнайы кепілдендірілген және қосымша арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетуі керек екенін білмеуі мүмкін. Екіншіден, мамандандырылған ұйымдар мен медициналық мекемелерден көмек алу қажеттілігі бірден туындамауы мүмкін, сонда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының қайталап өтініш жасауына тура келеді. Үшіншіден, көмек көрсететін ұйымдарға және денсаулық сақтау ұйымдарына бару ІІО жолдамасы болған күнде де азаматтардың міндеті емес, құқығы болып қалуы керек.

8-тармақ ІІО-ның профилактикалық әңгімелесу жүргізу жөніндегі құзыретін көздейді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының өзге субъектілерінің құзыретін қарап отырып, біз профилактикалық әңгімелесу жүргізу жөніндегі құзыретке тек ІІО ие деген қорытындыға келеміз. Біздіңше «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңындағы мұндай ережені қате деп санаған жөн. Мұндай қорытынды «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының «2. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектісі тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адаммен немесе өзіне қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану үшін негіздер бар адаммен профилактикалық әңгімелесуді жүргізеді» деп көрсетілген 19-бабына да қайшы келеді.

Мәніне қарайтын болсақ, профилактикалық есепке қоярда кез келген тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектісі есепте болу тәртібін, профилактикалық жұмыс перспективаларын және т.с.с. түсіндіре отырып, профилактикалық әңгімелесу өткізуге тиіс. Осы тақылеттес есептерді кәметке толмағандарға және жағдайсыз отбасыларына қатысты білім беру органдары, спирттік ішімдіктерді салынып ішетін және есірткімен әуестенетін адамдарға қатысты – денсаулық сақтау органдары жүргізеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілері де «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңның 3-тарауында санамаланған тиісті жеке профилактика шараларын қолданады.

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 25-бабында

«2. Профилактикалық әңгімелесуді құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану құзыретіне жататын құқық бұзушылық субъектісі құқық бұзушылық жасаған немесе оған қатысты құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдануға негіз

бар адаммен өткізеді» делінген. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңының 19-3-бабы да өзге органдарға профилактикалық әңгімелесу жүргізу құзыретін береді. «2. Профилактикалық әңгімелесуді құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану құзыретіне жататын кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің мемлекеттік органы мен мекемесінің өкілі құқық бұзушылық жасаған немесе оған қатысты құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдануға негіз бар адаммен өткізеді».

Яғни, ҚР заңдары ІІО-ға ғана емес, профилактика субъектілерінің барлығына да профилактикалық әңгімелесу жүргізу құзыретін береді. Осыған байланысты «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңынан 10-баптың 8-тармағын алып тастау туралы қорытынды негізді. Бұл проблеманы шешудің екінші нұсқасы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңынан басқа ҚР барлық заңдарынан профилактикалық әңгімелесу жүргізу тәртібі көзделетін нормаларды алып тастау болып табылады.

9-тармақ ІІО-ның тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізу құзыретін қарастырады.

Біздіңше, бұл тармақты мынадай себептер бойынша алып тастау керек. *Біріншіден*, құқық теориясы бойынша, құқық бұзушыны ІІО-не жеткізу құқық бұзушылықтың жеке профилактикасының емес, бұлтартпау шарасы немесе мәжбүрлеу жүйесіндегі процестік қамтамасыз ету шарасы болып табылады.

Екіншіден, жеткізуді ғана жүзеге асыра алатындар ІІО ғана емес. ҚРӘҚТК 36-бабы 3-бөлігіне сәйкес «Қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу құқығына оған арнаулы уәкілеттік берілген тұлғалармен қатар жәбірленушілер мен басқа жеке тұлғалар да ие болады». Ұстап алу жеткізусіз мүмкін емес, яғни, мұндай құзырет адамдардың анағұрлым көп ауқымына берілуі керек.

Үшіншіден, бұл жеке профилактиканың осындай шарасы және ІІО құзыреті көзделмейтін «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңына (қараңыз: 7 және 23-баптар) қайшы келеді. Және ақыр аяғында, *төртіншіден*, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін тұрмыстық зорлықшыны жеткізу тәртібі ҚР Қылмыстық процестік кодексінің 129-бабымен регламенттелген.

«Жеткізу» және «әкімшілік ұстау» ұғымдарын шатастыруға болмайды, өйткені жеткізу, құқық бұзушылықты болдырмау немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өндірісті қамтамасыз ету мақсатында, жеке тұлғаның, заңды тұлға өкілінің, лауазымды тұлғаның жеке бостандығын қысқа мерзімге шектеу болып табылмайды.

Құқық қолдану практиккасында кейде ҚРӘҚТК-тің «Ұстап алынған адамның бас бостандығы ұстап алған адамға қандай да бір процестік мәртебе берілуіне немесе өзге де формальды рәсімдер орындалуына қарамастан, шын мәнінде шектелген кезде, минутына дейінгі дәлдікпен сол сағат ұстап алу мерзімінің басталуы болып табылады. Масаң күйдегі адамға қатысты әкімшілік ұстап алу мерзімі – медицина қызметкері оны айықты деп куәландырған уақыттан бастап есептеледі. Нақты ұстап алу уақытынан бастап үздіксіз есептелетін үш сағаттың өтуі осы мерзімнің аяқталу кезі болып табылады» делінген 789-бабы 1-бөлігінің ережелерін дұрыс түсінбейді.

Азаматтардың бостандығын нақты шектеудің басталуы дегенді қалай түсінген жөн? Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды нақты ұстау уақыты қашан басталады? Бұл сұрақтарға жауап ҚРӘҚТК-тің 788-бабының 7-бөлігінде тура көрсетілген: «Әкімшілік ұстап алуға ұшыраған адамдар арнайы бөлінген, санитариялық талаптарға сай келетін және оларды өз еркімен тастап кету мүмкіндігі болмайтын үй-жайларда ұсталады». Яғни, ІІО-ға жеткізілген адам арнайы үй-жайдың (әкімшілік тәртіппен ұсталған адамдарды ұстайтын бөлменің) табалдырығын аттағанша оның бостандығы нақты түрде шектелмеген, сондықтан әкімшілік ұстау мерзімі ол арнайы үй-жайға орналастырылған сәттен бастап есептелуі керек. Адаммен қызметтік үй-жайда (ІІО қызметкерінің кабинеті, учаскелік полиция пункті) жұмыс істеу ІІО қызметкерлері ұстаған емес, жеткізген құқық бұзушымен істі анықтау ретінде қаралуы керек.

ҚР Қылмыстық процестік кодексінің (ҚПК) 129-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жеткізу 3 сағаттың ішінде жүзеге асырылуға тиіс. Мұндай мерзімді қала ауданының ішінде сақтауға болады, ал жеткізу мерзімі құқық бұзушыны мәжбүрлеп жеткізу барысында өтіп кететін ауылды жерлерде бұл өте қиынға соғады. Бұл проблеманы екі тәсілмен шешуге болады.

Халықаралық заңнаманы талдау негізінде мұндай ұғым заңдық айқындаманы талап етпейтіндіктен, бұл бапты ҚР Қылмыстық процестік кодексінен мүлде алып тастаған қиынсынды болар еді (РФ, Беларусь ҚПК-де жоқ). Жеткізу уақытын (3 сағат) көрсететін қолданыстағы редакция жеткізу мерзімі басталатын сәтті нақты айқындамайды, бұл жергілікті жерлерде қылмыстық қудалау органдарына бұл ұғымды өз еріктерінше түсінуге жол береді, ал бұл жеткізілген адамның құқықтарын бұзады.

Бұл проблеманы шешудің екінші нұсқасы ҚР ҚПК 129-бабының жаңа редакциясын қабылдау болып табылады:

«1. Жеткізу – адамның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығын анықтау мақсатында, қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын құқық қорғау органының қызметтік үй-жайына адамды мәжбүрлеп жеткізуді білдіретін процестік мәжбүрлеу шарасы.

2. Адамның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығы расталған жағдайда қылмыстық

қудалау органы осы Кодекстің 131-бабында көзделген тәртіппен ұстауды жүзеге асыруға құқылы, бұл ретте жеткізу мерзімі осы Кодекстің 131-бабының төртінші бөлігімен көзделген ұстау мерзімінің жалпы мерзіміне қосылмайды.

2-1. Жеткізілген адамның қылмыстық құқық бұзушылыққа қатыстылығы фактісін анықтау барынша қысқа, бірақ үш сағаттан аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

3. Жеткізу мерзімі аяқталғаннан соң адамға дереу жеткізу туралы анықтама беріледі, бұған оны бұдан кейінгі процестік ұстаулар қосылмайды.»

Сондай-ақ 9-тармақты осы баптың 12-тармағымен біріктіру керек деген пікірдің негізі бар. Ұстау жеткізусіз болуы мүмкін емес. Егер осы 9 және 12-тармақтар Заңнан алып тасталса, ол тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы процесіне ешқандай да әсер етпейді, өйткені жеткізу және ұстау бойынша құзыреттер «Ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңында және ҚРӘҚБтК-те көзделген.

10-тармақ ІІО-ға қорғау нұсқамасын шығару құзыретін береді. Салыстырылатын барлық заңдарда мұндай жеке профилактикасы шарасы көзделген, бірақ оны тек отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылық үшін ғана қолдана алады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудың мұндай шарасы жанжалдасушы тараптардың байланысуын болдырмауға бағытталған және іс жүзінде ең көп таралған болып табылады.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының қорғау нұсқамасын шығару тетігіне қатысты редакциясы үш рет өзгерді.

Біріншіден, 2014 жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №175 Қазақстан Республикасы Заңымен қорғау нұсқамасын шығару құқығы берілген лауазымды тұлғалар тізбесі көбейтілді. Тап осы заңмен, бұл процеске бұрын қорғау нұсқамасын ұзарту фактісіне санкция беруге тиіс болған прокуратураның қатысуынсыз қорғау нұсқамасының күші 10 күннен 30 күнге ұлғайтылды. [47].

Екіншіден, қорғау нұсқамасын шығарғаннан кейін тек тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны ғана емес, қазіргі таңда кәмілетке толмағандар да және (немесе) жәбірленушінің әрекетке қабілетсіз мүшелері де күзету және қорғау объектілері бола алады.

Үшіншіден, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті полиция қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы № 388 ҚР Заңы қорғау нұсқамасын шығару өкілеттігін ІІО жергілікті полиция қызметі бастығына және оның орынбасарларына беріп, ІІО бастығы мен оның орынбасарларынан мұндай өкілеттіктерді алып қойды.

«Ішкі істер бөлімдері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті полиция қызметінің бастығы ІІО бастығының орынбасары болып табылады және онда құқық бұзушыға әкімшілік-құқықтық әсер етуді қолдану бойынша заңдық өкілеттіктері болуы артық емес. *Сондықтан, ІІО бастығының отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты қорғау нұсқамасын шығару өкілеттіктері болуы керектігі негізді.*

Іс жүзінде тұрмыстағы зорлаушы тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағанын мойындамайтын және қорғау нұсқамасына қол қоюдан бас тартатын жағдайлар кездеседі. Сондықтан «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 20-бабының бірінші бөлігінің бас жағында жазылған «негіздер болмаған кезде» деген тіркеске қайшы келетін болғандықтан, «Қол қоюдан бас тартылған жағдайда бұл жайында қорғау нұсқамасына жазылады.» деген соңғы сөйлемді алып тастау керек. Тұрмыстық зорлаушының қорғау нұсқамасына қол қоюдан бас тартуы қорғау нұсқамасының орнына ұстау үшін негіз болып табылады, өйткені осы арқылы тұрмыстық зорлаушы қорғау нұсқамасында жазылған оның мінез-құлқына қойылатын құқықтық тыйымдарды орындамайтынын жариялы түрде білдіреді.

Жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері, атап айтқанда полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмілетке толмағандар арасындағы учаскелік инспекторлар арасында сауалнама жүргізу барысында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары қорғау нұсқамасының мәнін түсіне бермейтіні және оның тиімділігіне сенбейтіні, сондықтан оны жәбірлеушіге қолданудың мақсатқа сай келетіні туралы пікір айта бермейді. Бұл қорғау нұсқамасын шығару процесін қиындатады, ал прокуратура қызметкерлері жәбір көрушінің пікірі ескерілмей шығарылған қорғау нұсқамасын отбасылық-тұрмыстық қатынастар субъектілерінің заңды мүдделері бұзылу фактісі ретінде бағалайды.

Біздің қорытындылар сондай-ақ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 18-бабының 2-бөлігіндегі қайшылықты алып тастауымызбен расталады, ол бойынша ІІО қызметкерлері қорғау нұсқамасын құқық бұзушылық фактісі басталғанға дейін, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ықтимал құрбанының шағымынсыз шығарады.

Қазақстан Республикасы Заңы 18-бабының 2-тармағындағы «ішкі істер органы қызметкерінің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жасалу не оны жасауға әрекет ету фактісін тікелей анықтауы» деген жеке профилактикалық шаралар, яғни қорғау нұсқамасын да қолданудың құқықтық негізі болып табылады. Яғни, ІІО қызметкерлері қорғау нұсқамасын тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ықтимал құрбанының шағымынсыз, құқық бұзушылық фактісі басталғанға дейін шығара алады, ал бұл тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының пікірін ескеру талабына қайшы келеді. *Осыған байланысты біз «Тұрмыстық зорлық-зомбылық*

профилактикасы туралы» ҚР Заңының 20-бабының бірінші бөлігінен «жәбірленушінің пікірін ескере отырып» деген сөздерді алып тастауды ұсынамыз.

Сондай-ақ, бұл тармақтың 10-бапта артық екендігі туралы пікір де негізді, өйткені, талданып отырған баптың 3-тармағында тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының шараларын жүзеге асыру бойынша құзырет көзделген. Яғни, ІІО «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 17-бабында санамаланған барлық шараларды, соның ішінде қорғау нұсқамасын да қолдана алады. Заңның 20-бабы да өздігінен (санкциясыз және келісулерсіз), тұрмыстық зорлаушы үшін тиісті шектеулер қоя отырып, қорғау нұсқамасын шығаратын ІІО-нің нақты лауазымды тұлғаларын көздейді.

Салыстырып отырған заңдарда ІІО-нің мұндай құзыреті тікелей көзделмеген, мұны оң фактор деп мойындау керек. Мысалы, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 7-бабы 4-тармағы құқық бұзушылықтар профилактикасының әр шарасы бойынша құзыретті қайталамай, құқық бұзушылықтар профилактикасы шараларын жүзеге асыру бойынша құзыретті көздейді.

11-тармақты алып тастаған жөн. 2014 жылғы 18 ақпандағы № 175 ҚР Заңмен қорғау нұсқамасын шығарудың жаңа тәртібі енгізілді, онда прокуратураның қорғау нұсқамасының мерзімін ұзарту өкілеттігі алып тасталған.

12-тармақты да 9-тармаққа коммертарийлерде көрсетілген осы тақылеттес себептер бойынша алып тастаған жөн.

13-тармақ ІІО-ға сот алдында тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу туралы өтініш жасау құзыретін береді. Салыстырылатын заңдарда ІІО-ның мұндай құзыреті көзделмеген. Ал «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңының 19-1-бабында жеке профилактиканың мұндай шарасы көзделмеген, бұл біздің ойымызша, қателік болып табылады.

Біріншіден, құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптарды 16 жастан бастап белгілеуге болады. Екіншіден, бұл салыстырылатын заңдарға және «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңының 19-5-бабының 2-тармағының 2-бөлігіне қайшы келеді, өйткені онда бос уақытын шектеу және мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу туралы шешім қабылданған кәмелетке толмағандарды есепке қою тәртібі көзделген.

Одан басқа, салыстырылатын заңдардың баптарында құқық бұзушыға ерекше талаптар белгілеуден басқа, сұндай шара ҚРӘҚБтК 54-бабында көзделген және оның қолданылуы отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтармен шектелмейді.

ҚРӘҚБтК 54-бабының 1-бөлігінде «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың және (немесе) ішкі істер органдарының өтінішхаты бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде сот әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеуі мүмкін» делінген. Яғни мұндай шара тек ІІО өтінішхаты бойынша ғана қолданылмайды, сондықтан да мұндай құзыретті әкімшілік процестің қатысушылары бола алатын тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының барлық субъектілері үшін «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңның 7-ден 15-ші дейінгі баптарында көздеуге болады. 2014 жылғы 18 ақпандағы № 175 ҚР Заңының 54-бабының 1-бөлігі өзгертілген. Бұрын тек ІІО ғана құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу туралы сотқа өтінішхат бере алатын болған. Осыған байланысты ІІО талдау жасалып отырған құзыретінің редакциясы ескірген және оның 10-бапта болуы қағидатты емес деген қорытынды жасауға болады.

Жоғарыда баяндалған талдаудың негізінде біз 13-тармақты алып тастауды ұсынамыз. Одан басқа, мұндай шара ҚРӘҚТК-те көзделген тәртіппен қолданылады деген сілтемелерді қалдыра отырып, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 27-бабын да алып тастауға болады. Бұл баптардың мазмұндары әртүрлі, ал оларға өзгерістер мен толықтырулар ылғи да бір негізде енгізілмейді, бұл ІІО-ның құқық қолдану практикасында түрлі проблемаларды тудыруы мүмкін.

Өзге де негіздемелер бар. ҚРӘҚТК-тің 54-бабы негізінде бұл әрекетті әкімшілік құқық бұзушылықпен байланысты процестің кез келген қатысушысы жүзеге асыра алады. Сондықтан бұл тармақты алып тастау керек, ал бұл құзыретті барлық профилактика субъектілеріне бекіту керек.

14-тармақ ІІО-ның қылмыстық қудалау және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша құзыретін көздейді. Осы тақылеттес құзыреттер салыстырылатын заңдарда, «ҚР Ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңында, жинақталған процестік заңнамада және ведомстволық нормативтік құқықтық актілерде көзделген.

«Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы» Заңның 7-бабының 9-тармағы неғұрлым толығырақ болып көрінеді: «қылмыстық қудалауды, пробациялық бақылауды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады». Пробация қызметінде тұрмыс саласында құқық бұзушылық жасаған көптеген азаматтар есепте тұрады, сондықтан да пробация қызметі де құқық бұзушылық, соның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық құқық бұзушылығы профилактикасы субъекті болуы тиіс.

Осыған байланысты аталған сәйкессіздікті екі тәсілмен жоюға болады: біріншіден, «пробациялық бақылау» деген сөзбен толықтырып, 14-тармақты өзгерту керек. Екінші тәсіл, 14-тармақтан алып тастау, біздің ойымызша, бұл неғұрлым дұрысы

болып табылады, өйткені «Құқық бұзушылықтардың профилактикасы туралы» ҚР Заңындағы құқықтық регламенттеу жеткілікті.

Жүйеленген заңнаманы тұтастай ҚР аумағында бірдей қолдану мақсатында ҚР ІІМ бұйрығымен ІІО жергілікті полиция қызметінің жұмысында пайдаланылатын құжаттардың үлгілерін бекіту керек.

15-тармақ ІІО-ның қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану құзыретін көздейді және ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 4-бөлімімен регламенттелген. Салыстырылып отырған заңдарда мұндай құзырет тікелей көзделмеген және бұл фактіні дұрыс деп санау керек. Табиғатына қарасақ, процестік мәжбүрлеу шаралары құқық бұзушылықтың, соның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының шаралары болып табылмайды. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Заңының зерттеліп отырған 10-бабының 15-тармағын және 23-бабын алып тастаған жөн.

16-тармаққа сәйкес ІІО-ға ҚР ҚПК-нің 96-98-баптары негізінде жәбірленуші қауіпсіздігінің қылмыстық-құқықтық шараларын қолдану құзыреті берілген. 15-тармаққа комментарийлерде сипатталғандарға ұқсас себептер бойынша біз «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы

туралы» Заңның 10-бабында 16-тармақтың болуы міндетті емес деп санаймыз.

17-тармақ ІІО-ның ішкі істер органдары қызметкерлеріне арналған тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша арнайы оқу курстарын ұйымдастыру құзыретін көздейді. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 7-бабының 10-тармағында осы тақылеттес құзырет бар. Бірақ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңында жоқ. Біздің ойымызша, мұндай құзыреттің «Құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы» ҚР Заңымен белгіленген құқықтық негізі болуы жеткілікті.

Ішкі істер органдарының өз қызметкерлеріне арналған оқып-үйрететін іс-шараларын өткізу ҚР ІІМ бұйрықтарымен бекітілген арнайы нормативтік құқықтық актілермен регламенттелген функция болып табылады. Егер де ішкі істер органдары тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша оқытатын курстар мен басқа да іс-шараларды өзге ұйымдар мен халық арасында ұйымдастыратын болса, онда мұндай функцияны Заңда бекіту жөн болар еді.

1.4 ІІО жергілікті полиция қызметі қызметкерлері қолданатын тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шараларын зерттеудің нәтижелері

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылық профилактикасы шараларын талдаудан бұрын жеке профилактика шараларын құқық бұзушылықты ресми түрде тіркемей-ақ қолда-

нуға болатынын ескерген жөн, өйткені тұрмыстық зорлық-зомбылық қаупінің бар екендігі туралы жеткілікті ақпарат баршылық.

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы». 2010 жылғы 29 сәуірдегі №271 ҚР Заңы	«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 ҚР Заңы	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы». 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214 ҚР Заңы
24-бап	19-2-бап.	18-бап
Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдануға негіздер	Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шараларын қолдануға негіздер	Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану үшін негіздер
<p>1. Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдануға мына мән-жайлардың бірі:</p> <p>1) жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе өтініштері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар;</p>	<p>1. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шараларын қолдануға мына мән-жайлардың бірі:</p> <p>1) жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе өтініштері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар;</p>	<p>1. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану үшін мынадай мән-жайлардың бірі:</p> <p>1) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері немесе хабарламаларының келіп түсуі;</p>

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы». 2010 жылғы 29 сәуірдегі №271 ҚР Заңы	«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 ҚР Заңы	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы». 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214 ҚР Заңы
24-бап	19-2-бап.	18-бап
Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдануға негіздер	Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қалудың жеке профилактикасы шараларын қолдануға негіздер	Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану үшін негіздер
<p>2) құқық бұзушылық жасау не жасауға әрекет ету фактісін уәкілетті лауазымды адамның тікелей анықтауы;</p> <p>3) мемлекеттік органдардан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан түскен материалдар негіз болып табылады.</p> <p>2. Құқық бұзушылық жасау туралы немесе оны жасау қатері туралы өтініштер мен хабарламаларды мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.</p>	<p>2) құқық бұзушылық жасау не жасауға әрекет ету фактісін ішкі істер органы қызметкерінің тікелей анықтауы;</p> <p>3) мемлекеттік органдардан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан түскен материалдар негіз болып табылады.</p> <p>2. Құқық бұзушылық жасау туралы немесе оны жасау қатері туралы өтініштер мен хабарламаларды мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.</p>	<p>2) ішкі істер органы қызметкерінің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жасалу не оны жасауға әрекет ету фактісін тікелей анықтауы;</p> <p>3) мемлекеттік органдардан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан келіп түскен материалдар негіз болып табылады.</p> <p>2. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жасалғаны туралы немесе оның жасалу қаупі туралы өтініштер мен хабарламаларды мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.</p>

Жеке профилактика шараларын қолдану негіздерін салыстырма талдау бұл шаралардың қағидатты айырмашылықтары жоқ екендігін және зерттелетін баптардың редакцияларын, әсері кез келген деликтілік қатынастардың алдын алу және профилактикасы үшін жеке профилактика шараларын қолдануды талап ететін қоғамдық қатынастардың барлық саласына қолданатын «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» негізгі заңда қалдыруға болатынын көрсетті. Яғни, 19-2 және 18-баптарды жоғарыда аталған тиісті мамандандырылған заңдардан алып тастауға болады.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңның редакциясын қоспағанда, жеке профилактика шараларын қолданудың алғашқы негіздері бір-біріне сәйкес келеді. Мағынасы бойынша, бұқаралық ақпарат құралдарындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабарламалар тұрмыстық зорлаушыға жеке профилактика шараларын қолданудың құқықтық негізі болмауға тиіс, бұған ІО-нің құқық қолдану практикасында жол беруге болмайды.

2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Қазақстан Республикасы Заңының негізінде арыздар мен хабарламалар өтініштер болып табылады және жеке немесе ұжымдық, жазбаша, ауызша, не электрондық құжат, бейнеконференцбайланыс, бейнеөтініш нысанында болады. Бұл заңда хабарламаларды немесе арыздарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау нысаны көзделмеген. [51].

Бірақ бұл ІО органдары бұқаралық ақпарат құралдарындағы қылмыстық сипаттағы хабарламаларға назар аудармауы керек дегенді білдірмейді. ҚР Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі «Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидасын бекіту туралы» №89 бұйрығының 11-12-тармақтарына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпарат сотқа дейінгі тергеуді бастауға себеп болып табылады. Мұндай ақпарат тергеушілердің, анықтаушылардың, прокурорлардың, сондай-ақ қылмыстық қудалау органдарының өз құзыреттеріне сәйкес осы факт бойынша сотқа дейін тергеу тапсырылған лауазымды тұлғаларының Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде дереу тіркеуіне жатады. [27].

Жүйеленген заңнама бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпаратқа назар аударудың құқықтық негіздерін көздейді. Айталық, ҚРӘҚТК-тің 802-бабында жеке адамдардың хабарлары немесе арыздары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғауға себеп болып табылатыны атап көрсетілген.

ҚР ҚПК 183-бабында осы тақылеттес талаптар бар: «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар, олар газетте немесе журналда жарияланса не радиомен, телевизия арқылы немесе телекоммуникациялық желілерде таратылған болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға себеп болуы мүмкін».

Бұдан басқа, қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарды органның талабы бойынша жариялаған немесе таратқан бұқаралық ақпарат құралдарында басқарушылық функцияларды орындайтын адамдар, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға құқылы, жасалған хабарды растайтын, өздерінің қарауындағы құжаттарды және өзге де материалдарды беруге, сондай-ақ адам оларды ақпарат көзін құпия сақтау

шартымен берген жағдайларды қоспағанда, бұл мәліметтерді берген адамды атауға міндетті.

Осыған байланысты, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың барлық түрлері туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы кез келген мәліметтер тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға жеке профилактикалық шараларды қолдауға құқықтық негіз болуы керек.

2) уәкілетті лауазымды тұлғаның құқық бұзушылық жасалу не жасауға талпыныс фактісін тікелей байқауы	2) ішкі істер органы қызметкерінің құқық бұзушылық жасалу не жасауға талпыныс фактісін тікелей байқауы	2) ішкі істер органы қызметкерінің тұрмыстық зорлық-зомбылық жасалу не жасауға талпыныс фактісін тікелей байқауы;
--	---	--

Зерттелетін баптардың 1-бөлігінің 2-тармақтарына салыстырма талдау жасау «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР заңының құқық бұзушылық фактісін көрген адамдардың жеке профилактикалық шараларды қолдану құқығы туралы нақты түсінік бермейтінін көрсетеді. Бірақ, іс жүзінде профилактикалық шаралар тізбесіне сүйенетін болсақ, оларды қолдануды ІО лауазымды тұлғалары іске асырады. Ал ол үшін кез келген тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектісінің ғана емес, ҚР барлық заңды орындайтын азаматтарының құқық бұзушылық жасалу не жасауға талпыныс фактісін тікелей байқауы негіз болуы керек. Көптеген бағдарламалық құжаттарда жарияланған барлық құқық бұзушылықтарға төзімсіздік таныту саяси қағидаты да осыны талап етеді.

Мысалы, «Құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы» ҚР Заңының 19-бабының 2-тармағында «Құқық бұзушылық профилактикасы субъектілері өздеріне белгілі болған, мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын, дайындалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылық фактілері туралы осы органдарға дереу хабарлауға міндетті» екендігі тікелей регламенттелген. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 15-бабының 1-бөлігінің 5-тармағында осы

тақылеттес талаптар бар, онда көмек көрсететін ұйым құпиялылық қағидатына қарамастан, ІО-ді тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері немесе оларды жасау қаупі туралы хабардар етулері керек.

Бұл мәселені қараудың өзектілігі отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар факторларын ерте кезден анықтауға, шектеуге және жоюға, сондай-ақ жанжалдасушы тараптардың бір-бірімен байланысуды болдырмауға бағытталған профилактикалық іс-шаралардың жаңа кешенінің пайда болуымен байланысты.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты таза күйінде профилактикалау мүмкін емес, өйткені отбасылық-тұрмыстық қатынастардағы құқық бұзушылықтардың себептері қоғамдық қатынастардың басқа салаларындағы бұзушылықтар себептерімен сәйкес келеді, олар: қызғаныш, маскүнемдік, ішімдікке салыну, бас айналдыратын заттарды қолдану, көре алмаушылық, тәрбиенің жоқтығы, маргиналдық мінез-құлыққа бейімдік, экономикалық тәуелділік, сексуалдық бұзылушылық және т.б. Сондықтан да отбасылық-тұрмыстық қатынастардың кейбір ерекшеліктерін қоспағанда, профилактикалық қызмет ұғымдары бір-бірімен сәйкес келуге тиіс.

Салыстырылатын заңдарда жеке профилактика шаралары ұғымында бірқатар айырмашылықтар бар.

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы». 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271 ҚР Заңы	«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 ҚР Заңы	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы». 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214 ҚР Заңы
23-бап	19-1-бап	17-бап
Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары адам не адамдардың шектеулі тобы тарапынан құқық бұзушылық жасаудың алдын алу, сондай-ақ оны жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою мақсатында олардың құқықтық санасына және мінез-құлқына жүйелі түрде мақсатты ықпал ету үшін қолданылады.	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары олардың тарапынан жаңа құқық бұзушылық жасаудың алдын алу, сондай-ақ оларды жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою мақсатында кәмелетке толмағандардың құқықтық санасына және мінез-құлқына мақсатты түрде жүйелі әсер ету үшін қолданылады.	Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шаралары тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның құқықтық санасына және мінез-құлқына жүйелі түрде мақсатты ықпал ету үшін, оның тарапынан жаңа құқық бұзушылықтар жасалуының алдын алу және жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолданылады.

Өзіміз көріп отырғандай, әр заңдағы айқын-дамалар арасында айырмашылықтар бар. Бұл ретте тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шеңберінде шектеулі адамдардың құқықтық санасына және мінез-құлқына әсер ету мүмкін емес, тек бір адамның мінез-құлқына әсер ету мүмкін екендігі түсініксіз. Одан басқа, жалпы айқындамадан айырмашылығы сол, «құқық бұзушылықтардың жасалуына әсер ететін себептер мен жағдайларды жою» тұжырымы да тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларында жоқ. Ал Заңның 1-бабының 4-тармақшасында «тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы» терминіне айқындама берілген кезде құқық бұзушылықтарды жою ғана емес, олардың жасалу себептері мен жағдайларын анытау да көрсетілген.

Осылайша, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасын айқындауда салыстырылатын заңдарда баяндалған айқындамалар да ескерілуге тиіс.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 16-бабында: «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шараларын

қолдану кезінде туындайтын қатынастарды реттеу осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының құқық бұзушылық профилактикасы туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады» делінген.

Яғни, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында көзделген профилактикалық іс-шаралардың барлық кешені отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында қолданылады.

Осылайша, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңын 3-тарауы «Құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы» ҚР Заңын қайталамауға тиіс, ол өзінің ерекше талаптарын белгілеуі керек. Олай етпеген жағдайда, толығымен қайталау болатын болса, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шараларын белгілеудің еш мәні жоқ.

Солай болғанымен де 17-баптың 2-тармағының талдауы тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының он шарасының жетеуі құқық бұзушылықтардың жеке профилактикасы шараларын қайталайтынын көрсетеді.

<p align="center">«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы». 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271 ҚР Заңы</p>	<p align="center">«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 ҚР Заңы</p>	<p align="center">«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы». 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214 ҚР Заңы</p>
<p align="center">23-бап</p>	<p align="center">19-1-бап</p>	<p align="center">17-бап</p>
<p>Құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) профилактикалық әңгімелесу; 2) қорғау нұсқамасы; 3) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс; 4) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары; 5) құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу; 6) профилактикалық есепке алу және бақылау; 7) әкімшілік жаза қолдану; 8) ата-ана құқықтарынан айыру не оларды шектеу, бала (ұл, қыз) асырап алудың күшін жою, қамқоршыларды және қорғаншыларды өздерінің міндеттерін орындаудан босату және шеттету, баланы патронаттық тәрбиешінің тәрбиесіне беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзу; 9) сот үкімі бойынша қабылданытын шаралар; 10) әкімшілік қадағалау орнату; 11) жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу болып табылады. 	<p>Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) профилактикалық әңгімелесу; 2) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс; 3) профилактикалық есепке алу және бақылау; 4) арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу; 5) тәрбиелік ықпал ету шаралары; 6) қорғау нұсқамасы; 7) әкімшілік жаза қолдану; 8) сот үкімі бойынша қабылданытын шаралар болып табылады. 	<p>Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шаралары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) профилактикалық әңгімелесу; 2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау не қорғау нұсқамасын шығару үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізу; 3) қорғау нұсқамасы; 4) әкімшілік ұстау; 5) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары; 6) құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу; 7) әкімшілік жаза қолдану; 8) ата-ана құқығынан айыру не оны шектеу, бала (ұл, қыз) асырап алудың күшін жою, қорғаншыларды және қамқоршыларды өз міндеттерін орындауынан босату және одан шеттету, баланы патронаттық тәрбиешінің тәрбиесіне беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзу; 9) іс жүргізудің мәжбүрлеу шаралары және қылмыстық процесте жәбірленушілердің қауіпсіздік шаралары; 10) сот үкімі бойынша қолданылатын шаралар болып табылады.

Жоғарыда келтірілген кестеден көрініп тұрғандай, салыстырылатын заңдар жеке профилактика шараларының саны және түрлері әртүрлі болуын көздейді. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» жалпы ҚР Заңы жеке профилактика шараларының ең көп санын көздейді

(11) және бұл түсінікті әрі қисынды. Төменде беріліп отырған салыстырмалық талдау тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шараларының оңтайлы санын айқындауға мүмкіндік береді.

1-тармақ Профилактикалық әңгімелесу салыстырылып отырған барлық заңдарда көзделген.

25-бап Профилактикалық әңгімелесу	19-3-бап Профилактикалық әңгімелесу	19-бап Профилактикалық әңгімелесу
<p>1. Профилактикалық әңгімелесудің негізгі міндеттері құқыққа қарсы мінез-құлықтың себептері мен жағдайларын анықтау, құқық бұзушылықтың әлеуметтік және құқықтық салдарларын түсіндіру және заңға мойынсынушылық мінез-құлықтың қажеттігіне сендіру болып табылады.</p> <p>2. Профилактикалық әңгімелесуді құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану құзыретіне жататын құқық бұзушылық субъектісі құқық бұзушылық жасаған немесе оған қатысты құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдануға негіз бар адаммен өткізеді.</p> <p>3. Профилактикалық әңгімелесу құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің қызметтік үй-жайларында, сондай-ақ тұратын жері, оқу, жұмыс орны бойынша не тікелей құқық бұзушылық анықталған жерде өткізіледі және оның ұзақтығы бір сағаттан аспауға тиіс.</p> <p>4. Профилактикалық әңгімелесу өткізілетін адамға құқыққа қарсы іс-әрекеттерді тоқтату қажеттілігі туралы ескертіледі.</p> <p>5. Кәмелетке толмаған адаммен профилактикалық әңгімелесу оның ата-анасының, педагогтарының немесе басқа да заңды өкілдерінің қатысуымен өткізіледі.</p>	<p>1. Профилактикалық әңгімелесудің негізгі міндеттері құқыққа қарсы мінез-құлықтың себептері мен жағдайларын анықтау, құқық бұзушылықтың әлеуметтік және құқықтық салдарларын түсіндіру және заңға мойынсынушылық мінез-құлықтың қажеттігіне сендіру болып табылады.</p> <p>2. Профилактикалық әңгімелесуді құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану құзыретіне жататын кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің мемлекеттік органы мен мекемесінің өкілі құқық бұзушылық жасаған немесе оған қатысты құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдануға негіз бар адаммен өткізеді.</p> <p>3. Профилактикалық әңгімелесу кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесі мемлекеттік органдарының қызметтік үй-жайларында, сондай-ақ тұратын жері, оқуы, жұмыс орны бойынша не тікелей құқық бұзушылық анықталған жерде өткізіледі және оның ұзақтығы бір сағаттан аспауға тиіс.</p> <p>4. Профилактикалық әңгімелесу өткізілетін кәмелетке толмаған адамға құқыққа қарсы іс-әрекеттерді тоқтату қажеттілігі туралы ескертіледі.</p> <p>5. Кәмелетке толмаған адаммен профилактикалық әңгімелесу оның ата-анасының, педагогтарының немесе басқа да заңды өкілдерінің қатысуымен өткізіледі.</p>	<p>1. Профилактикалық әңгімелесудің негізгі міндеттері тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаудың себептері мен жағдайларын анықтау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік және құқықтық салдарларын түсіндіру және заңға мойынсынушылық мінез-құлықтың қажеттігіне сендіру болып табылады.</p> <p>2. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектісі тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адаммен немесе өзіне қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану үшін негіздер бар адаммен профилактикалық әңгімелесуді жүргізеді.</p> <p>3. Профилактикалық әңгімелесу тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің қызметтік үй-жайларында, сондай-ақ тұрғылықты жері, оқу, жұмыс орны бойынша не тікелей тұрмыстық зорлық-зомбылық жасалған жерде өткізіледі және ол бір сағаттан аспауға тиіс.</p> <p>4. Профилактикалық әңгімелесу жүргізілетін адамға құқыққа қарсы іс-әрекеттерді тоқтату қажеттілігі туралы ескертіледі.</p> <p>5. Кәмелетке толмаған адаммен профилактикалық әңгімелесу оның ата-анасының, педагогтарының немесе басқа да заңды өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.</p>

Салыстыру нәтижесі мақалалардың мазмұнында алдын-алу сұхбатын іске асыру тетігі бойынша ешқандай айырмашылықтың жоқтығын көрсетті. Сол себепті біз жекелей алдын-алу шарасын өткізудің тәртібі мен түсінігін барлық заңдарда нақтылап отырудың қажеті жоқ деп есептейміз. Сондықтан, жоғарыда келтірілген салыстырмалы заңдардың 19-3 және 19-баптары алынып тасталуы керек.

2-тармақ жекелей алдын-алу шараларын отбасылық зорлық-зомбылық жасаған адамды жеткізу түрінде қарастырады.

Салыстырмалы заңдар мұндай жекелей алдын-алу шараларын ескермейді және бұл дұрыс.

ҚРӘҚБтК-тің 40-тарауы жеткізуді әкімшілік құқық бұзушылықтың өндірістік қамтамасыз ету шарасы ретінде кодификациялайды. Ішкі істер органдарының әкімшілік құқық және әкімшілік қызмет бойынша оқу және ғылыми әдебиеттері жеткізуді әкімшілік мәжбүрлеудің бұлтартпау шарасы деп түсіндіреді.

Сондай-ақ, талданатын пункт жеткізудің екі мақсатын ғана көздейді: әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау немесе қорғау нұсқамасын шығару. ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 786-бабы жеткізудің тағы екі мақсатын көздейді:

1) құқық бұзушылықты тыю үшін;

2) құқық бұзушыны анықтау.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Қазақстан Республикасы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заңының 17-бабынан 2-тармақтың алынып тасталғаны дұрыс деп есептейміз. Жеткізу тұжырымдамасы, себептері мен мерзімдері және оны іске асыру тетігі ең жоғарғы заңмен (ҚРӘҚБТК) реттеледі, сондықтан жеткізу тәртібін басқа заңдармен қайталауға ешқандай себеп жоқ.

Тағы бір маңызды мәселе 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа ҚРӘҚБТК-ң қабылдануына байланысты туындады. Мұның басты себебі, ҚРӘҚБТК-ң 786 бабында кодекс авторлары тұр-

мыстық зорлық-зомбылық көрсетушіні жеткізудің құқықтық негіздерін ескеруді ұмыт қалдыруында.

ҚРӘҚБТК мен ҚР Қылмыстық кодексінің жобалары бойынша ҚРӘҚБТК-ның 9-1 тарауындағы (01.01.2015 дейін жарамды) барлық мақалаларды көшіру көзделген болатын, сондықтан ҚРӘҚБТК-ның жаңа 786 бабында осындай құқық бұзушылық үшін ішкі істер органына жеткізу мүмкіндігін қоспаған. Соңғы сәтте 79-5 бабымен (ҚРӘҚБТК-ның жаңа бабында 73) әкімшілік құқық бұзушылықтың мәртебесін сақтау шешімі қабылданды, бірақ құқық бұзушыны ішкі істер органына жеткізу мүмкіндігін қарастырмаған.

786 бап. Жеткізу (01.01.15 кейін)	619 бап. Жеткізу (01.01.15 дейін)
Жоқ	1-1) 79-1 бапта және қазіргі Кодекстегі 79-5, 79-6 бапта көзделген құқық бұзушылық - ішкі істер органдарының қызметкерлерімен реттеледі.

Мақаланың мұндай мәтінін тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жалғасуы мүмкін екеніне қарамастан, тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсетушіні ішкі істер органына жеткізуге болмайды деп түсіндіруге болады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 9 сәуірдегі №1 (25.11.2016 жылғы №11 өзгертулерімен) нормативтік қаулысы бұл проблемалық жағдайды түсіндірмейді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалатын жерге жеткізу құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, адам ӘҚБТК-нің 786-бабы бірінші бөлігінің 1), 3), 4), 5), 7) тармақшаларында және екінші бөлігінде көзделген құқық бұзушылықты жасаған жағдайларда егер хаттаманың жасалуы не қорғау нұсқамасының шығарылуы міндетті бола тұра оларды сол болған жерінде жасау мүмкін болмаса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау не қорғау нұсқамасын шығару мақсатында жеке адамды, заңды тұлғаның өкілін, лауазымды адамды, сондай-ақ көлік құралдарын, кемеңі және құқық бұзушылық жасаудың басқа да құралдарын мәжбүрлеп алып келуді білдіреді.

Аталған қамтамасыз ету шарасын қолдану үшін әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалу фактісі туралы объективті деректердің және өзіне қатысты осы шара қолданылып отырған адамның құқық бұзушылықты жасағаны туралы негізді болжамның болуы негіз болып табылады. Құқық бұзушының мемлекеттік орган өкілдерінің әкімшілік құқық бұзушылықты жасауды тоқтатуы туралы заңды талаптарына немесе өкімдеріне бағынудан бас тартуы қосымша негіздердің бірі болып табылады. Аталған қамтамасыз ету шарасын өзге жағдайларда қолдануға жол берілмейді».

Яғни, учаскелік полиция инспекторы немесе ювеналдық полицияның учаскелік инспекторы әкімшілік құқық бұзушылық жайында хаттама немесе ҚРӘҚБТК-нің 73-бабына сәйкес құқық бұзушылық орын алған жерде қорғау нұсқамасын жасай алатын болса, тұрмыстық зорлаушыны жеткізуге болмайды. ҚРӘҚБТК-нің 786-бабының 1 және

2 тарауларының 1), 3), 4), 5), 7) тармақтары бұл жағдайды қарастырмайды.

Біздің ойымызша, аталмыш мәселені «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 9 сәуірдегі № 1 Нормативтік қаулысымен түсіндіру арқылы немесе ҚРӘҚБТК-ның 786-бабына сәйкесінше өзгертулер мен толықтырулар енгізу арқылы шешуге болады.

Бұған дейін тұрмыстық әкімшілік құқық бұзушылықтарға қатысты жеткізу жұмыстары 01.01.15 жылға дейін қызмет еткен ҚРӘҚБТК-мен қарастырылды. Кейін заң шығарушы ҚРӘҚБТК-ден жеткізуді алып тастады. Себебі жобаға сәйкес 73 және 461 баптар ҚР ҚК-ге ауыстырылды. Алайда ҚРӘҚБТК-нің 788 және 789 баптары негізінде тұрмыстық зорлаушыны ұстауға болады. Десе де тұрмыстық зорлаушыны ІІО-ге әкелмей, ұстау мүмкін санала ма?

Тұрмыс аясында, оның ішінде ҚРӘҚБТК-нің 73, 73-1, 73-2 және 461 баптары бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды ІІО-ге жеткізуді қарастыра отырып, ҚРӘҚБТК-нің 788-бабына түзетулер енгізу қажет.

3-тармақ қорғау нұсқамасы негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының мамандырылған шарасымен айқындалады. Аталмыш шара әкімшілік немесе қылмыстық процесстік ұстау үшін негіз болмаған жағдайда жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылады. Яғни, тұтқындаудың қандай да бір түріне негіз болған жағдайда, нақты ұстау жүргізілмесе де, қорғау нұсқамасын пайдалану мүмкін саналмайды.

Қорғау нұсқамасы талданатын заңдардың барлығымен қарастырылған, алайда аталмыш шараны пайдалану тәртібі бойынша түсіндірмелер тек «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында келтірілген. Себебі аталмыш шара тек отбасылық-тұрмыстық жанжалдар жағдайында және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас

субъектілерінің арасында ғана пайдаланылады. Яғни, жанжал көрші, дос, әріптес және алыс бөлек тұрып жатқан, оның алдында бірге тұрмаған алыс туыстардың арасында орын алса, қорғау нұсқамасын пайдалану мүмкін саналмайды. Сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық болған орынның ешқандай маңызы жоқ, себебі «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 18-бабына сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану үшін негіз болып зорлық-зомбылық фактісі ғана емес, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жасалғаны туралы немесе оның жасалу қаупі туралы өтініштер мен хабарламалар да негіз саналады.

Тұрмыстық зорлаушыға шектеу қою үшін, жанжалдасушы тараптар бөлек тұру қажет. Қорғау нұсқамасымен төмендегіге тыйым салынады:

- 1) тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға;
- 2) оның еркіне қарамастан оны **іздістіруге**; Агрессор жәбірленушімен бір шаңырақтың астында өмір сүрсе, мұндай шараның не керегі бар?
- 3) **ізіне түсуге**;
- 4) **оған баруға**;
- 5) **онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге**. Мұндай тыйымдар психологиялық (эмоционалды) зорлық-зомбылық көрсету мақсатын көздемейтін ауызша және телефон арқылы сөйлесулерге қатысты қарастырылмауы қажет. Мысал ретінде тұрмыстық зорлаушы телефон арқылы үйге келіп, өзінің құжаттарын алуға рұқсат сұрайтын жағдайды келтіруге болады.
- 6) кәмілетке толмаған және (немесе) әрекет етуге қабілетсіз отбасы мүшелерін ескере отырып, өзге де тәсілдермен **байланыс жасауға** тыйым салынады.

Біздің ойымызша, қорғау нұсқамасы ортақ баланың ауруы секілді дәлелді себептерді жоққа шығармауы керек. Мұндай жағдайлар алдын ала болжанып, қорғау нұсқамасы жөніндегі шешімде назарға алынуы тиіс. Мәселен, балаға немесе мүлікті бөлуге қатысты кездесулер әлеуметтік қызметкерлер немесе үшінші тұлғалардың қатысуымен бекітіле алады.

Бір отбасының мүшелеріне қатысты қорғау нұсқамасы жалдамалы тұрғын үй төлемі, мүлікті иелену және бөлу секілді экономикалық мәселелерге араласпау қажет. Қорғау нұсқамасының ортақ балаға қатысты бірлескен қамқорлыққа, оны күтуге және тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау мақсатынсыз кездесу құқығына заңды ықпал етпеуі қажет.

Осыған байланысты қорғау нұсқамасы жанжалдасушы тараптардың бөлек мекендеуін қарастыруы тиіс.

20 баптың 1 тармағында «жәбірленушінің пікірін ескере отырып» сөзі ІІО қызметкерлерінің қорғау нұсқамасын жариялау бойынша ақырғы шешімін қабылдауын ескеруі қажет. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың тоқтауына қатысты сенімділік болмаса, не тұрмыстық зорлық-зомбылық аса ауыр түрлерге көшсе, ІІО қызметкері қорғау нұсқамасын өз бетінше пайдалануы керек.

4-тармақ әкімшілік ұстау шарасын қарастырады. Салыстырылып отырған заңдар жеке профилактиканың мұндай шарасын қарастырмайды. Сол себепті 4-тармақты артық деп санаймыз.

ҚРӘҚБтК-нің 40-бөлімі ұстап алуды әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шарасы ретінде қарастырады. ІІО-нің әкімшілік құқығы мен әкімшілік қызметі жөніндегі оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерде ұстап алу жеткізу секілді жеке профилактика емес, бұлтартпау шарасы болып есептеледі.

ҚРӘҚБтК-нің 787-бабы

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 21-бабы

Әкімшілік ұстап алуды, яғни құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе іс жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында жеке тұлғаның, заңды тұлға өкілінің, лауазымды адамның жеке бас бостандығын қысқаша мерзімге шектеу...

Әкімшілік құқық бұзушылық құрамы бар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу мақсатында және жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қорғау нұсқамасын шығару жеткіліксіз деп ұйғаруға негіздер болған жағдайда ішкі істер органдарының лауазымды адамы тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды арнаулы орында мәжбүрлеп ұстай отырып, іс-әрекет және жүріп-тұру бостандығынан уақытша айыруды көздейтін әкімшілік ұстауды жүргізеді.

Әкімшілік ұстаудың ұғымдары мен мақсаттарын салыстыру арқылы бірқатар қарама-қайшылықтарды анықтауға болады. Біріншіден, ҚРӘҚБтК-ге сәйкес әкімшілік ұстап алу – бостандықты қысқа уақытқа шектеу, ал Заңда бұл - «жеке бас бостандығын қысқаша мерзімге шектеу». Заңда әкімшілік ұстаудың 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін пайдаланылған ҚРӘҚБтК-дегі көнерген, қате түсінігі ұсынылады.

Әкімшілік ұстау әркез ІІО-нің, азаматтар мен кейбір құқық қорғау органдарының юрисдикциялық өкілеті саналатын. Сол себепті әкімшілік ұстау түсінігі өзгертілді.

Құқық бұзушылық немесе тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісін бұлтартпас үшін әкімшілік тұтқындау мақсаты – бір. Алайда Заңда әкімшілік ұстап алудың тағы бір мақсаты – әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша өндірісті қамтамасыз ету көрсетілмеген. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 21-бабында әкімшілік ұстаудың ешқандай артықшылықтары көрсетілмеген. Яғни, аталмыш баптың қажеті де шамалы.

Құқық қолдану тәжірибесінің негізгі мәселелері, біз болжағандай, 01.01.15 жылдан кейін, әкімшілік ұстаудың мерзімін анықтауға қатысты туындады.

Біріншіден, ҚРӘҚБтК-тің 787-бабының жаңа редакциясы 3 сағатқа дейін ұстауды, және диспозициямен тікелей анықталған кейбір жағдайларда 48 сағат ішінде жүзеге асыруды қарастырады.

Екіншіден, аталмыш бапта жазасы әкімшілік тұтқындауды қарастыратын әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін 48 сағат ішінде тұтқындау мүмкіндігі жойылды. Мұндай қаулы ҚРӘҚБтК-нің алғашқы редакциясында негізделді, ол жерде әкімшілік тұтқындау негізінде жаза қарастырылмады.

Мәселен, жаңа ҚРӘҚБтК күшіне енгеннен кейін, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар аясындағы

құқыққа қарсы әрекеттер (қазіргі ҚРӘҚБтК-нің 73-бабын көріңіз) үшін үш сағатқа дейін және (немесе) зорлаушы мас күйде болған жағдайда, медициналық қызметкер тарапынан мастықтың таралғанына 3 сағат өтті деген куәлік етілгенге дейін жүзеге асыруға болады. Зорлаушыны 3 сағат қана ІО-де ұстап, кейін үйге жіберетін болса, оның мәні не? Бұл келеңсіздік ҚР Қылмыстық Кодексі жобасынан 56 норманы ҚРӘҚБтК-ке қайтару кезінде, ҚРӘҚБтК-ке «Әкімшілік ұстау» жөніндегі 787-бапты қосуға ұмытып кеткен кезде орын алған болар.

Ұстап алудың басталу және аяқталуын жаңа мерзімін айқындаудың негізділігі күмән келтіреді.

01.01.2015 жылға дейінгі ҚРӘҚБтК-нің 622-бабы	01.01.2015 кейінгі ҚРӘҚБтК-нің 789-бабы
Әкімшілік ұстап алу мерзімі жеке тұлғаны алып келген сәттен есептеледі.	Ұстап алынған адамның бас бостандығы ұстап алған адамға қандай да бір процестік мәртебе берілуіне немесе өзге де формальды рәсімдер орындалуына қарамастан, шын мәнінде шектелген кезде, минутына дейінгі дәлдікпен сол сағат ұстап алу мерзімінің басталуы болып табылады.
Жоқ	Нақты ұстап алу уақытынан бастап үздіксіз есептелетін үш сағаттың өтуі осы мерзімнің аяқталу кезі болып табылады.

Жоғарыда келтірілген жаңа ҚРӘҚБтК-нің 789-бабының мағынасы бойынша, әкімшілік ұстап алу құқық бұзушыны ІО-нің қызметтік кеңсесіне әкелмес бұрын басталады. Алайда әкімшілік ұстаудың мерзімі жеткізілуші тұлғаны арнайы кеңсеге әкелмес бұрын аяқталып қалатын жағдайлар болады (көбіне ауылдық жерлердегі учаскелік полиция инспекторларында жиі кездесетін жағдай), мәселен, жолға 3 сағаттан артық уақыт кеткен кезде. Яғни, ҚРӘҚБтК-нің 789-бабында көзделген әкімшілік ұстау өз мақсатына жетпейді (немесе жекелей орындалады).

Сонымен бірге жаңа ҚРӘҚБтК-нің 788-бабының 7-тармағына қатысты қарама-қайшылық туындайды. «Әкімшілік ұстап алуға ұшыраған адамдар арнайы бөлінген, санитарлық талаптарға сай келетін және оларды өз еркімен тастап кету мүмкіндігі болмайтын үй-жайларда ұсталады»... Яғни, әкімшілік құқық бұзушылық үшін ұсталған адам арнайы ғимарат (мекеменің) табалдырығын аттамайынша, оның дәрежесі әкімшілік құқық бұзушылыққа орын берген тұтқын емес, жеткізілген адам секілді қаралуы тиіс.

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 398 қаулысымен құқық бұзушыны ұстап алу мерзімі ұлғайтылды: әкімшілік ұстап алу жазасы қарастырылатын бапта 24 сағатқа дейін [54]. Авторлардың не себепті 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін пайдаланылған 48 сағат мерзіміне оралмағаны түсініксіз. Сауалнама жасау кезінде, респонденттер «кезекші сот» институтын енгізбей, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін саналмайтындығына тоқталды. Респонденттердің ойынша, ауылдық жердегі полиция қызметкерлері штатының саны жеткіліксіз саналады,

сонымен қатар кезекші соттардың жұмысы да тұрақсыз келеді.

5-тармақ тұрмыстық зорлаушыға медициналық сипаттағы шекті шараны пайдалану секілді жеке профилактиканы қарастырады. Ұқсас шараны «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы да көздейді, алайда мұндай шара «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңында қарастырылмаған. Алайда бұл дегеніміз аталмыш шара кәмелетке толмағандарға қатысты пайдаланбайды деген сөз емес. Осы заңның 13-бабының 2-тармағында келесідей айтылады: «Алкогольдік ішімдіктерді, есірткі және психотроптық заттарды, сол тектестерді құмарлықпен салынып пайдаланатын кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына жіберу туралы мәселені қарау кезінде міндетті түрде оларға нашақорлық аурулардан емделу курсынан өтуді белгілеудің орындылығы зерттеледі».

Яғни, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңының 19-1 бабының 4-тармағы кәмелетке толмаған зорлаушыға медициналық сипаттағы шекті шараны пайдаланумен айқындалатын жеке профилактиканы толық қамтиды. Бұл аталмыш жеке профилактиканың ерекшелігі болып саналады. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында медициналық сипаттағы шекті шараларды пайдаланудың ешқандай ерекшеліктері қарастырылмаған, ал «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңын қайталау мәнін жоғалтқан.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009

жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексіне сәйкес маскүнемдік, нашақорлық және уытқұмарлыққа шалдыққан науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек ұсынудың құқықтық негіздері қарастырылған. Мемлекет маскүнемдік, нашақорлық және уытқұмарлықтың алдын алу және емдеу бойынша шаралар жүйесін қамтамасыз етеді [52].

Медициналық сипаттағы мәжбүр шаралар келесі тұлғаларға қатысты сот шешімімен жүргізіледі:

- 1) маскүнемдік немесе нашақорлық, я болмаса уытқұмарлыққа шалдыққан, қылмыстық құқық бұзушылықтарға барғандарға;
- 2) созылмалы маскүнемдік немесе нашақорлық, я болмаса уытқұмарлыққа шалдыққан, әкімшілік құқық бұзушылық жасағандарға;
- 3) еркін емдеуден бас тартқан маскүнемдік немесе нашақорлық, я болмаса уытқұмарлыққа шалдыққандарға қатысты.

Нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеу медициналық-әлеуметтік оңалту, олар медициналық көмек үшін наркологиялық ұйымдарға жүгінген жағдайда, ерікті (қажет болған жағдайда жасырын) түрде жүргізіледі.

Маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан деп тану Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі белгілеген тәртіппен тиісті медициналық куәландырудан кейін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары арқылы жүзеге асырылады.

Маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан деп танылған адам мұнымен келіспеген жағдайда бұл шешімге жоғары тұрған денсаулық сақтау саласын басқару органына немесе сотқа шағым жасауына болады. Нашақорлықпен ауыратын адамдардың:

- 1) білікті медициналық көмек алуға;
- 2) наркологиялық ұйымды таңдауға;
- 3) өз құқықтары мен өздерінің наркологиялық сырқатқа шалдығуының сипаты және қолданылатын емдеу мен оңалту әдістері туралы ақпарат алуға;
- 4) медициналық-әлеуметтік оңалтуды - тұрғылықты жері бойынша, сондай-ақ қажет болған жағдайда жүрген жері бойынша өткізуге құқығы бар.

Нашақорлықпен ауыратын адамның немесе оның заңды өкілінің ұсынылып отырған медициналық-әлеуметтік оңалтудың кез келген сатысында одан бас тартуға құқығы бар. Медициналық-әлеуметтік оңалтудан бас тартқан адамға не оның заңды өкіліне оңалту іс-шараларын тоқтатудың ықтимал зардаптары түсіндірілуге тиіс. Медициналық-әлеуметтік оңалтудан бас тарту, оның ықтимал зардаптары туралы мәліметтер көрсетіле отырып, медициналық құжаттамаға жазбамен рәсімделеді, оған нашақорлықпен ауыратын адамның немесе оның заңды өкілінің және психиатр-нарколог дәрігердің қолы қойылады.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, нашақорлық диагнозының болуы, наркологиялық ұйымда

диспансерлік қадағалауда тұру фактісі негізінде ғана нашақорлықпен ауыратын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол берілмейді.

Алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауырады деп танылған адамдар тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепке тұруға және байқауға алынуға жатады және оларда уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен демеп емдеуден өтеді.

«Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2184 Заңына сәйкес алкоголизм, нашақорлық пен уытқұмарлық азаматтардың денсаулығына, еліміздің тектілік қорына залал келтіретін және қылмыстың өсуіне себепші болатын дерттер болып табылады. Өз еркімен емделуден жалтарған алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларға денсаулық сақтау жүйесінің мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдарда, емдеу кезеңінде оларды еңбекке тарта отырып, еріксіз стационарлық ем қолданылуға тиіс. Денсаулық сақтау жүйесінің наркологиялық ұйымдарына еріксіз емдеуге жіберу сотты болды деп қаралмайды [53].

– Маскүнемдікке, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеуге жіберуді рәсімдеуді аурудың туыстарының, еңбек ұжымдарының, қоғамдық ұйымдардың, ішкі істер, прокуратура, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының бастамасымен медициналық қорытынды бар болған жағдайда мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асырады. Тұрақты тұрған жайы жоқ ауруларды еріксіз емдеуге рәсімдеуді өтініш берілген кезде тұрып жатқан жері бойынша ішкі істер органдары жүзеге асырады.

– Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдарға жіберу туралы мәселені аурудың тұратын жері бойынша сот материалдың келіп түскен күнінен бастап он күн мерзімнен асырмай оның өзінің, сондай-ақ денсаулық сақтау және ішкі істер органдары өкілдерінің, аурудың туыстарының, еңбек ұжымдары, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен ашық сот мәжілісінде қарайды.

– Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдарда болу мерзімі екі жылдан аспауға, ал қайтара жіберілген жағдайда үш жылдан аспауға тиіс. Ауру адамды мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымға жіберу, егер алдыңғы емделуі аяқталған күннен кейін үш жылдан асатын уақыт өтсе, қайталанған болып саналмайды.

– Наркологиялық ұйымға еріксіз емдеуге жіберу туралы өтініш жасалған ауру адам сот мәжілісіне келуден жалтарған жағдайда оны ішкі істер органдары ықтиярсыз алып келеді.

– Материалдарды әзірлеу барысында, жекелей алғанда, тұлғаны емдеу-сауықтыру мекемесіне бағыттауға қатысты мәлімдемені қарастырған кезде, учаскелік инспектор науқастың жасы мен денсаулығына назар аудару қажет. Полиция қызметкері қызметінің алгоритмі (қарапайым учаскелік

инспектор немесе оның көмекшісі) келесі шаралардан тұрады:

– денсаулық сақтау органдарына медициналық тексерістен өту кезінде көмек береді;

– тұлғаның медициналық тексерістен бас тартуы жағдайында, наркологиялық мекеменің хабары және ішкі істер органы басшысының бұйрығымен, оны міндетті емнен өткізеді. Науқас түбегейлі емге қарсы шыққан жағдайда, аталмыш наркологиялық мекемеде осындай мақсаттарға арнайы бөлінген орындарды емдеуден өткізеді. Наркологиялық мекемелерге қажет болған жағдайда қосымша материал ұсынады. Оған ішімдіктерді, наркотикалық заттарды шамадан тыс пайдалану, қоғамдық тәртіпті бұзу материалын қоса ұсынады (хаттамалар көшірмесі, көршілерді, туысқандарды сұрастыру хаттамасы, жұмыс орнынан сипаттама);

– жинақталған материалдарды тұлғаны мәжбүрлі емге жіберуге қатысты шешім шығаруға байланысты наркологиялық мекемеге бағыттайды.

«Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ішкі істер органдарының маскүнемдікпен күрес аясындағы өкілеттіктері:

– қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтын масаң күйде жүрген адамдарды медициналық ұйымдарға немесе ішкі істер органдарына жеткізуге;

– сот шешімімен тағайындалған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан жалтарып жүрген адамдарды іздеуді жүзеге асыруға, оларды ұстауға және арнаулы медициналық мекемелерге жеткізуге өкілетті.

«Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1095 бұйрығына сәйкес, учаскелік инспекторларда келесі:

– алкогольдік ішімдіктерді асыра пайдаланушы ретінде денсаулық сақтау органдарында диспансерлік есепте тұратын адамдардың;

– есірткі құралдарын, психотроптық және уытты заттарды медициналық емес пайдалануға жол беретіндер ретінде денсаулық сақтау органдарында диспансерлік есепте тұратын адамдардың тізімі болуы керек [24].

6-тармақ тұрмыстық зорлаушыға қатысты ерекше талаптарды бекітумен айқындалатын жеке профилактика шарасын қарастырады. Ұқсас шара «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында бар, алайда мұндай шара «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңда жоқ. Десе де кәмелетке толмағандар әрекеттері үшін арнайы талаптарға қоюға болмайды. Аталмыш

заңның 19-1-бабының 5-тармағы жеке профилактиканың зерттеліп отырған шарасын толық қамтитын тәрбилік ықпал ету шараларын қарастырады.

ҚРӘҚБТК-нің 69-бабының 1-бөлігінің 4-тармағы кәмелетке толмаған адамдарды бос уақытын шектеу және мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеуді қарастырады. Аталмыш баптың 3-бөлігі тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану мерзімі үш айға дейінгі ұзақтыққа белгілейді. Бұл ҚРӘҚБТК-нің 54-бабының 1-бөлігіне қарама-қайшы, ол жерде құқық бұзушы әрекетіне қатысты айрықша талаптарды үш айдан бір жылға дейінгі уақыт аралығында бекітуге болады.

Аталмыш мәселені «Соттардың Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Жалпы бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 Нормативтік қаулысы жекелей шеше алады.

22-бапта: «ӘҚБТК-нің 68-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпал ету шараларын сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) әкімшілік жауаптылықтан немесе тағайындалған әкімшілік жазаны орындаудан босату кезінде тағайындауы мүмкін. Бұл ретте ӘҚБТК-нің 69-бабының үшінші бөлігіне сәйкес кәмелетке толмаған адамның бос уақытын шектеу және мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу мерзімі үш айға дейінгі ұзақтыққа белгіленеді» деп айтылады.

ӘҚБТК-нің 54-бабының бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның рұқсатынсыз кәмелетке толмаған адамға белгілі бір жерлерге баруына, басқа да жерлерге шығуына тыйым салуды сот істі қарау кезінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың немесе ішкі істер органдарының өтінішхаты бойынша ғана үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге тағайындауы мүмкін. Мұндай тыйым салу ӘҚБТК-нің 73, 127, 128, 131, 434, 435, 436, 440 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 442 (үшінші бөлігінде), 448, 461, 482, 485 (екінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар ретінде белгіленеді, жаза тағайындалуына қарамастан қолданылады және әкімшілік жазаға қайта тартылып отырған кәмелетке толмағандарға қолданылады» [44].

Осыған байланысты ҚРӘҚБТК 54 бабының 1-бөлігіне құқық бұзушылықты жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу ретіндегі жеке профилактика шараларын қолдану мерзімінің төменгі шегін көрсетпей өзгерістер еңгізу керектігі негізделген. 2014 жылдың 18 ақпанында аталған өзгерістерді еңгізген ҚР «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар еңгізу туралы» Заңы қабылданды [47]. Бірақ жаңа ҚРӘҚБТК

жасау барысында 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болған ҚРӘҚБтК 59-1-бабының ескі нұсқасы пайдаланылады.

Заңдар мен ҚРӘҚБтК баптарын «Құқық бұзушылықты жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу» құжатымен салыстыра келе, біз елеулі айырмашылықтар бар екені туралы шешімге

келеміз. ҚРӘҚБтК 54 бабына бірнеше рет еңгізулер мен толықтырулар кіргізілді (ҚР 2015 жылғы 31 қазанындағы №378, 2016 жылдың 9 сәуіріндегі №501, 2017 жылдың 3 шілдесіндегі №84 Заңдары), бірақ тиісті заңдар оны ескермеді. Осыған орай құқық бұзушылықты жасаған адамға белгіленген ерекше талаптардың орындалуын белгілеу және бақылау механизмі әртүрлі түсіндіріледі.

ҚР «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңның 27-бабы	ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңның 22-бабы	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 54-бабы
<p>1. Сот құқық бұзушының мінез-құлқына оның жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында ерекше талаптар белгілеуі мүмкін.</p> <p>2. Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасы болып табылады және ол әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға әкімшілік жаза қолданылумен қатар және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды әкімшілік жауаптылықтан босатқан кезде оның орнына да қолданылады.</p> <p>3. Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның белгілі бір құқықтарын шектеуге және оған белгілі бір міндеттер жүктеуге әкеп соғады.</p> <p>4. Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу тәртібі, оның қолданылу мерзімі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен айқындалады.</p> <p>5. Мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген адамды ішкі істер органдары профилактикалық есепке қояды және оған профилактикалық бақылауды жүзеге асырады.</p>	<p>1. Жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сот тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеуі мүмкін.</p> <p>2. Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасы болып табылады және ол әкімшілік жаза қолданумен қатар және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам әкімшілік жауаптылықтан босатылған кезде оның орнына да қолданылады.</p> <p>3. Мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген адамға:</p> <p>1) жәбірленушінің отбасының кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетсіз мүшелерін қоса алғанда, оның еркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға;</p> <p>2) атыс қаруын және басқа да қару түрлерін сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға тыйым салынуы мүмкін.</p> <p>Жәбірленуші мен оның отбасы мүшелерін күзету және қорғау үшін сот ерекше жағдайларда тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға осы адамның басқа да тұрғын жайы болған жағдайда, жәбірленушімен бірге жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғын жайда тұруға тыйым салу түрінде әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасын да қолдануға құқылы.</p> <p>4. Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптардың қолданылу мерзімі ішінде оған профилактикалық әңгімелесу үшін айына бір реттен төрт ретке дейін ішкі істер органдарына келу міндеті жүктелуі мүмкін.</p> <p>5. Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу тәртібі, оның қолданылу мерзімдері, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде айқындалады.</p> <p>6. Ішкі істер органдары мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген адамды профилактикалық есепке қояды және оған профилактикалық бақылау жасауды жүзеге асырады.</p>	<p>1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың және (немесе) ішкі істер органдарының өтінішхаты бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде сот осы Кодекстің 73, 73-1, 73-2, 127, 128, 131, 434, 435, 436, 440 (төртінші және бесінші бөліктерінде), 442 (үшінші бөлігінде), 448, 461, 482, 485 (екінші бөлігінде)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған адамның мінез-құлқына үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге:</p> <p>1) жәбірленушінің отбасының кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетсіз мүшелерін қоса алғанда, жәбірленушінің еркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға;</p> <p>2) атыс қаруын және қарудың басқа да түрлерін сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға;</p> <p>3) кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның рұқсатынсыз кәмелетке толмағандарға белгілі бір жерлерге баруына, басқа да жерлерге шығуына;</p> <p>4) алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі, психотроптық заттарды қолдануға толық көлемде немесе жеке-жеке тыйым салуды көздейтін ерекше талаптар белгілеуі мүмкін.</p> <p>2. Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген кезде жәбірленуші мен оның отбасы мүшелерін күзету және қорғау үшін сот ерекше жағдайларда тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға осы адамның басқа да тұрғынжайы болған жағдайда, жәбірленушімен бірге жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда тұруға тыйым салу түрінде әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасын отыз тәулікке дейінгі мерзімге қолдануға құқылы.</p> <p>3. Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптардың қолданылу мерзімі ішінде оған профилактикалық әңгімелесу үшін айына бір реттен төрт ретке дейін ішкі істер органдарына келіп тұру міндеті жүктелуі мүмкін.</p>

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексінің 54-бабы салыстырылып жатқан заңдар нормаларымен салыстырғанда статус бойынша жоғары болып табылады. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 3 және 4-бөліктері ҚР ӘҚБК-нің 54-бабындағы ережелерді қайталайды. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 22-бабында да тұрмыстық зорлық көрсеткен адамдардың мінез-құлқына қатысты ерекше талаптарды белгілеу механизмі жөнінде айтарлықтай ерекшеліктер жоқ, сол себепті бұл норманың қолданылуының еш мәнісі жоқ.

7-тармақ әкімшілік жазаға тартқызу ретінде индивидуалды профилактика шарасын қарастырады. Салыстырылып жатқан заңдарда да мұндай шара бар. Ал оның қолдану механизмі ҚР ӘҚБК-нің Жалпы және процедуралық бөліктерімен нақты қарастырылған. Әкімшілік жазаны тағайындаудың құқықтық негіздері «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңымен қарастырылғандықтан, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының индивидуалды профилактика шараларын қайталауының ешбір мәні жоқ. Осы секілді шешімдерді «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңына қатысты да айта аламыз.

8-тармақ ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру, бала асырап алуды жарамсыз деп тану, қорғаншыларды және қамқоршыларды өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету, баланы патронаттық тәрбиеге беру туралы шартты уақытынан бұрын бұзу секілді әрекеттерді қарастырады. Бұл тармақ нөмірі мен мазмұны бойынша толығымен «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңмен сәйкес келеді және «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңында мүлдем кездеспейді, бұл ақылға сыймайды.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 17-бабының 8-тармағында тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шараларына қатысты ешқандай ерекшелік жоқ. Сол себепті бұл норманың болуының да еш мәнісі жоқ.

9-тармақ «процестік мәжбүрлеу шаралары мен қылмыстық процестегі жәбірленушілер қауіпсіздігі шараларын» қарастырады. Мағынасы жағынан бұл шаралар инклюзивті, себебі олардың қолданылуы тек «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңымен қарастырылған. яғни олар тек тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ғана қатысты қолданылуы тиіс.

Соңғы **10-тармақ** сот үкімімен қабылданатын шараларды қарастырады. Осы секілді шаралар салыстырылып жатқан заңдармен қарастырылған, бұл «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 17-бабының 10-тармағының қолданылу мәнін жояды.

Құқықбұзушылық, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шараларын қолдануды құқықтық реттеудің өзге мәселелері мен кемшіліктерінің барын ескеру керек:

- 1) ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының 19-23 баптары 17 баптың 2 тармағындағы шараларды айқындауға арналған. Дегенмен, ішкі істер органдарына жеткізу, әкімшілік жаза, ата-аналық құқықтан айыру және шектеу және сот шешімі бойынша қолданылатын шаралар сілтеме ретінде де көрсетілмеген;
- 2) ҚР «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңының жеке профилактиканың кейбір шараларының мағынасыз қайталануынан басқа, 17-бабының 3 және 4-тармағындағы мазмұны ҚР «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңының 23 бабының 3 және 4-тармақтарының мазмұнымен сәйкес келеді және ешқандай мәні жоқ;
- 3) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактика шаралары жеке шаралар ретінде көрсетілгеніне назар аударған жөн. Заңда тұрмыстық зорлық-зомбылықты арандататын әлеуметтік құбылыстар мен процесстерді анықтауға көзделген профилактиканың жалпы және арнайы шаралары ашылмайды.
- 4) ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңында және салыстырылып жатқан заңдарда тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы ұғымын анықтаған кезде, ол құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені екені көрсетіледі. Өз кезегінде Заңда профилактикаға бағытталған экономикалық, әлеуметтік және басқа да шаралар көрсетілмеген. Демек, терминдерді тиянақтаған кезде Заң профилактикалық шаралардың кең шеңберін қамтуға талпынады. Дегенмен субъекттерге профилактикалық қызметті тиімді орындауға мүмкіндік беретін нормалар жоқ;
- 5) ҚР-дың салыстырылып жатқан заңдарында индивидуалды профилактика шараларына «профилактикалық есепке алу мен бақылауды» жатқызады (5 және 3-тармақшалар). Бұл шара «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңымен қарастырылмағанын ескеру керек. Бірақ оның «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңында кездесуі мүлде түсіндірілмеген. Себебі бұл «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңын артық көшіру болып табылады.

Осылайша, құқықбұзушылық профилактикасы аясындағы ҚР заңдары бірікпеген жағдайда қолданылуда, көптеген ережелер қайталануда, сондай-ақ бұл заңдардың нормаларына қарсы фактілер де бар. Бұл өз алдына профилактика субъектілеріне осы секілді нормаларды өз бетімен түсіндіруге мүмкіндік береді. Қолданыстағы заңның «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы»

деп аталуы мазмұнына сай емес, себебі бұл заң профилактикаға қатысты деликтілік жағдайлардың барлық аяларын толық қамтымайды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты қарапайы түрде алдын алу мүмкін емес. Тұрмыстық зорлаушылармен жұмыс жасағанда зорлық-зомбылықтың туындау себебіне ықпал жасап және кәмелетке толмағандар ортасындағы маскүнемдік, нашақорлық, қадағалаусыздық және панасыздық, ата-аналық міндеттердің орындалмауы және т.с.с. мәселелерді шешу керек. Осыған байланысты біз «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР жаңа кешенді Заңы және төменде көрсетілген арнайы заңдардың бірігуімен ҚР Заңының дайындалуын және қабылдануына бастамашылық етуді ұсынып отырмыз:

– «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы;

– «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV Заңы;

– «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР 2010 жылғы 29 сәуіріндегі №271-IV Заңы;

– «Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 7 сәуірдегі №2184 Заңы.

2-бөлім. ҚР Ішкі істер органдары жергілікті полиция қызметінің тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын-алу саласындағы зерттеу жұмыстары

2.1 Қазақстан Республикасы ІІО жергілікті полиция қызметкерлерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері

Осы бөлімнің мазмұны тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу және алдын-алу бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін жақсы эмпирикалық материал болып табылады. Қоғамдық мониторингтің ұсыныстарын әзірлеу кезінде жеке пікірлер мен нәтижелер ескерілді. Сұхбаттасушы қызметкерлердің орташа қызмет мерзімі 5 жылдан асқандықтан, сауалнаманың нәтижелері беделді болып саналады және отбасылық зорлық-зомбылықты болдырмау механизмін жетілдіру бойынша басқару шешімдерін әзірлеу кезінде ескерілуі керек.

Сауалнама Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жүргізілді және қоршаған ортаны қорғау полициясы бөлімшелері мен ІІО арнайы бөлімшелерін қоспағанда, жергілікті полиция қызметкерлерінің барлық санаттағы лауазымды тұлғаларынан алынды.

Барлық жауап берушілердің арасында бірлі-жарым қосымша көзқарастары барларды бас әріптермен жазып көрсеттік. Әрі қарай талдау барысында оларға да көңіл бөлінген дұрыс.

Аймақтар бойынша жеке көрсеткіштер осы есептің қосымшасында берілген.

№ п/п	Аймақ атауы	Сұхбат берушілер саны	Жалпы жұмыс өтілі	Оның ішінде қызметте
1	Павлодар обл.	196	8,7	5,4
2	Ақмола обл.	100	8,4	4,3
3	Ақтөбе обл.	118	6,6	4,4
4	Астана қ.	230	9,3	6,6
5	Қарағанды обл.	266	9,3	5,1
6	Қызылорда обл.	55	8,5	4,5
7	Маңғыстау обл.	133	7,8	4,2
8	Солтүстік Қазақстан обл.	162	8,3	3,8
9	Оңтүстік Қазақстан обл.	600	10,5	5,5
10	Алматы обл.	600	6,6	4,5
11	Алматы қ.	268	5,2	3,6
12	Атырау обл.	82	6,1	3,2
13	Шығыс Қазақстан обл.	220	8	5,4
14	Жамбыл обл.	230	9,8	5,9
15	Қостанай обл.	200	8,1	5,6
16	Батыс Қазақстан обл.	193	9,2	5,4
		3652	8	5

2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 165-бабындағы «Жақындауға тыйым салу» жарлығы бойынша тыйым салынған тұлғалардың профилактикалық есепке алынғаны дұрыс па?

1) иә=62%

2) жоқ =32%

Кері пікір:

- Мұндай шара жиі қолданылуы керек;

- пробація қызметі бойынша есеп жүргізу;

- есеп пен бақылауды қылмыстық полиция қызметі жүзеге асыруы тиіс;

- жанжалдасушы тараптар бірге өмір сүргендіктен тиімсіз шара болып табылады;

- жақындасуға тыйым салу шарасын жергілікті полиция қызметі емес, сот жүзеге асырады. Осыған байланысты бақылауды басқа қызметтер жүзеге асыруға тиіс; - ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 165-бабын қайта бұзған жағдайда ғана;

- қорғау нұсқамасы сияқты жақындауға салынған тыйымды бұзғаны үшін де қылмыстық жауапкершілікке тартылуы тиіс;

- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанына қауіп төніп тұрған кезде ғана;

- мұндай шараны жазалау орнына ғана қолдану керек;

- біздің қоғам мұндай шараларды қолдануға дайын емес!

- бұдан қорғау нұсқамасы жақсы;

- жанжалдасушы тарап бірге тұруды жалғастырып жүрген кезде бұл әрекеттің мәні жоқ;

- бірегей қорғау нұсқамасы керек (полицейлік және соттық);

- учаскелік полиция инспекторына есепке қою керек.

3. Отбасылық жанжал тудырушылардың қандай құқық бұзушылығы үшін ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне қойған дұрыс?

1) ҚРӘҚБтК 73-бабына сәйкес = 46%

2) тұрмыстағы денсаулыққа зиян келтірілген барлық құқық-бұзушылыққа = 33%

3) егер қорғау нұсқамасы шығарылған болса = 26%

4) егер құқық бұзушының әрекетіне ерекше талаптар орнатылған болса = 20%

5) ҚРӘҚБтК-ның 434 бабына сәйкес, егер ұсақ бұзақылық отбасылық қатынастар негізінде жасалса = 15%

6) егер қылмыстық іс жүргізу шарасы жақындауға тыйым салу түрінде қолданылса = 11%

7) бас бостандығынан айырылуы тұрмыстық қылмыстық құқық бұзушылықпен байланысты емес жазалау шаралары үшін сотталғандар = 12%

8) бұрын тұрмыстық қылмыстық құқық бұзушылық үшін сотталғандарды = 10%

9) балаларын, еңбекке қабілетсіз-ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтарғандарды = 5%

Басқа пікір:

- тұрмыстық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін бұрын сотталған адамдардың барлық санаттары пробация қызметінде есепте тұруы керек.

4. Тұрмыстық құқық бұзушылық үшін әкімшілік тұтқындауға қанша уақыт рұқсат етілуі қажет?

1) тек 3 сағатқа дейін = 21%

2) 3 сағатқа дейін, ал егер мас күйде болса, онда мастығы тарқағанға дейін, бұл туралы медициналық қызметкер куәлік еткенге дейін = 21%

3) «кезекші судья» институтының көзінше 24 сағатқа дейін = 7%

4) 48 сағатқа дейін = 25%

5) сот істі шешкенге дейін, бірақ 48 сағаттан артық емес = 18%

6) сот істі шешкенге дейін = 16%

Басқа мерзімдер:

- 72 сағатқа дейін;

- шұғыл түрде 48 сағатта қайтару қажет;

- 4 күнге дейін.

6. Отбасылық жанжал тудырушыларды басқа үй-жайы жоқ болған жағдайда тұрақты тұрғылықты жерінен уақытша шығарып тастау үшін сотқа өкілеттілік берген дұрыс па?

1) жоқ = 38%

2) иә = 60%

Басқа пікір:

- ҚРӘҚБтК-ның 54 бабынан «басқа баспанасын бар болған жағдайда» деген жерін алып тастау керек;

- одан 15 күнге қамауға алған дұрыс;

- Психикалық түзету бағдарламаларын жүзеге асыруға болатын отбасылық жанжал тудырушыларға арналған орталықтар ашу;

- Тұрмыстық жәбір көрсетушінің тұрғылықты жері болмаса, мұндай шараны қолдануға болмайды;

- ең дұрысы тұрмыстық жәбір көрсетушіні «Арнайы емдеу-профилактикалық мекемесіне» жөнелту;

- тек әкімшілік қамауға алу;

- егер тұрмыстық жәбір көрсетушіні шығарып жіберсе, онда үйді күзет қызметіне қалдыру керек;

- ең болдмағанда бір күнге;

- қылмыстық атқару құқығына өкілеттілік беру керек;

- тек басқа баспанасы болған жағдайда;

- бұл алдын алу шарасында ешқандай мағына жоқ;

- 100 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға қатыстырған дұрыс.

7. Отбасылық жанжал тудырушыларды басқа үй-жайы жоқ болған жағдайда тұрақты тұрғылықты жерінен уақытша шығарып тастау үшін ішкі істер органдарына өкілеттілік берген дұрыс па?

1) жоқ = 45%

2) иә = 52%

Басқа пікір:

- іс сотта шешілгенге дейін шығару керек;

- азаматтардан түсетін шағымдар көп болатындықтан, ішкі істер органдарына өкілеттілік бермеу керек.

- мұндай шараны сот қана қолдану керек;

- пайдасыз шара;

- Үйден шығарылған отбасы мүшесі өзі де тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбанына айналады.

8. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 73-бабына сәйкес жүйелі бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту дұрыс па? (әкімшілік құқық бұзушылық қағидаты)?

- 1) жоқ = 30%
- 2) екі немесе одан да көп қылмыс жасағаны үшін = 41%
- 3) үш немесе одан да көп қылмыс жасағаны үшін = 26%

Басқа пікір:

- *әкімшілік қамалуға алу алдында санкцияны күшейту.*

9. Қандай ПО бөлімдері қорғау нұсқамасын дербес шығаруы керек? (қажетті жауаптарды белгілеңіз)

- 1) Учаскелік полиция инспекторы және олардың көмекшілері = 50%
- 2) Кәмелетке толмағандардың ісі бойынша учаскелік полиция инспекторы = 30%
- 3) Ішкі істер органының жедел кезекшісі = 9%
- 4) *Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелер* = 14%
- 5) жедел уәкілетті криминалды полиция = 4%
- 6) жергілікті полиция қызметінің барлық сертификатталған қызметкерлері = 17%
- 7) тұрмыстық жанжалдарға жауап беретін жол және потрульді полиция қызметкерлері = 7%

Басқа пікір:

- *Мұндай өкілеттілікті тергеушілерге беру керек.*

10. Қазақстан Республикасының жағдайында мәжбүрлеудің қандай жаңа шараларын қолдану керек?

- 1) отбасылық зорлық-зомбылықтың барлық түрлері үшін құқық бұзушылық қағидаты бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту = 32%
- 2) тұрмыстағы жыныстық қудалау үшін әкімшілік жауапкершілік = 14%
- 3) тұрмыстық жәбір көрсетушіге басқа тұратын жері болмаса да жәбірленушімен бірге тұруға тыйым салу = 7%
- 4) рухани зорлық-зомбылықты іске асырудағы арнайы профилактикалық шаралар (психикалық түзету шаралары) = 4%
- 5) тұрмыстық жәбір көрсетушілермен психологиялық жұмыс = 11%
- 6) романтикалық қарым-қатынаста сенімді түрде тұрған жанжалдасушыларды мәжбүрлеудің барлық шаралары = 6%
- 7) жанжалдасушы тараптарды арнайы емдеу немесе кеңес беру бағдарламаларына қатысуға мәжбүрлеу = 8%
- 8) тұрмыстық зорлық-зомбылықты бірінші рет көрсеткендерге шартты үкім шығару = 5%

9) Тұрмыстағы әкімшілік құқық бұзушылықтар ісінде қоғамдық жұмыстарға тартуды қолдану = 29%

Басқа ұсыныстар:

- *тұрмыстық зорлық-зомбылықтың барлық түрінде қылмыстық жауапкершілікке тартылу керек;*
- *психологтың нақты көмекгі қажет.*

11. Сіздің аймағыңыздағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда субъектілердің ведомствоаралық өзара іс-қимыл деңгейін қалай бағалайсыз?

- 1) жақсы = 41%
- 2) қанағаттанарлық = 39%
- 3) ешқандай өзара іс-қимыл жоқ = 16%

Басқа көзқарастағы пікір:

- *алдын-алу субъектілерінің жергілікті келісімін алу;*
- *өте әлсіз өзара іс-қимыл;*
- *білмеймін.*

12. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдарды қорғау үшін баспана мен оңалту үйлері құрылуы керек пе?

- 1) тек әйелдер мен балалар үшін = 27%
- 2) барлық азаматтар үшін = 35%
- 3) жоқ = 9%
- 4) әйелдер, балалар және қарттар үшін = 30%

Басқалар:

- *қарттар үшін бөлек.*

32	Аудан орталығынан қашық ауыл аумақтарында УПИ психобелсенді заттарды қолдану және масаңдық күйі фактісін белгілеу үшін куәландыру жүргізуге іс жүзінде мүмкіндігі жоқ.	УПИ немесе ауылдық ақушерлік пункттерді масаңдық деңгейін анықтауға арналған сертификатталған аспаптармен қамтамасыз ету. Осы мәселе шешімінің өзге де нұсқалары: - аудандық орталық ауруханаларға тәулік бойы медициналық куәландыру өкілеттігін беру; - ауылдық жерлерде СМС бюросының санын арттыру.	«УПП жұмысын ұйымдастыруға жауапты УПИ, УПИ мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы » 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №1095 ҚР ІІМ бұйрығының 17-т. сәйкес УПИ және оның көмекшісіне құзырет берілген, «психоактивті зат пайдалану және мас күйде болу фактілерін анықтау мәніне адамдарды куәландыруды жүргізеді, ол мүмкін болмаған жағдайда – куәландыру үшін медициналық мекемелерге жеткізеді». Мысалы, Қарағанды облысында осындай екі медициналық мекеме ғана бар, бұл адамдарды куәландыруға жеткізуге мүмкіндік бермейді. Бұзақыны тасымалдау кезінде интоксикация дәрежесі төмендейді.
33	Ауылдық жерлерде азаматтарда (оның ішінде тұрмыстық жәбірлеушілер) жеке басын куәландыратын ЖСН жоқ ескі құжаттардың болу жағдайлары сирек емес, бұл әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға мүмкіндік бермейді.	ҚРӘҚБТК 803-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Мемлекет есебінен көші-қон қызметіне құжаттандыру үшін ақпарат жіберу және тұрмыстық жәбірлеушілерді ЖСН-сыз жауапкершілікке тарту ұсынылған болатын.	803-б. 1-6. 3-т. сәйкестендіру нөмірі туралы міндетті деректемені талап етеді. Егер азаматта ЖСН-сыз ескі құжат болса, онда УПИ оны әкімшілік жауапкершілікке тарта алмайды. Мұндай құқық бұзушыны кім және қалай құжаттандыруы тиіс екендігі көрсетілмеген.
34	Егер тұрмыстық жәбірлеуші күш көрсетумен қорқытса, оны қылмыстық жауапкершілікке тарту өте қиын.	Психологиялық тұрмыстық зорлық үшін заңды жауапкершілікке тарту рәсімін жеңілдету үшін ҚР ҚК 115-бабын ҚРӘҚБТК «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы жасалған қорқыту» ауыстыру керек.	«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» 2009 жылғы 9 желтоқсандағы ҚР Заңына сәйкес, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы қорқыту психологиялық зорлық-зомбылыққа жатады. Тұрмыстық агрессордың құқыққа қарсы әрекеттері құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастағы адамды психикалық әсер ету арқылы қорқытумен көрсетіледі. Қорқыту тәсілдері әртүрлі болуы мүмкін: ауызша немесе жәбірленушіге тікелей немесе үшінші адамдар арқылы не оның жақындары арқылы жолданған жазбаша түрде; телефон, телеграф, факс немесе электронды пошта арқылы.

№	Мәселе	Шешу жолдары және күтілетін нәтиже	Қорытынды және шешім негіздері
35	«Сот кабинеттерінің» қызметі құқық бұзушы қатыспаған кезде іс қарауға қабылданбайтындықтан, тұрмыстық жәбірлеушілерді жауапкершілікке тарту процесін едәуір қиындады.	«Сот кабинетінің» жұмысын тоқтату. Мұндай істер бойынша материалдар міндетті түрде сот өндірісіне қабылдануы тиіс, ал құқық бұзушыларды сотқа әкелуді және жеткізуді сот приставтары жүзеге асыруы тиіс.	2015 жылғы 1095 бұйрық УПИ және оның көмекшісін тікелей қызметімен (патрульдеу, спорттық, мерекелік және басқа да көпшілік іс-шараларды өткізу кезінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, объектілерді күзету, мәжбүрлеп әкелуді орындау, басқа қызметтерге іссапарға бару және т.с.с.) байланысты емес жұмысқа тарту практикасын болдырмайды. ҚРӘҚБтК 434, 73, 73-1, 73-2-б. бойынша құқық бұзушыларды сотқа тарту тетігі УПИ мақсаты бойынша пайдаланбауды болдырмауы тиіс.
36	Практикада полиция мен прокуратура жеткізу және ұстау мерзімдерін өз қарауынша түсіндіреді.	ҚРӘҚБтК жеткізу және ұстау мерзімдерін бірдеу қолдану мақсатында ҚР Жоғарғы сотының Нормативтік қаулысында осы мәжбүрлеу шараларын есептеудің бастапқы сәтіне нақты а-нықтама беру немесе ҚРӘҚБтК 789-689 б. нақты анықтау. ҚІЖК 128-б. мүлде алып тастау керек, өйткені мәжбүрлі жөнелту процесі мерзіммен регламенттелуі мүмкін емес.	Сұхбат барысында прокуратураның жеткізу және ұстау ұғымдарын шатыстыратыны, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық үшін және қылмытық-іс жүргізу ұстау ұғымдарын араластыратыны анықталды, оған қоса ЖПҚ қызметкерлеріне қатысты негізсіз тәртіптік іс қозғайды. Кез келген жеткізу ең қысқа мерзімде жүзеге асырылуы тиіс.
37	Қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін және құқық бұзушының мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптарды бұзғаны үшін 5 тәулікке дейін әкімшілік қамау түрінде бірдей ең жоғары санкция көзделген.	Қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін 461-б. қарағанда анағұрлым қатаң санкциямен ҚРӘҚБтК 54-б. орындамағаны үшін ҚРӘҚБтК мамандандырылған нормасын қабылдау.	Мәніне қарай құқық бұзушының мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жазалау анағұрлым қатаң болуы тиіс, өйткені тұрмыстық жәбірлеушіге белгілеу және шектеу мерзімдері анағұрлым жазалау сипатында.
38	ІО ЖПҚ қызметкерлері тұрмыстық деликтілік фактілеріне әрқашан дерлік тап болады. Тұрмыстық жанжал қатысушыларының санасы әсер етпей, ІО ЖПҚ қызметкерлерінің профилактикалық жұмысы тиімсіз болып табылады.	«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Психологиялық коррекциялық іс-шаралар тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына ғана емес, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға да қолданылуы тиіс	Отбасы-тұрмыстық жанжалдың барлық қатысушылары: жас отбасылар, ұлтаралық, мәдени, этникалық аралас отбасылар және отбасы-тұрмыстық қатынастың өзге де мүшелері үшін психокоррекциялық бағдарламаларды әзірлеу қажеттілігі негізделді. Бұл үшін халықаралық тәжірибені енгізу (АҚШ Дулут қ., Молдова және т.б.) және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңына және кодификацияланған заңнамаға психокоррекциялық бағдарламалардан мәжбүрлі өту тәртібін бекітіп, өзгерістер енгізу керек.
39	Ювеналды соттың ауылдық өңірлерден қашықтығына байланысты ата-аналары балаларды тәрбиелеу міндеттерін орындамағаны үшін соттау үшін көп қаражат пен уақыт жұмсауға тура келеді.	ҚРӘҚБтК 684-б. өзгерістер мен толықтырулар енгізу және ауылдық жерлердің мамандандырылған әкімшілік соттарына ҚРӘҚБтК 127-б. бойынша өз бетінше шешім қабылдауға рұқсат ету.	Сұхбат барысында, сауалнама алынғандардың 75%-дан астамы ҚР-да ювеналды соттардың саны жеткіліксіз екенін көрсетті, ЖПҚ қызметкерлері (атап айтқанда КІБ УПИ) қолайсыз отбасындағы ата-аналарды оларға қатысты әкімшілік жауапкершілік шараларын қабылдау үшін ювеналды сотқа жеткізуге уақытын бөледі.

№	Мәселе	Шешу жолдары және күтілетін нәтиже	Қорытынды және шешім негіздері
41	УПИ халық алдында есеп беру жиілігі бұл қызметті формалды рәсімге айналдырады.	«УПП жұмысын ұйымдастыруға жауапты УПИ, УПИ мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР ІІМ 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1095 бұйрығына УПИ халық алдында есеп беру мерзімділігін өзгерте отырып, өзгерістер енгізу.	Қалалық жерлерде және аудан орталықтарында УПИ халық алдында әрбір УПИ емес, учаскелік полиция пунктінің жұмысына жауапты УПИ есеп беруі тиіс.
42	Барлық дерлің өңірлерде ЖПҚ қызметкерлерін айыппұлдарды өндіріп алуға міндеттейді.	«Ішкі істер органдарының учаскелік полиция инспекторларының қоғамдық тәртіпті сақтаудағы және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін арттыру туралы » 1996 жылғы 24 желтоқсандағы № 1598 ҚР Үкіметінің қаулысына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖПҚ қызметкерлерін құқық бұзушылардан айыппұл өндіріп алу процесіне қатыстыру практикасын алып тастау.	Қарағанды облысы қылмыстық-атқару қызметін азаматтар айыппұл төлемегені үшін жазалайды (170 қызметкерден сұхбат алынды). Азаматтардың кінәлі болып, ал қызметкерлерді жазалағанны қызық!
43	Айыппұл төлемегені үшін айыппұл салу айыппұл төлеуге мәжбүрлеу бойынша тиімсіз шара болып табылады.	ҚРӘҚБтК-ге түзету немесе қоғамдық жұмыстар түрінде жаңа санкциялар енгізуді ұсынамыз.	ҚРӘҚБтК 669-бабы бойынша айыппұл төлеу туралы сот шешімінің орындалмағаны үшін тағы да 10 АЕК айыппұл салынады, ал борышкер бірінші айыппұлды төлей алмай отыр, әрине кейінгі айыппұлдарды да төлемейді. Осыған байланысты айыппұлдардың өзге түрлерін салу керек. 1984 жылғы Қаз КСР ӘҚБК-де түзету жұмыстары түрінде санкция болған.
44	ЖПҚ қызметкерлерінің жеткіліксіз кәсіптік әлеуеті.	ҚР ІІМ Қостанай академиясының жоғары білімнен кейінгі білімнің оқу жоспарына ЖПҚ басшылары үшін жоғары аттестациялық курстарды және УПИ қызметі мен ӘЗҚБ үшін біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізу. ҚР ІІМ 2013 жылғы № 713 бұйрығында ІІО қызметкерлерінің тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілеріне әрекет ету тәртібі бойынша ЖПҚ қызметкерлері іс-қимылының алгоритмін түсіндіру.	ЖПҚ басшыларының кәсіптік әлеуетін арттыру мақсатында Шырақбек Қабылбаев ат. ҚР ІІМ Қостанай академиясына біліктілік арыттыру курстарына тұрақты түрде (2 жылда 1 рет) жіберу керек, онда әкімшілік-құқықтық мамандандыру мамандарын даярлау жүзеге асырылады. Әрі қарай басшылар алған білімін өз қарамағындағы қызметкерлерге беруі тиіс.
45	Қорғау нұсқамасын шығару кезінде Алматы қ. прокуратурасы УПИ-ден тұрмыстық жәбірлеушінің саусақ таңбаларын алуды талап етеді. Прокуратураның қорғау нұсқамасы туралы хабарлау процесі санкциялау процесінен ешқандай ерекшеленбейді.	«Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған, қылмыстық жауапкершілікке тартылатын тұлғалардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғалардың есебін және ұсталғандардың, қамауға алынған және сотталған адамдардың дактилоскопиялық есебін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 68 бұйрығын түсіндіру.	Бірде-бір нормативтік-құқықтық актіде оларға қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған тұлғаларға қатысты саусақ таңбасын алу тәртібі көзделмеген.

3-тарау. Мониторинг ұсынымдары

Осы тарауда мазмұндалған қорытындылар ІІО ЖПҚ қызметінің құқықтық негіздерін тексеру, олардың құзыретін талдау және жергілікті полиция қызметкерлері қолданатын тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын зерттеу, сондай-ақ сауалнама нәтижелерін қорытындылау негізінде алынды. Сұхбат нәтижелерінің қорытындылары, негіздемелері мен ұсынымдары осы мониторингтің 2.2-бөлімінде мазмұндалған.

Біздің ұсынымдарымен ұлттық заңнаманы жетілдіру мақсатында ғана емес, сонымен қатар ғылымда, ЖПҚ-ның және Қазақстан Республикасының өзге де құқық қорғау органдарының құқық қолдану қызметінде, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының өзге де субъектілерінің қызметінде пайдаланылуы мүмкін.

Қоғамдық мониторинг нәтижелерінің практикалық мәні мынада: жаңа заңнамалық актілерді әзірлеу және қолданыстағы заңнамалық және тұрмыстық құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу аясындағы құқықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерін жетілдіру; профилактика субъектілерін және қоғамдық осы проблеманы шешуге оңтайлы, әрі тиімді қатыстыру және олардың құқықтық мәртебесіне түзетулер енгізу жөнінде ұсыныстар тұжырымдалды.

Зерттеу нәтижелерінің қолданбалы мәні мынада: олар ҚР ІІО ЖПҚ, ең алдымен, қоғамдық тәртіпті және азаматтардың тұрмыс аясындағы ықтимал құқыққа қарсы әрекеттерден жеке қауіпсіздігін тікелей, әрі күнделікті қамтамасыз ету үшін учаскелік полиция инспекторларының профилактикалық қызметін ұйымдастыруды және оның жүзеге асыру тиімділігін арттыруға бағдарланған.

ІІО ЖПҚ тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша құзыретін зерттеу әр түрлі құқық бұзушылықтың профилактикасы туралы мамандандырылған заңдарда мазмұндалған ІІО құзыретін салыстырмалы талдау негізінде жүргізілді. Осыған байланысты келесі ұсынымдар негізделді:

- 1) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 10-бабын «ҚР заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады» редакциясымен жаңа 18-тармақпен толықтыру, осы баптың 2-тармағын алып тастау;
- 2) ІІО тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу қызметінде дербес профилактика шараларымен қатар «Құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы» ҚР Заңында көзделген тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының арнайы және дербес шараларын қолдануы тиіс. Біздің пікірімізше, мұндай заңды ереже «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2014 жылғы 9 шілдедегі № 591 ҚР Заңында болуы тиіс;

3) ІІО ЖПҚ құқық бұзушылық профилактикасы шараларымен қоса «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 21-бабында санамалап көрсетілген құқық бұзушылық профилактикасының жалпы шараларын жүзеге асыруы тиіс;

4) «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР жаңа кешенді Заңын, сондай-ақ мамандандырылған заңдарды біріктіре отырып, оған ілеспе ҚР Заңын дайындауға және қабылдауға бастама жасау керек:

– Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы. ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы;

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы. ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-ІV ҚРЗ Заңы;

– Құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы. ҚР 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-ІV ҚРЗ Заңы;

– Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы. ҚР 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2184 Заңы.

5) сәйкесінше, «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР жаңа кешенді заңы қабылданған жағдайда, ҚР ІІМ-нің осы заңды іске асыру туралы мамандандырылған ведомстволық құқықтық актісін және құқықбұзушылықтың жеке профилактика шараларын жүзеге асыру бойынша бірыңғай қызметтік іс жүргізу туралы қосымшаны әзірлеу керек;

6) азаматтардың өтініштерін шешудің құқықтық негіздері түрлі ведомстволық құқықтық актілерде мазмұндалған, бірақ олардың барлығы шашыраңқы орналасқан, бұл оларды практикада қолдануды қиындатады. ІІО бөлімшелерінің азаматтардың арыздары мен өтініштерін қабылдау және шешу бойынша барлық іс-шаралар кешенін реттейтін ҚР ІІМ кешенді нұсқаулығын әзірлеу керек;

7) тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына бар, оларға көмек көрсету және денсаулық сақтау ұйымына өтініш білдіру ІІО жолдамасы болған кезде де тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының міндеті емес, құқығы болып қалуы тиіс;

8) ҚР заңдарында ІІО ғана емес, барлық профилактика субъектілеріне профилактикалық әңгіме жүргізу құзыреті берілген. Осыған байланысты «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 10-бабы 8-т. алып тастау туралы қорытынды дәлелді. Осы проблема шешімінің екінші нұсқасы «Құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы» ҚР Заңынан басқа, ҚР барлық заңдарынан профилактикалық әңгімелесу жүргізу тәртібін көздейтін нормаларды алып тастаумен тұжырымдалады.

- 9) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 10-бабы 9-т. 12-т.-мен біріктіру керек, өйткені тұрмыстық жәбірлеушіні жеткізусіз оны ұстау мүмкін емес. Проблеманы шешудің екінші нұсқасы Заңнан осы 9 және 12-тармақтарды алып тастау болуы мүмкін, өйткені бұл тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы процесіне ешқандай ықпал етпейді. Жеткізу және ұстау құзыреттері «Ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңында және ҚРӘҚБтК көзделген.
- 10) «Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті полиция қызметінің бастығы ІІО бастығының орынбасары болып табылады және оның құқық бұзушыға әкімшілік-құқықтық ықпал ету құралдарын қолдану бойынша артық юрисдикциялық өкілеті болмауы тиіс. Сондықтан, ІІО бастығына отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты қорғау нұсқамасын шығару өкілеттігі берілуі тиіс;
- 11) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 20-бабының бірінші бөлігінде соңғы сөйлемді: «Қол қоюдан бас тартқан жағдайда, қорғау нұсқамасында бұл туралы жазба жасалады» алып тастау керек, өйткені бұл жоғарыда айтылған «..негіздемелер болмаған кезде.» тіркесіне қайшы келеді. Тұрмыстық жәбірлеушінің қорғау нұсқамасына қол қоюдан бас тартуы қорғау нұсқамасының орнына ұстауға негіздеме болып табылады, өйткені тұрмыстық жәбірлеушінің өзі қорғау нұсқамасында мазмұндалған, оның мінез-құлқына белгіленген құқықтық тыйымдарды орындамайтынын жария түрде білдіреді;
- 12) ІІО қызметкерлері тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ықтимал құрбанының арызынсыз құқық бұзушылық фактісі басталғанға дейін қорғау нұсқамасын шығара алады, бұл «тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбанының пікірін ескеру» әрекетін қайшы келеді. Осыған байланысты «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 20-бабының бірінші бөлігінен «жәбірленушінің пікірін ескере отырып» сөздерін алып тастауды ұсынамыз;
- 13) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 10-бабы 11-тармағын алып тастау керек. 18.02.2014 № 175 ҚР Заңында прокуратураның қорғау нұсқамасының мерзімін ұзарту өкілеттігін болдырмайтын, қорғау нұсқамасын шығарудың жаңа тәртібі енгізілді;
- 14) 18.02.2014 № 175 ҚР Заңында 54-бабының 1-бөлігі өзгертілді, бұрын ІІО ғана құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптарды белгілеу туралы сот алдында өтініш білдіре алатын. Осыған байланысты, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 10-б. 13-т. редакциясы ескірді деген қорытынды дәлелденді және оның болуы қағидатты емес;
- 15) «Құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы» ҚР Заңының 27-бабын және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 22-бабын осында шара ҚРӘҚБтК көзделген тәртіппен қолданылады деген сілтеме қалдырып, алып тастауға болады. Осы баптардың мазмұны өзгешеленеді, ал оларға өзгерістер мен толықтырулар әрқашан қатар енгізіле бермейді, бұл ІІО құқық қолдану практикасында түрлі қиындықтар туғызуы мүмкін;
- 16) Пробация қызметінде тұрмыс аясында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған көптеген азаматтар есепте тұр, сондықтан пробация қызметі құқық бұзушылық, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектісі болуы тиіс. Осыған байланысты «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 10-бабы 14-тармағын «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 7-бабы 9-тармағына ұқсас мазмұндауды ұсынамыз: «қылмыстық қудалауды, пробациялық бақылауды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады». Біздің пікірімізше, екінші, анағұрлым дұрыс нұсқа 14-тармақты алып тастау болып табылады, өйткені «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңындағы құқықтық регламенттелуі жеткілікті;
- 17) ҚР бүкіл аумағында кодификацияланған заңнаманы бірдей қолдану мақсатында ҚР ІІМ бұйрығымен ІІО ЖПҚ қызметінде пайдаланылатын құжаттардың үлгілерін бекіту керек;
- 18) процессуалдық мәжбүрлеу шаралары құқық бұзушылық профилактикасы шаралары емес, қылмыстық-процессуалдық мәжбүрлеу шаралары болып табылады және ҚР ҚПК 4-тарауында регламенттелген. Осыған байланысты «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 15, 16-тармақтарын және 23-бабын алып тастау негізделген;
- 19) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 10-бабы 17-тармағы болуы қағидатты емес, өйткені «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 7-бабы 10-тармағында осыған ұқсас құзырет бар. Егер ішкі істер органдары өзге ұйымдардың және халықтың арасында тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша курстарды және басқа да оқыту іс-шараларын ұйымдастырған жағдайда, мұндай функцияны Заңда бекіту орынды болар еді;
- 20) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 3-тарауы «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңын қайталамауы тиіс, тек қана кейбір ерекшеліктерін белгілеуі тиіс. Кері жағдайда, толық қайталау кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шараларын белгілеу қажеттілігінің мәні жоқ;

- 21) «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңы 19-3 бабының және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 19-бабының мазмұны профилактикалық әңгімелесуді жүзеге асыру тетігі бойынша «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 25-бабының ережелерінен принципіалдық айырмашылықтары жоқ. Сондықтан, барлық заңда осы жеке профилактика шараның ұғымы мен жүргізілу тәртібін түсіндірудің қажеті жоқ деп санаймыз. Осылайша салыстырылып отырған заңдардың жоғарыда көрсетілген 19-3 және 19-баптарын алып тастау керек;
- 22) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 17-бабы 2-тармағын алып тастау керек. Жеткізу ұғымы, себебі, мерзімі және оның жүзеге асыру тетігі мәртебесі бойынша жоғары заңда (ҚРӘҚБТК) регламенттелген, сондықтан өзге заңдарда жеткізуді қолдану тәртібін қайталаудың қажеті жоқ;
- 23) ҚР ІО ЖПҚ қызметкерлері қорғау нұсқамасын тұрмыстық жәбірлеушіні жеткізуді және ұстауды қолданбастан шығаруы тиіс. Осыған байланысты «Іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы қолданудың кейбір басқа мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2012 жылғы 9 сәуірдегі №1 Нормативтік Қаулысында тиісті түсінік беру немесе ҚРӘҚБТК 789-бабына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек;
- 24) тұрмыс аясында, атап айтқанда ҚРӘҚБТК 73, 73-1, 73-2 және 461-б. бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды ІО әкімшілік жеткізуді қарастырып, ҚРӘҚБТК 788-б. түзетулер енгізу керек;
- 25) қорғау нұсқамасының тыйымдары психологиялық (эмоциялық) зорлық-зомбылық көрсету мақсатынсыз ауызша және телефонмен сөйлесуге қолданылмайды. Мысалы, тұрмыстық жәбірлеуші телефонмен үйге келуге және жеке заттарын алып кетуге рұқсат сұрады;
- 26) қорғау нұсқамасы дәлелді себептермен, мысалы, тараптардың ортақ баласы ауырған жағдайда, байланысты жоққа шығармауы тиіс. Осыған ұқсас жағдайлар алдын ала ескерілуі және қорғау нұсқамасы туралы шешімде назарға алынуы тиіс. Мысалы, баламен кездесуге немесе мүлікті бөлуге байланысты жолығу әлеуметтік қызметкерлердің немесе өзге де үшінші тұлғалардың қатысуымен белгіленуі мүмкін;
- 27) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 20-бабы 1-бөлігінде «жәбірленушінің пікірін ескере отырып» сөздері ІО қызметкерлерінің қорғау нұсқамасын шығару бойынша түпкілікті шешім қабылдауын жоққа шығаруға тиіс емес екендігі айтылуы керек. Егер тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жалғаспайтынына немесе тұрмыстық зорлық-зомбылықтың анағұрлым ауыр түрлерінің ушығуы болмайтындығына сенімділік болмаса, онда қорғау нұсқамасы ІО қызметкерінің қарауынша қолданылуы тиіс;
- 28) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 21-бабы 1-б. 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған ҚРӘҚБТК бұрын болған әкімшілік ұстаудың ескірген және қате ұғымы берілген. Әкімшілік ұстау – бұл қысқа мерзімге бостандықтан айыру емес, бұл бостандықты шектеу. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 21-б. әкімшілік ұстауды қолдануда ешқандай ерекшелік жоқ, бұл заңда осы баптың болуы маңызды емес дегенді білдіреді;
- 29) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 17-бабы 5-т. медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың ешқандай ерекшеліктері көзделмеген және «Құқық бұзушылық туралы» ҚР Заңын қайталаудың мәні жоқ;
- 30) ҚРӘҚБТК 54-бабының 1-бөлігіне құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу түрінде жеке профилактика шараларын қолдану мерзімінің төменгі шегін көрсетпей, өзгерістер енгізу керектігі негізделді;
- 31) ҚРӘҚБТК 54-бабы мониторингте салыстырылып отырған ұқсас заң нормаларының алдында мәртебесі бойынша жоғары болып табылады. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 3 және 4-бөлімі ҚРӘҚБТК 54-б. ережелерін ішінара қайталайды. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 22-бабында тұрмыстық жәбірлеушінің мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптарды қолдану тетігі бойынша ешқандай ерекшелік жоқ, сондықтан бұл норманың болуы маңызды емес;
- 32) Әкімшілік жазалау шараларын қолданудың құқықтық негіздері «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында көзделген, сондықтан осы жеке профилактика шарасын «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 17-бабы 7-тармағында қайталаудың қажеті жоқ. Осыған ұқсас қорытындылар «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңы үшін де негізделді;
- 33) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 17-бабы 8-тармағы нөмірі және мазмұны бойынша «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңымен толық сәйкес келеді және «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңында жоқ, бұл мүлде қисынды емес. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 17-бабы 8-тармағында тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы

касының осы шарасын қолдану тетігі бойынша ешқандай ерекшелік жоқ, сондықтан бұл норманың болуы маңызды емес;

34) құқық бұзушылық, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шараларын қолдануды құқықтық реттеудің өзге де проблемалары мен кемшіліктерін белгілеу керек:

– «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 19 – 23 баптары 17-б. 2-тармағында көрсетілген шараларды нақтылауға арналған. Алайда, сот үкімі бойынша қолданылатын ішкі істер органдарына жеткізу, әкімшілік жазалау, ата-ана құқығынан айыру және шектеу сияқты шаралар сілтеме түрінде де көрсетілмеген;

– «Құқықтық құқық бұзушылық туралы» ҚР Заңынан кейбір жеке профилактика шараларын мағынасыз қайталауды қоспағанда, 17-баптың 3 және 4-тармақтары Құқық бұзушылық профилактикасы туралы Заңның 23-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес келеді, бұның да мәні жоқ;

– тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы шаралары жеке шаралармен ғана берілгеніне назар аударған жөн. Заңда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа итермелейтін әлеуметтік құбылыстар мен процестерді анықтаумен тұжырымдалатын жалпы және арнайы профилактика шаралары ашып көрсетілмеген;

– «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында, сол сияқты салыстырылып отырған заңдарда тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасын ұғымын анықтау кезінде, бұл құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шараларының кешені деп көрсетілген. Өз кезегінде, Заңда қандай да бір экономикалық, әлеуметтік және профилактикаға бағытталған өзге де шаралар жоқ. Осылайша, терминдерді тұжырымдау кезінде Заң профилактикалық шаралардың кең ауқымын қамтуға ұмтылады. Алайда, субъектілерге профилактикалық қызметті тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін нормалар жоқ;

– салыстырылып отырған ҚР Заңдарында жеке профилактика шараларына «профилактикалық есепке алу және бақылау» жатқызылған (5 және 3-т.) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында осы шараның болмауын жақсы жағы деп қабылдау керек. Бірақ осы шаралардың «Кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» ҚР Заңында болуы ештеңемен негізделмеген, бұл «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңын қайталау болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:


1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Елбасы – Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 15 желтоқсан.
2. Ұлт жоспары – 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «5 институционалдық реформа бойынша 100 қадам» бағдарламасы.
3. Әбішева Х.А., Ахметқалиева Н.М., Байсақов З.М., Дүйсенова А.Е., Нұрмұханова Ж.Б., Орлова А.Г., Усачева Н.А. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қолданылу мониторингі. Алматы – 2011. - 124б.
4. Гладырь Н.С., Карстен Е.Э., Корнейчук С.В., Юрченко Р.Н. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының іске асырылуы. //Адам құқықтары жөніндегі есеп. – Алматы, 2011. -154б.
5. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығы
6. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы №214 Заңы.
7. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығы.
8. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы (бірінші кезең 2017 – 2019 жылдар). Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 3 наурыздағы №106 Қаулысы.
9. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №314 Заңы
10. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі №231 Кодексі.
11. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 3 шілдедегі №84 Заңы.
12. ҚР Конституциясы: 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.
13. Соттардың Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Жалпы бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы. / Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №12 Нормативтік қаулысы.
14. Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі №199-V Заңы.
15. Құқық бұзушылық профилактикасы туралы. ҚР 2010 жылғы 29 сәуірдегі №271-IV Заңы
16. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы. ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңы.
17. Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы. ҚР 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №114-IV Заңы
18. Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі №630, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі №399 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы №240 бірлескен бұйрығы.
19. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 21 желтоқсандағы №1079 бұйрығы.
20. ІО профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қағиданы бекіту туралы. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №432 бұйрығы
21. Азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы туралы. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №590 Заңы
22. Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесін, олардың нысандары мен түрлерін бекіту туралы. ҚР ІІМ 2004 жылғы 27 қарашадағы N 641 бұйрығы.
23. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы. ҚР Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 30 қаңтардағы №89 бұйрығы.
24. Учаскелік полиция пунктіннің жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйым-

- дастыру қағидаларын бекіту туралы. ҚР ІІМ 29.12.2015 ж. №1095 бұйрығы
25. Ішкі істер органдарының кәметке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. ҚР ІІМ 29.12.2015 ж. №1098 бұйрығы.
 26. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы №713 бұйрығы;
 27. Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №89 Бұйрығы.
 28. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат проблемалары жөніндегі кеңес туралы. / ҚР СААП, 1995, №8, 85-б. (22.12.98 ж. №4176 күшін жойды).
 29. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия туралы. ҚР Президентінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы №4176 Жарлығы (1.02.2006 жылы №56 жарлықпен күші жойылды).
 30. Қазақстан Республикасында Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспары туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 шілдедегі №999 Қаулысы.
 31. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары бөлімшелерінің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық белгілерімен күресу жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы. ҚР ІІМ 26.10.1999 ж. №535 бұйрығы (ІІМ 2015 ж. №1098 бұйрығымен күші жойылған).
 32. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 мамырдағы №47 Заңы.
 33. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау шаралары туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қыркүйектегі №1345 Қаулысы.
 34. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің өзара ықпалдастығын ұйымдастыру туралы. ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 12 наурыздағы №346 Қаулысы.
 35. Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы.
 36. Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1677 Жарлығы.
 37. Облыс (Астана және Алматы қалалары) әкімдігі жанындағы отбасы және гендерлік саясат істері жөніндегі комиссия туралы үлгілік ереже. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы №194 Қаулысы.
 38. Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы.
 39. Кәметке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусым N 789 қаулысы.
 40. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы N 56 Жарлығы.
 41. Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы №7 Қаулысы.
 42. Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы №223 Заңы.
 43. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі.
 44. Іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы. Жоғарғы Соттың 2012 жылғы 9 сәуірдегі №1 Нормативтік Қаулысы.
 45. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесімен сәйкестендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі №124 Заңы.
 46. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік органдардың құзыретін заңнамалық және (немесе) заңға тәуелді деңгейде бекіту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 13.01.2014ж. №159 Заңы.
 47. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. ҚР 18.02.2014 №175 Заңы.
 48. Құқықтық актілер туралы. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480 Заңы.
 49. Заң күші бар нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу қағидаларын бекіту


- туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы №569 Қаулысы.
50. Пробация қызметінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы №511 бұйрығы.
51. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 Заңы.
52. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193 Кодексі.
53. Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2184 Заңы.
54. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы №398 Қаулысы.

Қосымшалар


Анкеталауға қатысқан ЖПҚ қызметкерлерінің өтілі




Өздеріне қатысты ҚР ҚПК-нің «Жақындауға тыйым салу» 165-бабы бойынша шектеу қойылған адамдарды профилактикалық есепке қойған жөн бе?




Отбасында жанжал шығарушылардың өзге тұрғын-жайы болмағанда сотқа оларды тұрғылықты жерінен уақытша шығарып жіберу өкілеттігін берген жөн бе?




Отбасында жанжал шығарушылардың өзге тұрғын-жайы болмағанда ішкі істер органдарына оларды тұрғылықты жерінен уақытша шығарып жіберу өкілеттігін берген жөн бе?




Жүйелі құқық бұзушылықтар үшін азаматтарды ҚРӘҚтК 73-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартқан жөн бе? (әкімшілік преюдиция қағидаты)




Өз өңіріңіздегі тұрмыстық зорлық-зомбылық субъектілерінің ведомствоаралық өзара іс-қимылының деңгейін Сіз қалай бағалайсыз?




Жүйеленген жаңа заңнама қолданысқа енгізілгеннен кейін ішкі істер органдарының құқық қолдану практикасында проблемалар бар ма?




Татуластыру рәсімдері тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы процесіне кедергі болып табылады ма?




Кәмелетке толмаған балалардың көзінше құқық бұзушылық жасалуының заңды фактісі болуы керек пе?




Тұрмыс саласындағы жанжалдасушы тараптардың байланыстарын қалайша болдырмаған жөн?




Түсік жасатуға немесе стерилизация жасауға мәжбүрлегені үшін заңды жауапкершілік керек пе?




Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімше қызметкерлеріне өз беттерінше қорғау нұсқамасын шығару өкілеттігін берген жөн бе?




Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелердің штаттық саны қандай болуы керек?



Учаскелік полиция инспекторының көп функциялық сипаты тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы процесіне әсер етеді ме?



ИО ЖПҚ-ның кәсіби әлеуетін қалай күшейтуге болады?



Қазақстан Республикасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және профилактикасы саласындағы заңнамаға және жергілікті полиция қызметінің құқық қолдану практикасына қоғамдық мониторинг туралы

ЕСЕП

Корнейчук С.В., Гладырь Н.С.

21.11.2017ж. басуға қол қойылған күні.
Гарнитурасы «Segoe UI». Офсеттік басылым. 115 гр. жылтыр офсеттік қағаз.
Таралымы 500 дана.
Беттелді және басылды «InDesign studio» ЖШС.